

ҰЛАҒАТ

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылымы. Журнал екі айда бір рет 1994 жылдың шілде айынан бастап шығады.

МАМЫР

3

МАЙ

МАУСЫМ

2012

ИЮНЬ

Республиканское научно-психологическое и педагогическое издание товарищества с ограниченной ответственностью «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат». Журнал выходит один раз в два месяца с июля 1994 года.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Зейнеп АХМЕТОВА, Бөлек АМАНБАЕВА, Мұзафар ӘЛІМБАЕВ, Өмірхан ӘБДИМАНОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Қалдыбек БӨЛЕЕВ, Құбызұл ЖАРЫҚБАЕВ, Сергазы ҚАЛИЕВ, Жұмағали НАУРЫЗБАЕВ, Жарылқасын НҰСҚАБАЕВ, Жәмила НАМАЗБАЕВА, Сақыпжамал ҰЗАҚБАЕВА.

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Ғылым ғаламында

Мөлдiр ЕРБОЛАТҚЫЗЫ.	Колөнер ойыншықтарын математикалық үйлестiкте қарастыру.....	3
Сағира ОДАНОВА, Райхан АБИШОВА.	СМС (ҚХҚ) - хабарламаларындағы үнем заңының көрiнiсi.....	9

Педагог пайымы

Бектас ҒАНИҰЛЫ, Айнұр БАҚЫТБЕКҚЫЗЫ.	Мектеп информатикасының бейiндi курсында компьютерлiк графиканы оқытудың қажеттiлiгi.....	15
Рахима СӘКЕНОВА.	Сөз мәдениетi сабағында оқушылардың лингвистикалық дүниетанымын қалыптастырудың психологиялық негiздерi.....	22
Анар ИКРАМОВА.	Қазақстанда экологиялық тәрбие берудiң дамуы.....	31
Гүлжиян ДЖОНИСОВА.	Болашақ бастауыш сынып мұғалiмдерiн оқушылардың ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыруға даярлау.....	37

В мире педагогики

Раушан КАМЕТОВА.	Сюжет и композиция в лирических циклах Н.Черновой.....	43
------------------	--	----

Өнер өлкесінде

Аягөз НҮРСҰЛТАНОВА.	Ақбаланың күйлерi.....	46
Самат МӘЛiМБАЙ.	Қазақтың саз аспаптары.....	53
Ләтипа ЖҮКЕНҚЫЗЫ.	Интервалдар.....	59
Қорлан МӘУЛӘБИҚЫЗЫ.	Легатомен ойнау.....	63

Жас ғалымдар отауы

Гүлзат САҒЫНДЫҚОВА.	Оңтүстiк өңiрi диалект сөздерiнiң лингвопоэтикалық сипаты.....	66
---------------------	--	----

Тәлім-тәрбие қырлары

Мергүл СЕКЕНҚЫЗЫ.	Музыка - тәлім-тәрбие берудiң басты құралы.....	74
Гүлзада АСҚАРБЕКОВА.	Жеке тұлғаны қалыптастыру әдiстерi.....	77
Гүлдарига КЕНЖЕБАЕВА.	Ұлттық тәрбиенiң қайнар көзi - ұлттық құндылықтарымыз.....	79

Педагогикалық әдістеме: озық тәжірибе

Алма ҚАЛИБЕКҚЫЗЫ.	Логикалық сипаттағы тапсырмаларды апробациялық зерттеуден өткізу.....	87
Тұрсынқұл ЖОЛДАСОВА.	Тұйық егiстiктiң сөйлемдегi қызметi.....	93
Мәрия МАРАТҚЫЗЫ.	М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы.....	97
Анар АЛМАБЕКОВА.	Қазақ суретшiлерi.....	101
Панар СЕЙДАЛЫҚЫЗЫ.	Грамматикалық жаттығулар, олардың түрлерi.....	106
Үмiт АБЫЛҒАЗЫҚЫЗЫ.	Күзгi өзгерiстер.....	113

Жас маманға жәрдем

Раиса ҚАЗАТАЙҚЫЗЫ.	Құрманғазы күйлерiнiң шығу тарихы.....	116
Нұрлыгүл СИСЕНҒАЛИҚЫЗЫ.	Ғабит Мүсiрепов шығармаларындағы аналар бейнесi.....	120

Сыныптан тыс тәлім

Айнұр ТӨЛЕУХАНҚЫЗЫ, Ләззат ӘЛiМЖАНҚЫЗЫ.	Жауынгер, батыр, жазушы.....	124
Гүлнар КЕНДiРБЕКҚЫЗЫ.	Қош бол, құтты әлiппем!.....	130

Балабақша бағында

Айм САРСЕНБАЕВА.	Достық әлемi.....	132
Дәмеш ТОҒАЙБАЕВА.	Жан ана.....	135

Ел тұлғасы - қайраткер ғалым

Эльмира АБДРАМАНОВА.	Өзбекәлі Жәнібектің ұлттық идеологиялық ойлары мен ұсыныстары.....	140
----------------------	--	-----

ҚОЛӨНЕР ОЙЫНШЫҚТАРЫН МАТЕМАТИКАЛЫҚ ҮЙЛЕСТІКТЕ ҚАРАСТЫРУ

Әр халықтың өмірімен, тұрмысымен бірге дамып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған қолөнер туындысы – ежелден келе жатқан кәсіп. Қолөнер шеберлері: жапырақ, гүл, өсімдік, ай мен күн сияқты табиғаттың әсем көріністерін, ромб, үшбұрыш, төртбұрыш, нүкте, шеңбер тәрізді геометриялық фигураларды қолөнер бұйымдарында жиі қолданған.

Сондай қолөнердің бір түрі – қолдан жасалынатын сан алуан, түрлі-түсті ойыншықтар. Бүгінде олардың түрлері көп. Олар балшық пен ағаштан, сабан және қайың қабығынан, қамырдан және ұсақ моншақ сияқты әр түрлі материалдан жасалынған. Сол сияқты, әр елде жасалынатын ойыншық-тұмарлар және күлкілі ойыншықтардың да түрлері көп. Ағаш және балшықтан, сабан мен шүберектен, қайың қабығынан және шыбықтан жасалған әр түрлі дыбыс шығаратын (ысқыратын, шиқылдайтын, сусылдайтын және тоқылдайтын) ойыншықтар. Баланы ойыншықтардың дыбысы, қимылы, пішіні, бояуы, өрнегі қызықтыратыны рас. Демек, балаға арнап жасалған мұндай ойыншықтарды адамдарға сүйіспеншілік пен мейірімділік дарытатын шебер қолдармен жасалған халық шығармашылығының нәтижесі десе болады.

Баланың жасына байланысты шығарылған ең алғашқы ойыншықтар – сылдырмақтар: піскен көкнәр бұршігі мен бұршақ қабығы – сылдырмақтар патриархы. Ертегідегі балшықтан жасалған қуыс қуыршақ-сылдырмақтарды алатын болсақ, олардың жасалуы оңай: заттың екі бөлігіне керамикалық шарлар немесе тастар салынады да, тігісі тегістеледі. Сылдырмақтың дыбысын тыңдай отырып, бала әр түрлі қимыл жасайды және көптеген интенсивті шу шығарады. Мұндай сылдырмақтардың атаулары да әр түрлі болып келеді: шаркун, шаркунок, шылдырмақ, грематушка. Атаулары құралдардан шығатын дыбысқа байланысты берілген. Шар, жұмыртқа, алмұрт, бұршақ, цилиндр, т.б. әр түрлі пішінде болады.

Әсем бейнелі, өлшемді және үйлесімді ойыншықтар баланың түйсігін қалыптастыруға септігін тигізеді. Үстел үстінде, тақтада, табақта, сәкіде, комод үстінде белгілі бір қатаң тәртіп бойынша қойылатын ойыншықтар, мысалы, үйректер, құстар, балықтар, құмыраларды қолдана отырып, баланы санауға, тәртіппен қатарластыра отырып тізуге үйрету мақсатында қолданыс тапты емес пе? Сонымен қатар, балшықтан жасалған аттар, маралдар, тауешкілер, сиқырлы құстар, қыш құмыралар, жайпақ табақтар, мысықтар, күшіктер, аюлар, қара балшықтан жасалған тостағандар, ащы қамырдан жасалған жануарлар және т.б. осы сияқты халық ойыншықтары да бала тәрбиесін жетілдіруде пайдаланылды. Аттың жалын, аюдың терісін, құстардың қанатын жасауда жұмсақ, жарылған, боялмаған ағаштар қолданылды. Шебер қолынан шыққан шаруа, шенеунік, саудагер, ханым және гусар, әртіс және қаңғыбас музыканттар, аю, құстар – осылардың бәрінің өзіндік ерекше құндылығы бар.

Дегенмен, ойыншықтар тек қана мәдениет мұрасы, мұражай экспонаты немесе безендіру үшін қолданылатын сувенир емес. Пішіндері әр түрлі болғанымен, қолайлы да ықшамды ойыншықтар кез келген баланы қуантып немесе таңқалдырып қана қоймай, ең маңыздысы – баланың түйсігін оятып, өмірге деген көзқарасын қалыптастырып, тіптен, болашақта ғылыммен айналысуына ықпал ете алады.

Табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар бала өмірінің алғашқы күндерінен бастап-ақ табиғатпен таныстырып, дүниеге деген шығармашылық көзқарасын қалыптастырады. Сонымен қатар, ең бастысы, баланы абстрактылы математикалық бейнелер мен көріністер дүниесінен хабардар етеді. Мысалы, математикалық білім жүйесінің негізіне және арифметикалық шамалау түсініктемесіне көптік элементтер, көпті біріктіру, толықтыру әрекеттері жатады. Дегенмен, баланы заттың көптігі емес, оның дыбысы, қимылы, формасы, түр-түсі, ою-өрнектерінің реттілігі қызықтырады емес пе?

Сондықтан, жиынтық ойыншықтарды бөлшектеп, дәл сондай қалыпта қайта жинастырып шығу бала үшін, бір жағынан – қызық, бір жағынан – үлкен жұмыс. Ал, мұндай ойыншықтар – скульптуралық композиция болып табылады. Дәл осындай композиция жәрмеңкелік самауыр, бәліш, құймақ, қалаш, әткеншек қойылған сатушы сөрелері сияқты жинақталған ойыншықтар жасау барысында да қолданылады. Ал, “балғамен төс соғып тұрған ұста”, “жем жеп тұрған кішкене тауықтар” және сол сияқты ойыншықтарды алатын болсақ, біртаяқшаны басқасына тигізе отырып, бала ритмикалық қозғалыстар жасайды. Сонымен қатар, бұл ойыншықтар баланың есептеу қабілетін қалыптастыруға көмектеседі.

Мұндай ойыншықтардың қатарына дөңгелекте қанаттарын қағып тұрған көбелектерді, жоңқадан жасалған ұзын резеңкелі шарларды жатқызуға болады. Ол шарлар баланың әдеттегіден басқа пішіндегі денелермен танысуына себеп болады, ал көбелектердің симметриялы бүктелетін қанаты, олардың қиылысу барысында дәл келуін қалыптастырады және сұлулық туралы түсінік береді.

Осыдан кейін бала ақырындап ойыншықтардың түрлерін санауды үйренеді. Ыдыспен суды, бір салыммен тұзды, уыстап ұнды, қасықпен майды өлшейді. Жиынтықты элементтердің санына қарай салыстырады, жиынтықты біріктіреді, элементтерін қайта санайды, осылайша “сандарды қосу” деген ұғым пайда болады. Балалар бақшасының бар арифметикасында аталар мен әкелер немесе халық шеберлері жасаған ойыншықтармен ойын ұйымдастыру арқылы іске асады емес пе? Мысалы, осынша үйректі қатарынан қой, тағы бір үйректі қосып сана, қанша үйрек болды? Оған тағы бір әтешті қос, барлығы қанша ойыншық болды? Қанша үйрекке артық немесе кем болды және т.б. деген сияқты арифметикалық амалдарды орындау барысында ойыншықтарды пайдалану – баланың түйсігін жетілдіру барысында қолданылатын таптырмас амал.

Тағы бір мысал, әжелер тосап қайнатарда балаларға қарақаттың бас жағындағы шөбін жұлып тастауды үйретеді. Тазаланған бір стақан бүлдірген үшін бір тал бүлдірген балаға сыйлыққа беріледі. Осылайша әжелеріміз балаға еңбекақы мен бірігіп шаруа бітіру дегеннің не екенін тереңірек түсіндіруге тырысқан. Содан кейінгі санау принципі ондықпен, жүздікпен, мыңдықпен оңай жалғаса береді. Дәл осылай есептеп шығару әдісі “жауынгер болып” ойнауда қолданылады.

Оларды орын-орнына қоя отырып, бала әскери тәртіпте қалыптасудың әр кезеңімен бірте-бірте таныса бастайды.

Басқа да дәстүрлі халық ойыншықтарының өзіндік математикалық мағынасы бар. Әлемге белгілі матрешкалар, жаңа ғылым көзқарасы бойынша ұқсастықты бейнелейді. Балалар бақшасында матрешкалар дөңгелектер жиынтығының пирамидасы сияқты, жиынтық элементтерін өлшем бойынша айыра біліп, бір қатарға жинауға көмектеседі. Орыс халқының “Ванька-встанька” және “Неваляшка” ойыншықтары орнықтылықтың не екенін білдіреді. Әр түрлі сурет үзінділері бар ағаш кубиктерді сәйкестікпен құрастыра отырып, бала толық бір көрініс беретін сурет құрастырып шығарады (кішкене аңдар, тостағандар, ертегі кейіпкерлерін).

Халық қолөнер шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдар мен ойыншықтар геометриялық пішін, сандар, рет, қатар туралы түсінікті қалыптастыра отырып, жазықтық пен кеңістікке бейімделуді үйретеді (ұсақ-түйек ойыншықтарды бала үстел үстіне қатарлап қойғанда, садақпен атқан кезде). Түсінік деген ұғымды игеруде шеберлер геометриялық фигуралар мен олардың элементтерін қиылыстыра отырып тігіп, моншақтармен өрнектей кестелеу өнерін қолданған.

Халық қолөнер туындысының тағы бір түрі, апа-әжелеріміздің қолынан шыққан, өзіндік симметриясы сақтала отырып әдемі өрнектеліп тоқыған шілтерлерді — нағыз сұлулық поэмасы деп айтуға болады. Олар тіккен әдемі қиық көрпелер, ою-өрнек сала отырып тігілген төр көрпелердің де қиықтары геометриялық фигуралар негізінде құрастырылған. Сол сияқты, әйелдер киімін кестелеп тігуде де геометриялық

пішіндер – тікбұрыштар мен төртбұрыштар, дөңгелек шеңберлер қолданылады.

Қымбат суреттер – геометриялық пішіндердің қиылысуын қайың қабығынан жасалған бұйымдардан да кездестіруге болады, олар: қораптар, жинағыштар, түйгіштер, ас үйге арналған жабдықтарда да – қиық түрлері, шеңбер, шыны сауыттар. Сондай-ақ, геометриялық пішіндер халық тігіншілерінің, ұсталарының, сабаннан, кендір жіптен, жөкеден бұйым жасаушылардың еңбектерінде зерттелген.

Қорыта келгенде айтарымыз, математикалық үйлестік тұрғысында жасалған халық ойыншықтары, тұлғаның математикалық қабілетін қалыптастыру мақсатында ежелден қолданылып келе жатқан құрал екенін байқауға болады. Демек, оқыту жүйесі болмаған және сандарды анықтау мен арифметикалық әрекетті ғылыми математикалық негізде қарастырылмаған кезеңдердің өзінде өлшеу және есептеу әрекеттерін балаға үйрету ойын мен ойыншықтар арқылы іске асқан.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Куклы Мира», Изд. Аванта. 2005.
2. Сайт: gazeta.kz. Выставка Натальи Лепихиной. «Игра в куклы».
3. Б.Голдовский. «Художественные куклы» Изд. Дизайн Хаус, 2009.
4. Ш.Ж.Тохтабаева. «Шедевры Великой степи». «Дайк-Пресс», 2008.
5. Т.Н.Зиновьева. Отношение «человек игрушка» в культуре: Автореф. дисс. канд. филос. Ярославль, 2006.
6. Сайт <http://www.i-deti.ru/>.

СМС (ҚХҚ) – ХАБАРЛАМАЛАРЫНДАҒЫ ҮНЕМ ЗАҢЫНЫҢ КӨРІНІСІ

СМС (ҚХҚ)-ті ең алғаш Нейл Папуорт ойлап тауып, ең алғаш СМС (ҚХҚ) жазушы кісі ретінде танылды. Ол 1992 жылы алғаш рет Жаңа жыл қарсаңында хабарлама жазған болатын. Бірақ бұл жаңалық ұмыт болып, 2000 жылы ұялы телефон жасаушы компаниялар осы қызметті қайта ұсынды (Short Message Servise – Қысқа хабарламалар қызметі) [1]. Біз ұялы телефон арқылы жүзеге асыратын чаттар жақын арада ғана пайда болды деп ойлауымыз қате түсінік болар еді. Себебі, ең алғашқы жазба тілдегі үнемдеулерді пайдаланғандар – телеграфистер болған. Олардың түсінігі бойынша, сөзден дауысты дыбыстарды түсіріп жазу, оның мағынасын түсінуімізге кедергі жасамайтындығын айтқан болатын. Шынымен-ақ, олар тек қызметтік сөздермен ғана шектелді: нүкте (нкт), үтір (тр), жақша (жқш), тырнақша (трнқш), қоснүкте (қснкт). Кейінірек, Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде американдық және ағылшын әскерлері үйлеріне хат жібергенде де мынадай қысқартулар жасау арқылы жазба тіліндегі үнемдеулерді көрсеткен: SWALK (Sealed With A Loving Kiss), «Сүйіспеншілікпен жазылған» деген мағынаға ие ұғым. Бұл идеяны радиодан хабар таратушылар өздеріне тиімді жақтарын ала отырып, бүкіл сөзді жазудың орнына сөздерді алғашқы буындары бойынша жазудың дұрыс екендігін және ол түсінікті әрі ыңғайлы болатындығын

алға тартты. 90-жылдардың ортасында чаттар мен ұялы телефондардың пайда болуы жоғарыдағы идеялардың жаңадан дамуына мүмкіндік туғызды. Жастар мақсатты түрде онлайн кеңістігін меңгеріп, саналы түрде тілдік үнемдеулерге сенімді түрде қадам басты. Дегенмен, бұл қадам қажеттіліктен туындады, себебі, біріншіден, чаттағы диалог көпсөзділіктен гөрі жылдамдықты талап етеді, екіншіден хабарламаның ұзақтығы ұялы телефондарда таңбалардың санымен шектеулі. Сол себепті СМС(ҚХҚ) тілі ықшамдылық пен нақтылыққа негізделеді. Көптеген бақылаушылар бұл тілдің бай сөздік қордан алшақтайтындығын айтуда, бірақ жастарымыз осы тілдік үнемдеулер арқылы коммуникативтік актіні жүзеге асыруда, осы тіл арқылы сезімдерін білдіруде, кездесулер ұйымдастыруда, туылған күнімен құттықтауда және т.б.

Үнемдеу заңының тарихындағы ғалымдардың пікіріне назар салып қарайықшы. Ерекше қызықты жайтты ағылшын ойшылы әрі әлеуметтанушы ғалымы Герберт Спенсер айтқан болатын. Оның ойынша, эволюциялық заңдылық бойынша тіл күрделіліктен қарапайымға қарай жылжиды. Ұзын сөздер қысқарады, жайылма сөйлемдер жалаң сөйлемге айналады. Ағылшындарда «we tellen» тіркесі бертін келе «we tell» – біз сөйлейміз (қосымшасы түсіп қалған) түрінде өзгерді [2]. Егер де Спенсердің ойы дұрыс болып саналатын болса, тіл қысқартуды талап етсе, онда оны адамдар жасауға атсалысу керек. Әлемдегі кейбір елдерде күрделі сөздер көп болса (ағылшын тілінде), ал кейбір тілде салыстырмалы түрде аз (итальян тілінде). Осы жағдайды ретке келтіру үшін тілдік бірліктерде үнемдеу заңдылығының қажеттілігі зор.

«Үнемдеу» мәселесін «Тіл тарихының принципі» (Бірінші басылым, 1880 жыл) атты Герман Пауляның

еңбегінің «Тілдік бірліктерді үнемдеу» тарауында әдеби тілдегі артық қосымшалардан құтылуға біз тек ауызекі қарапайым қарым-қатынас тілі арқылы жетеміз деген болатын [3]. Сол кезде ғана тіл тазаланып, тілдегі дублеттер азаятындығын алға тартады.

Ал, А.Мартине былай жазады: «Тілдік үнемдеу – қызметтегі тілді синтездеу» [4]. Ғалымның пайымдауынша, «тілдік бірліктегі үнемдеу тілдегі артық бірліктерден арылу жолдары болып табылады» деп жазса, И.М.Тронский архаикалық және классикалық латын тілінен мысал келтірді: «Сократ радостный выпил яд» (а не радостно или с радостью). Бұған қарап, ежелде екінші нұсқаға қарағанда бірінші нұсқада үнемділіктің болғанын және оның тиімді екендігін атап өтуге болатындығын айтқан[5].

Жоғарыда айтылған ғалымдар пікірін қорытындылайтын болсақ, «қысқа» сөз мағыналық және синтаксистік тұрғыдан «қысқа емес», кең мағыналы сөз қызметін атқарады. Жастар жазба тіліндегі үнемдеу заңына әсер ететін физиологиялық және психологиялық факторлардың ерекше әсер етуінде деп санауға болады. Неге десек, физиологиялық фактор, ол сөйлеу немесе жазба тілде кететін күшті барынша аз жұмсауға ұмтылу десек, жастардың жазба тіліндегі үнемдеуде тілдердің бір-бірімен тоғысуы, дыбыстардың артикуляциялық орнының алмасуы, кейбір дыбыстардың түсіп қалуы, т.б. құбылыстарды байқауға болады. Бұл қазіргі жастардың жазба тілінде кездесетін негізгі құбылыстар болып табылады. Және де психологиялық фактордың үнемдеу заңын нақтылай түсетін бірінші құбылыстарына мыналарды – сөз жұту және үнсіз қалуды жатқыза отырып, бұл үдерістердің жастардың жазба тіліндегі үнемдеуінде жиі кездесетінін байқауға болады. Яғни, айтар сөздің кейбір бөліктері жазуда

әдейі, мақсатты түрде сыртқа шығарылмай, көп нүкте арқылы беріледі. Мәтінде айтылатын ойды оқырман айтқызбай-ақ саналы түрде түсінеді. Айтылмайтын, хатқа түсірілмейтін сөздер екі түрлі жағдайда беріледі: біріншісі, көп нүкте арқылы, екіншісі – басқы әріптері мен соңғы әріптері беріліп, ортасында – көп нүктенің қойылуы арқылы да жүзеге асады [6]. Біз бұл құбылысты күнделікті жастардың СМС тілдерінде байқап жүрміз.

Көшеде де, саябақта да, тасымалдау көліктерінде де, дәріс үстінде де, сауда орнындағы касса жанындағы кезекте де және жол өткелдерінде де біз күнделікті жан-тәнімен беріле ұялы телефон пернелерін басқан жас және орта жастағы адамдарды көреміз. Олар пернеліктегі цифрларды емес, әріптерді басуда, әрине, СМС (ҚХК)- хабарламалар(ауызекі сөйлеуде смс-тер) жіберу мақсатында. Мысалы: Slm; Salem; Kalai? Ok oz? ok; Nest? Otkan, sabak jazup. Oz? Uige. Kawan? Kaz mmm. kytcm...mxm; poka; aha).

Жоғарыдағы СМС тіліне көз салар болсақ біз нені байқаймыз? Ең алдымен, латын алфавиті негізінде жазылғандығын, әрине. Тілдегі көп әріптерді латын алфавитіне негіздей отырып жазу байқалады. Ү дыбысын у дыбысымен, sh түрінде берілетін ш дыбысын w дыбысымен, zh түрінде берілетін ж дыбысы j түрінде берілетінін байқауға болады. Сонымен бірге сөздердің қысқартылуы, орыс, ағылшын тілінің тіл бірліктерін байқауға болады.

Қазіргі таңда СМС (ҚХК) жанкүйерлері осылайша хабар алмасып, коммуникацияның жаңа түрін насихаттап жатқанда, мұғалімдер, филологтар, тілшілер мен қоғам қайраткерлері СМС (ҚХК) тілі жайында алаңдаушылық танытып отыр. Бұл қаншалықты дұрыс пікір, шынымен де, СМС (ҚХК) тілі қоғамға қауіп төндіреді ме? Әлемдік тілшілердің назарында отырған

бұл мәселе екіжақты көзқарасқа ие: ғалымдардың бір тобы СМС (ҚХҚ) тілінің қауіп төндіретінін айтып, өз дәлелдерін ұсынып жатса, енді бір тобы СМС (ҚХҚ) тілін жақтап, оны тілдің үнемдеу заңдылығы аясына әкеп түсіндіруде.

Жоғарыдағы құбылыстарға талдама жасай отырып, тілдегі үнемдеулер бүгінгі күнгі қажеттілік сияқты. Себебі, тілдік бірліктер жылдар өткен сайын қысқара түспек. Бұл қысқару тілдің нақтылығына жол ашады. Қорытындылай келгенде, жастардың жазба тіліндегі үнемделуінің артықшылықтары мынада:

1. Ой жүйелілігі қалыптасады. СМС (ҚХҚ) көлемі шектеулі. Сол себепті шағын көлемді мәтінге біршама ойды жинақтап жазу қажеттігі туады. Осы сәтте СМС (ҚХҚ) авторы бірнеше ойды қорытындылап жазады. Мысалы, морфологиялық тұрғыдан, бара жатырмын дегеннен гөрі «баратрмын» қысқарақ. Сондай-ақ, «университет» дегеннен гөрі «универ» деген тиімдірек, лексикалық жағынан интернет дегеннен гөрі «сеть», «магазинге бардым» дегеннен гөрі «шоппинг» деген тиімді болып саналады.

2. Транслитерация. СМС (ҚХҚ) жазушылардың алдында тұрған міндеттердің бірі – қазақ тіліндегі сөздерді латын тілінде пернеліктермен енгізу. Бұл, бір жағынан, бізге ұтымды. Себебі қазақ жазуы латын әліпбиіне көшетіні мәлім. Бұл – көшуімізге оңтайлы дайындық десек болады.

3. Эмоцияны еркін білдіру. Психологиялық фактордың үнемдеу заңын нақтылай түсетін бірінші құбылыстары – сөз жұту, үнсіз қалу. Үнемдеу заңынан туындайтын сөз жұту жеке адамның психикалық жай-күйіне байланысты болмақ. Сөйлеушінің сөйлеу актісіндегі сөздерінің жұтылуы түрлі психологиялық жағдаятқа байланысты екенін төмендегі түрлі сезім мен

көңіл-күйдің өзгерісінен пайда болатын психологиялық жай-күйлердің әсерін анықтауға болады. Сөз жұту психологиялық жай-күйге (яғни, «қорқу», «толқу», «өкіну», «қуану», «ашулану»), бейвербалды амалдарды жатқызуға болады [6]. Жастардың жазба тіліндегі үнемдеудің ең бір артық тұсы да – осы. Мұнда адамның қандай көңіл-күйде отырғанын белгілі бір жақша, нүкте таңбаларын қою (смайликтер) арқылы білуге болады. Э.Берн бұл құбылысты қажет деп санайды, себебі хат иесінің қандай күйде отырғандығын білу құралы деп таниды. Бұл құбылыссыз жастардың жазба тілін елестетуге болмайды, себебі сөйлемдерді біз тыныс белгілерінсіз оқып, танып, түсіне алмаймыз. Бұл құбылыс та дәл сол сияқты.

Осындай ерекшеліктері бар жастардың жазба тіліндегі үнемдеу заңы тіліміздің күрделіден қарапайымға жақындауына жол ашатынына сеніміміз мол. Және де бұл – тіл бірліктерінің эволюциясының жемісі болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. www.wikipedia.ru.
2. Г.Спенсер. Основные начала. Киев, 1886, 171, 172-бет.
3. Г.Пауль. Принципы истории языка. М., 1960, 301-315-б.
4. А.Мартине. Принцип экономии в фонетических изменениях. М., 1960. 126-б.
5. И.М.Тронский. Очерки из истории латинского языка. М., 1953, 134-б.
6. С.А.Оданова. Қазақ тіліндегі түбір сөздердің үнемделуі (автореферат). А., 2010.

Бектас ҒАНИҰЛЫ,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушысы,
педагогика ғылымдарының кандидаты.
Айнұр БАҚЫТБЕКҚЫЗЫ,
магистрант.

МЕКТЕП ИНФОРМАТИКАСЫНЫҢ БЕЙІНДІ КУРСЫНДА КОМПЬЮТЕРЛІК ГРАФИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Қоғамды ақпараттандырудың ең өзекті мәселесінің бірі – білімді ақпараттандыру, яғни, білім беру саласына енген барлық жаңа ақпараттық технологияларды меңгеру және олардың мүмкіндіктерін өзінің болашақ кәсіби қызметінде пайдалана алатындай тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Барлық заманауи ақпараттық-қатынастық және телекоммуникациялық технологияларды, олардан алынатын ақпаратты, өнімдерді графикалық кескінсіз елестету мүмкін емес. Жалпы, қазіргі кездегі барлық компьютерлік-бағдарламалық орта өзіндік графикалық кескінімен немесе интерфейсімен беріледі, пайдаланылады, іске асады. Сондықтан да, тек компьютерлік графикалық редакторлар арқылы алынатын өнім ғана емес, жалпы компьютерлік орталардың өзінде де графиканың алатын орыны ұшан-теңіз. Ал, компьютерлік графика – дербес компьютерді қолданудағы ең негізгі бағыттардың бірі, сондай-ақ, қазіргі таңдағы білім берудің маңызды компоненті

болып табылады. «Компьютерлік графикада (CG – computer graphics)» компьютер – сурет салу немесе модельдеу құралы. Компьютерлік графиканы екі өлшемді, үш өлшемді және инженерлік графика деп үш түрде қарастыруға болады. Білімді ақпараттандыру құралдарының қарқынды дамуы болашақ компьютерлік графика мамандарын бәсекеге қабілетті, еңбек нарығында қажетті кәсіби шебер маман етіп дайындауды қажет етеді.

Компьютерлік графика және анимация – кино, жарнама, көркемөнер, сәулеттік презентациялар, компьютерлік ойындар, арнайы оқытушы бағдарламалар сияқты көптеген салаларда қолданылатын қажетті құрал болып табылады. Компьютерлік графиканың қолданылу аумақтары үнемі кеңейіп, жоғары білімді суретшілерге, компьютерлік модельдер жасаушыларға қажеттілік артып, еңбек нарығында арнайы эффект жасаушы, векторлық арт-шебер, САД-шебер, модельдеуші, аниматор, визуалдаушы, т.с.с. жаңа мамандықтар пайда бола бастады. Сонымен қатар, мәліметтерді көрсетудің жаңа визуалды құралдарының пайда болуы кез келген кәсіби қызметтің сипатын өзгертті. Компьютерлік графиканың әдістері мен құралдарын сәулетшілік дизайнында, жарнамада, интерьер дизайннында, графикалық дизайнда дәстүрлі қолданумен қатар, компьютерлік графиканы қолданудың жаңа бағыттары да пайда болды, олар: web-дизайн, коммуникативті дизайн, интерактивті оқыту жүйелерінің дизайны және т.б.

Жоғарыда айтылған мәлелелерден байқағанымыз — ол заман талабына сай туындаған аталған жаңа мамандық түрлері мен мамандардың барлығының да компьютерлік графика бойынша нақты білімі

болуы қажет екендігі белгілі болып отыр. Ендеше, компьютерлік графика саласындағы болашақ мамандарды дайындау педагогикалық және әдістемелік жаңа идеяларды қажет етеді. Ал, біз сөз етіп отырған компьютерлік графика мамандарының алғашқы буыны мектеп қабырғасында тәрбиеленеді. Себебі, жоғарыда аталған мамандықтарға бейімделетін оқушы компьютерлік графикаға қатысты білімді өз бойында мектеп қабырғасынан қалыптастыруы қажет.


Мектеп қабырғасында расторлық графиктік редакторларды оқыту оқушыларды болашақта одан да күрделі техникалық жүйелерде жұмыс істеуге дайындау мүмкіндігін береді. Осы бағытта жоғары сынып оқушыларын дайындау барысында мектептегі информатика курсының логикасымен, сызу және эстетикамен пәнаралық байланысының жүзеге асуы өте маңызды. Информатиканың бейінді оқыту курсына компьютерлік графиканы оқыту оқушыларға кәсіптік бағдар беруге бағытталады.

Бейімді-бағдарлы оқыту дегеніміз – оқушылардың қызығушылық бағытының, қабілетінің дамуына жағдай жасайтын және олардың келешекте ие болуға тиісті кәсібіне бейімделуді қамтамасыз ететін оқыту. Ол тек қана мектептің жоғарғы сатысында жүзеге асады.

Бейімді-бағдарлы оқытудың өзіндік ерекшеліктері мен қағидаларына сүйене отырып, мектеп информатикасындағы «компьютерлік графика» курсының оқытылу мазмұнын, оқыту формаларын қайта түрлендіру қажет.

Оқытудың мазмұндық құрылымы жоғарыда аталған мамандықтарға бейімделген білімі бар оқушыны дайындайтындай етіп құрылуы, оқушының болашақ мамандықты дұрыс таңдап, шебер болып қалыптасуына

көмектесер еді. Яғни, компьютерлік графиканың теориялық негіздері мен қатар практиканың өзара байланысы негізінде сабақтастық пен бірізділік ұстанымдарын ескере отырып, оқушыларды практикада әр түрлі компьютерлік графика бағдарламаларын (MS Paint, Adobe Photoshop, Macromedia Flash, Corel Draw, 3DSMax) қолдана отырып, яғни, информатика пәнінің бейімді курстарын кезеңдерге бөліп оқытуды ұсынамыз. Себебі, «компьютерлік графика» курсы бойынша оқытылуы қажет материалдар көлемі стандартта бекітілген сағат көлемінен әлдеқайда артық, бұл – біріншіден, ал, екіншіден, бұл курс бойынша оқушы ең жоқ дегенде бір графикалық редактормен толық жұмыс істей алатындай дәрежеге жетуі тиіс. Үшіншіден, әр кезеңде «компьютерлік графика» бойынша меңгерілуі тиіс білім мазмұны оқушының сана-сезімі мен жас ерекшелігіне сай және басқа пәндер бойынша алған біліміне сай құрылуы қажет. Осы айтылғандарды ескере отырып, мектеп қабырғасында оқушыларға компьютерлік графиканы оқытуды *үш кезеңге бөліп қарастыруды ұсынамыз.*



Компьютерлік графиканы оқытуда меңгерілетін *білім мазмұнын* оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай оқыту мақсатына сай кезеңдер бойынша құрылымдаймыз. Мәселен:

I кезең (5-6-сыныптар) бойынша:

- MS Paint графикалық редакциялау элементтерімен

танысу;

- қарапайым объектілерден суреттерді құру (сызықтар, доға, дөңгелек және т.б.);

- суреттерді графикалық редакторда өңдеу;

- жасалған объектілермен негізгі операцияларды орындау (сақтау, ашу, жабу, өшіру, көшіру, алмастыру, масштабтау және т.б.);

- қағазға сызылған графиканың компьютерлік аналогын жасау;

- сурет фрагменттерімен жұмыс жасау;

- графикалық редакциялауда мәтінмен жұмыс жасау;

- мәтінді өңдеу, сақтау, жүктеу;

- мәтінді белгілі бір қалыпқа (түрге) түсіру;

II кезең (7-8-сыныптар) бойынша:

- компьютерлік графиканың теориялық негіздерін оқыту;

- расторлық форматтағы файлдарда бейнені сақтау тәсілдерін үйрету;

- әр түрлі графиктік эффектілерді қолдану (көлемін өзгерту, фигуралық кесу және т.б.);

- жазуларды, тақырыптарды қойып үйрету;

- жалпы компьютерлік графиканың түрлері, олардың айырмашылықтары және мүмкіндіктерін анықтау;

- графикалық мәліметтерді сығу әдістерін үйрету;

- графикалық файлдардың форматтарын меңгеру;

- графикалық ақпаратты кодтау;

- расторлық суреттердің өлшемдері;

- түрлі-түсті суреттерді кодтау;

- расторлық графиканың негізгі форматтары;

- векторлық графика мен расторлық графиканың айырмашылығы;

- үш өлшемді графика ұғымы.

III кезең (9-10-11-сыныптар) бойынша:

- Adobe Photoshop графикалық редакторымен танысу;

- Adobe Photoshop графикалық редакторының мүмкіндіктерін практикада қолдану;

- Adobe Photoshop расторлық бағдарламасының негізгі саймандарын қолдана отырып, өзіндік иллюстрацияларды құру;

- Adobe Photoshop графикалық редакторының мүмкіндіктерін нақты суреттерді өңдеуге: ескін жаңартуға, суретке өзгеріс енгізуге, «Менің жаңа туындыларым» атты шығармашылық жұмысқа, қызықты суреттер жасауға пайдалану;

- әр түрлі бағдарламалар арасында графикалық мәліметтермен алмасуға үйрету;

- әр түрлі графикалық бағдарламалардың міндеттерін және қызметтерін үйрету.

Келтірілген кезеңдер бойынша алғашқы кезеңдер оқыту мазмұнына кірістірілген болып есептеледі де, үшінші кезеңдегі анықталып отырған мазмұн оқу жоспарына енгізілмеген. Сондықтан, үшінші кезеңді жалпы оқу жоспарына сай информатика пәнінің бейімді курстарында 10-11-сыныптарға оқытылуы қажет деп есептейміз. Себебі, анықталып отырған мазмұн бойынша оқушылардың осы кездегі алған білімдері мен жас ерекшеліктері сәйкес келеді.

Ал, оқытуды іске асыру формасы ақпараттық-қатынастық және педагогикалық технологияларды үйлестіру арқылы іске асатындай етіп ұйымдастырылғаны жөн. Өйткені, Web 2.0 технологияларының білім беру үдерісіне енуі оқу формаларын заманауи тұрғыдан өзгертті десек те болады. Wikipedia онлайн энциклопедиясы бойынша WEB 2.0 терминін әр түрлі түсінуге болады.

WEB 2.0 қызметтері оқу үдерісінде оқушылардың арасында, оқушылар мен мұғалімдер арасында әлеуметтік бағдарламалық жабдықтаулар негізінде (блоктар, вики, әлеуметтік желілер және виртуалды

элемен) қарым-қатынасты ұйымдастырады.

Сондықтан да айта кететін бір мәселе – қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінен терең білімді болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаты бар, саяси-экономикалық білімді, педагогикалық технологияны меңгерген және ақпараттық-қатынас технологиясын (АҚТ) жан-жақты меңгерген ақпараттық құзырлы маман болуы талап етілуде.

Қорыта келе, қазіргі кез келген пәнді оқыту АҚТ құралдарын пайдаланудан тысқары қалуы мүмкін емес. Солардың ішінде бірден-бір пән – информатика. АҚТ күнделікті дамып отырғанына байланысты мұғалім өз кезегінде өзіне қажетті білімді меңгергенімен, уақытты басқара алмайды. Сондықтан болашақта оқытудың жаңа әдісін тауып, оны кең көлемде пайдалануды іске асыру қажет. Ал, біз зерттеп отырған информатика пәнінің бейінді курсы келтірілген мазмұнда, ұсынылған формада жүргізу немесе іске асыру жоғарыдағы аталған мәселелерді шешкен болар еді. Бұл өз кезегінде әлі де зерттеуді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ж.Т.Қайыңбаев. Бейімді-бағдарлы оқытудың мәселелері: жұмыстық оқу жоспарының үлгілері. «Открытая школа» №3 (64) 2007 жыл, 11-16-б.
2. Т.В.Чернякова. «Методика обучения компьютерной графике студентов вуза», Екатеринбург, 2010.
3. Н.Е.Исабек. «Студенттерді компьютерлік технологияны кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлаудың теориялық және практикалық негіздері». А., 2010.
4. Б.Ғ.Бостанов, Ж.К.Сейділдаева. Web 2.0 технологиясын оқу үдерісінде қолдану ерекшеліктері. Материалы международной научно-практической конференции «Информационно-коммуникационные технологии в образовании взрослых». А., 2011.

СӨЗ МӘДЕНИЕТІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

(Жалғасы. Басы өткен санда)

Логикалық нормалар тілдің негізінде жүйені құрайтын абстракциялар, пікірлер формасына ие болады. Оқушылардың таным үдерісін тілдік фактілерді талдау арқылы тереңдетеміз. Әрбір жеке адамның өмірінде ойлау таза ақыл-ой үдерісі түрінде өмір сүрмейді, ол басқа психикалық үдерістермен бір-бірінен айырғысыз байланыста болады, яғни, адамның тұтас санасынан тәуелсіз өмір сүре алмайды деген тұжырымды пайдалана отырып, әрбір сабақта оқушының ойлау үдерісін жоспарлауымыз керек. Ойлауды модельдеу – тақырыптардың жүйелі берілуі, берілетін білім мазмұнын педагогикалық-психологиялық жағынан модельдеу болып табылады.

Бүгінгі жаңа қоғамда іскер адамның мінезі, қабілеті, сұранысы, қоғамда өзін-өзі таныта алуы бір-бірімен байланысты интегралды қасиеттер. Жеке тұлға бойында бұл қасиеттердің басымдылығы адамдармен қарым-қатынаста көрінеді, оны сөйлеу тілі, сөз мәдениеті, тілдік қарым-қатынасты тілдік ортаға байланысты құра білу

жағдаяты айқындайды. Осы бағытта «Сөз мәдениеті» — жеке адам мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде танылады. Сабақта психологиялық, интеллектуалды — танымдық құлшыныс туғызу, ерік-жігерді шыңдау — пәндік-практикалық бағытта жүзеге асады.

Ғалым А.К.Маркова оқушының оқуға құштарлығын туғызуға танымдық және әлеуметтік себептер әсер ететінін көрсетеді. Танымдық құштарлықтың себептерін бірнеше деңгейге бөледі:

1. Кең танымдық құштарлықтың себебі — жаңа білім алуға бағытталу — факт, құбылыс, заңдылықты білу.

2. Оқу—танымдық құштарлық себебі — өз бетінше білім алу, білім алу жолдарын іздеуге бағытталу.

3. Өздігінен білім алуға құштарлық себебі — қосымша білім алуға бағытталу, өзін-өзі дамыту бағдарламасын құру [3,13-б.].

Оқушының әмбебап құзырлығын қалыптастырудың бір тетігі - сөз мәдениетін игеруі. Құзырлылық — білік пен дағдыдан да кең ұғым, когнитивті (танымдық) және технологиялық (дағды), этикалық (рухани құндылық), оқуға құштарлық, әлеуметтік қатынас және мінез-құлықты қамтиды.

Оқушының әмбебап құзырлығының бір бөлігі — оның интеллектуалды дамуында жатыр. Ол — абстракты ойлау, сыни ойлау, баға беру, өзіндік ұстанымын анықтау, т.б. арқылы жүзеге асады. Мысалы: «Сөздің коммуникативтік сапасы ойлау мәдениетімен байланысты ма?» деп сұрақ қойып, сыни ойлауды, сөздің дұрыстығын саралауда оқушының баға берушілік қасиетін; тілімізде заттар мен құбылыстарды бейнелеп айтуда, шешендік сөздерді талдауда, т.б. абстрактылы ойлауды; кейіпкерлердің тілдік қолданысындағы сөз дұрыстығына талдау жасату арқылы өзіндік ұстанымын қалыптастыруға болады. Барлық жаттығу мәтіндердің

қызметі – дүниетанымдық мәнді және технологиялық-іс-әрекеттік жүйеде оқушының коммуникативтік құзырлылығын қалыптастыру болып табылады.

«Сөз мәдениеті» сабағында лингвистикалық дүниетанымды қалыптастыруда әдеби тілдің стильдік тармақтары, олардың айырым белгілері мен нормалары, сөйлеу тілінің стильдік белгілерін таныту танымдық міндет атқарса, жаттығу тапсырмалары арқылы оқушы өзінің сөз мәдениетінде қолданатын дағды жинайды. Тіл – халқымыздың рухани-мәдени мұрасы, ұлттық мінездің, психологияның көрінісі ретінде оқушының жан дүниесіне, мінез-құлқына әсер етеді, оқушы халқымыздың тіл арқылы сақталып қалған өмір сүру тәжірибесінен үлгі алады. Оқушы «Мен» концепциясы арқылы өзінің қоғамға, адамдарға керектігін, қабілетін, қоғамдағы орнын анықтайды.

«Сөз мәдениеті» сабағында оқушылар дамуының интегралды-психогенді факторлары арқылы олардың талабы, қабілеттілігі, қажеттілігі, бағыттылығы, өзіндік «Мені» жүзеге асады. Тіл арқылы – ақыл-зерде, ой-өрісі, парасаты, мәдениеті, әлеуметтік, бейімділік құзыреттілігі дамиды. Оқушының лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыру жеке тұлғаға бағыттала отырып, оның көзқарасын, ойын, сезімін, рухани құндылығын, моральдық-этикалық ұстанымдарын, дүниетанымын кеңейтеді.

Тіл – ең өткір, әмбебап құрал ретінде көпшілікке әсер етеді. Көпшілікті аузыңа қарата алудың ерекше психологиялық жүйесі бар. Мұнда тіл байлығын игерумен қатар, тілді қолданудың стильдік сәйкестігін, дәлдігін, тілдік қызметтің тазалығын, әсерлілігін, түсініктілігін, айқындылығын, алуан түрлі эстетикалық сырын білумен қатар аудиторияның психологиялық ерекшелігін де білуі қажет.

Сөздің мақсаттылығы мен жүйелілігі құқықтық ортада өмір сүретін әрбір азаматтың әлеуметтік қызметін, оның ішінде ойлау мен сөйлеу қызметін қамтамасыз етеді. Сынып оқушысының қоршаған ортамен іскерлік қарым-қатынасқа лайықты диалог құра алуы, әлеуметтік мәдениеті, адамгершілік-бағыттылық қарым-қатынасы, өз бетінше ойлау қабілеті, өз көзқарасын дәлелдей алуы, өзіне сенімділігі шешуші рөл атқарады. Көпшілікке арналған сөз тыңдаушылардың жеке қызығушылық мақсаттарын тудыруы керек, сондықтан сөйлеу тілінің синтезі — мазмұннан-мәтінге құрылады. Ал, тыңдаушылар, керісінше, мәтіннен-мазмұнға (аналитикалық ойлау жүйесі арқылы), мәтінді мазмұнға бөліп саралайды. Осылайша синтетикалық және аналитикалық тәсіл бірін-бірі толықтырады. Аналитикалық тәсіл — психофизиологиялық факторға сүйенеді.

Егер сөйлеу тілінде берілетін хабарлама тақырыбы актуальді болса, сөйлеушіде когнитивті (танымдық) ынта туып, көп ізденеді, өз пікірін дәлелдеу үшін ойлау үрдісінің белсенуі іске асады, сөйлеуші аргументтерді көптеп іздей бастайды. Сонымен қатар тыңдаушы да танымдық ақпараты мол хабарларды жеке зердесі арқылы қабылдайды.

Оқушыны жеке тұлға ретінде сөйлесу арқылы қарым-қатынасқа түсіре отырып, жан-жақты дамытамыз. Жан-жақты дамыту дегеніміз — танымдық (когнитивті) әрі танымдық емес (оқушының эмоциясы, ерік-жігері), т.б. психологиялық-педагогикалық мақсаттардың бірігіп, қарым-қатынастың нәтижелі болуы. Нандыра, сендіре сөйлеу, сенімді жауап беру, екі жақты аргументтер іздеу, дәлелді пікірлер табу, даулы мәселелерді жүйелі түрде шешу үшін оқушы әлеуметтік психологияның түрлерін игеруі керек. Бүгінгі оқушының, ертеңгі маманның

әлеуметтік қайшылықтардан, адамдар арасындағы келіспеушіліктен зардап шекпеуі үшін оның өмірге қажеттілігіне, әлеуметтік ортада өзін-өзі танытуына жағдай жасауымыз керек. Орыстың психолог ғалымы К.К.Платонов «жеке тұлғаны биологиялық (табиғаттан берілген) және әлеуметтік (өмірден жинаған тәжірибе) компоненттер құрайды» деп санап, осы компоненттерді темперамент деңгейі, жеке тұлғаның тәжірибе деңгейі, психологиялық үрдістің өту деңгейі және жеке тұлғаны бағыттау деңгейі деп төрт жүйеге бөледі. Осы жүйе бойынша 10-сыныптағы «Сөз мәдениеті» пәнінде мұғалім психологиялық үрдістің өту және жеке тұлғаны бағыттау деңгейіне көңіл бөліп, оқушының қабылдауын, қиялын, назарын, есін, ойлау дәрежесін, сезімін, ерік-жігерін, қайратын т.б. қалыптастыруды басты назарда ұстауы керек.

Оқушының білім-білік дағдысын қалыптастыруды психологиялық жағынан түсіндіргенде білім дегеніміз: тану-жаңғырту-түсіну-қолдану-сендіру-сұраныс. Тіл білімі де осы үрдісте өтеді. Егер біз білік пен дағдыны адамзат жасаған тәжірибе, құндылық деп танысақ, ол тілімізде көрініс тапқан. Осы мол тілдік тәжірибені оқушыға танытып, бүгінгі өмір шындығымен байланыста есіне сап жаңғырту, тілдік қолданыста (мәтін ішінде, контексте) түсінуі, ақиқатты дәл бейнелейтіндей етіп күнделікті өмірде қолдануы, объективті шындықты сөз арқылы дәл тануы, сыни ойлау, байқағыштық қасиеті арқылы сөзді дұрыс пайдалануы, қазақ тілінің ұшан-теңіз байлығын пайдалануға деген оқушы бойында сұраныс пен қажеттілік тудыру – сабақтың психологиялық шарттарының бірі. Жалпы, 10-сыныптағы қазақ тілі оқулығында берілген сөз сапасы, сөздің дұрыстығы, сөз тазалығы, сөз қысқалығы мен нұсқалығы, сөз дәлдігі, сөз бедері, т.б. тақырыптарында тілдік фактор

ретінде халқымыздың рухани болмысы, таным зердесі жинақталған. Осы тарауларда халқымыздың тарихи, мекендік, мемлекеттік, экономикалық, әлеуметтік, этнографиялық болмыс-бітімінің сілемдері жатыр, оны таныту – лексикалық дүниетанымның кеңейген, ұлғайған түрі.

Адамзат өркениеті – ғылымның, техниканың, мәдениет пен өнердің синтезіне негізделген. Адамзатты өркениетке әкелген психологиялық үрдіс – ойлау. Сөйлеу – ойдың көрінісі ретінде дұрыс қолданысқа түсуі үшін стилистикалық жағынан дұрыс құрылуы керек. Оқушы іштей ойланып құрылған тұтас, дайын сөйлемді бірден қолданады. Яғни, жоғарыдағы ақыл-ой қызметінің барлық түрін пайдаланады. Сөз – белгілі бір заттың, құбылыстың атауы ретінде беріледі. Сөзді білгенмен, оның қандай затты немесе құбылысты бейнелейтінін білмесе немесе керісінше затты, құбылысты танып, оның сөздік атауын дәл тауып қолдана алмаса, оқушы сөзді дәл таңдай алмайды. Сонымен қатар, мәндес, мағыналас сөздердің ішінен әдеби тіл стиліне қажеттісін таңдап алмаса, тілдің сапалық қасиеті бұзылады. Таным үрдісінде сөз танушы субъектінің (оқушының) белсенділігі үлкен рөл атқарады. Лингвистикалық танымды қалыптастыру субъектінің шығармашылық сипатының, қиял биігінің және практикалық қызметінің нәтижесіне байланысты. Яғни, танымның оқушының тіршілік – әрекет етуінде үнемі дербес, сыни түрде, шығармашылық еңбек құрамында болатынын ескерсек, сөз мәдениетін игеріп отырып, оқушы қоғамдық-әлеуметтік ортадағы күрделі қарым-қатынастар жүйесінде өз орнын табады. Оқушы сөйлеу немесе жазу арқылы халық тілінің байлығын пайдаланады, екінші жағынан, қазақ тілі сабағында өз дүниетанымын қалыптастыру арқылы парасатты ойлау

дәрежесіне көтеріледі, өзінің танымдық, эмпириалық-практикалық тәжірибесі арқылы салыстыру, ұқсату, абстрактілі ой түйю қабілетін дамытады, тіл арқылы қоршаған ортаны тану нәтижесі мен жеке басының құндылықтарын айқындайды. Қоршаған ортадағы зат пен белгі, себеп пен салдар арасындағы байланыстар кең ашылса, олардың тілдегі түсініктері, тілдік таңбалары да кеңейе түседі.

Ғалым А.Айғабыловтың пікірінше, «Лексикалық парадигма дегеніміз: айналадағы заттар мен құбылыстардың бір-біріне қатысы қандай болса, оларды білдіретін сөздердің бір-біріне қатыстылығы сондай болады» [4, 214-б.].

Яғни, басқа ой жүйесінде заттар мен құбылыстардың мәні мен сипаты, қасиеті тереңірек ашылып, олар түрлерге, топтарға, тектерге, типтерге, т.б. дұрыс жіктелсе, лексикада да өзара мағыналық байланысы бар, бір тақырыпқа қатысты сөздер тобы пайда болады.

Таным үрдісінде оқушылар белгілі бір ғылыми түсінік алады. Ғылыми қорытынды жасай отырып, жалпыдан-жалқыға, жалқыдан-жалпыға қарай жылжиды. Ойлау жаңа мазмұнға ие болады. Оқушы жинақтаған тәжірибесін жүйеге келтіріп, қорытындылайды.

Сөз мәдениетінің негізін құрайтын тақырыптар – тіл мәдениетінде ғылыми тұрғыда зерттелген мәселелер. Мысалы; «Сөз сапасы» деген тақырыпты оқушының ойлау мәдениетін жетілдіріп, сөз сапасына әсер ететін тілдік факторларды игерте отырып ашуға болады. Сөз дұрыстығы – сөзді, сөз тіркестерін, сөйлеуді – тілдік мағынасына сай, ақиқатты дәл бейнелейтіндей етіп жұмсау, яғни, мұнда дүниетаным мен тілдік белгі – сөз бірге қызмет атқарады.

Сөз тазалығы – әдеби тілдің бірлігі мен тұтастығын сақтауға негізделген. Бұл тақырыптарды өткенде, әр сөздің айтылар ойға, мазмұнға қатысты болып, мағыналық жүк арқалап тұруына баса назар аудару керек. Сөз қысқалығы мен нұсқалығы – оқушының логикалық ойлау жүйесінің оңтайлы, аз сөзге көп мағына сыйғызатындай болып жүйелі, икемді, орамды құруына байланысты. Сөйлемнің стилистикалық жағынан дұрыс құрылуы ойды конструктивті құра білуге байланысты болып келеді.

Сөз дәлдігі – зат (құбылыс) пен сөз арасындағы байланысқа тікелей тәуелді. Яғни, бұл теориялық ұғымдардың бәрін оқушы көзбен көріп, қолымен ұстай алмайды – олардың объективті екендігіне саралай отырып, абстракті ой түю арқылы көз жеткізеді.

10-сынып оқушысы «Сөз мәдениеті» курсы арқылы жоғары тілдік функция атқарады, сонымен қатар оның бойында сананың жоғары мәдени даму деңгейі көрінеді. Диалектика, логика және тілдік таным қазақ тілі сабағында шығармашылықпен байланыстырылса, оқушының ішкі жан дүниесі дамиды. Осыған байланысты 10-сыныптың қазақ тілі оқулығының мазмұндық құрылымы да оқушының 5-9-сыныптарда қазақ тілінен алған барлық білімінің, танымдық-практикалық бағытының ең биік өресі, адамзаттың қол жетпес жоғары мәдениетінің бір түрі – сөз өнерін игеруге арналған. Коммуникативті қарым-қатынаста сөйлеушінің психикалық көңіл күйі, сезімін сыртқа шығарудағы тілдің қызметі, сөйлесу барысында тілдің эмоциялық жағын, интонациясын игеруі басты рөл атқарады.

Тілдің тек пікір алмасу құралы ретіндегі қызметін ғана емес, адам сезімін білдіретін функциясын да ескеріп, сөйлеу этикетінің өзіне тән ерекшеліктері

мен нормаларын қалыптастыру үшін психологиялық аспект ретінде оған әлеуметтік бағдар беріп, оқушының қоғамдық ортада сөйлеудегі мақсат-мүддесін, моральдық-этикалық принциптері мен дүниетанымын қалыптастыру керек. Оқушының әдеби тіл нормаларын игеруі, сөз сапасын саралап пайдалануы (сөз дұрыстығы, сөз байлығы, сөз тазалығы, сөз дәлдігі, сөз бедері, т.б.) ғылыми-лингвистикалық дүниетанымдық жүйеде іске аса отырып, моральдық-этикалық, эстетикалық көзқарастары мен ұстанымдары психологиялық негізде жүзеге асады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. З.Сабитова. Тілдердің лингвистика-мәдениеттану феномені ретіндегі өзара әсері. А., «Жазушы», 2006, 496-б.
2. В.В.Давыдов. Теория развивающего обучения. М., 1996.
3. А.К.Маркова и др. Формирования мотивации учения. М., «Просвещение», 1990, 191-с.
4. А.Айғабылов. Лексиканы оқыту. / Қазақ тілін оқыту методикасы. А., «Мектеп», 1988, 239-с.

Резюме

В данной статье рассматривается вопрос о психологических аспектах формирования лингвистического мировоззрения учащихся на уроках «Культура речи».

Summary

In this article considers the question of psychology aspects in forming the pupils linguistic world out looking on the lessons of «Culture speech».

ҚАЗАҚСТАНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ДАМУЫ

Сонау ерте заманнан адамзат баласы табиғат қазынасын пайдаланып келгені, адамзат баласының тарихи дамуы, ғылыми-техникалық жетістіктердің жеделдеуі қоғам мен табиғат арасындағы өзара қатынасты шиеленістіре түсуі, өндірістің дамуы, табиғи ресурстардың азаюы, табиғаттың ластануы секілді мәселелерді алып келді.

Адам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасының адамгершілік дәрежесін ашуда, ақыл-ой, сананы, сезімді қалыптастыруда, әрине, экологиялық тәрбиеден істелген, тарихи жағдайда бізге жеткен жұмыстар жетекші орын алады. Оқу-тәрбие үдерісінде экологиялық тәрбие беруге байланысты талаптарды ғалым-педагогтар көрсеткен тұжырымдарды және ғылыми еңбектерді зерттей келіп, экологиялық тәрбие беру, табиғатты қорғау мәселесі – алға қойылған мақсатты іс болып саналып, әр пән тұрғысынан қаралғаны, мектептен тыс жұмыстарда қарастырылғаны, Қазақстанда табиғатты қорғаудан қандай жұмыстар жасалғаны туралы материалдардан көрдік.

Елбасы Н.Назарбаевтың еліміздің тәуелсіздігін баянды ету, халықтың ұлт болып өркендеуіне жол ашу, оның тілі мен мәдениетінің кең құлаш жаюына мүмкіндік туғызу мақсатында жасаған Жолдауында «Адам – елдің ең басты байлығы, жастар – біздің

болашағымыздың негізі» екендігі туралы баса айтылып, жоғары білім сапасы ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс екендігіне үлкен мән берген.

Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау мен қалыптасқан экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған бірнеше заңдар мен тұжырымдар қабылданды. Ең маңыздысы – «Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы, көпшілікке экологиялық білім мен тәрбие берудің өміршең бағдарламасын нақтылап берді. Бұл тұжырымдама еліміздің «Қазақстан Республикасының Конституциясы», «Білім туралы» заңына сәйкестендірілген бірден-бір мемлекеттік білім мен экологиялық саясатына қолдау көрсеткен шешуші құжаттардың бірі болды.

Елімізде «Білім туралы» заңдарды жетілдіру және білім сапасын әлемдік кеңістіктің білім деңгейіне көтеру міндеті көзделіп отыр, ал бұл өз кезегінде нәтижеге бағытталған экологиялық білім мен тәрбиенің өміршендігін дәлелдейді.

«Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие Тұжырымдамасында» Республика аймақтарында тәрбие беру ісіндегі шешімі табылмаған көптеген проблемаларды қарастыра келіп, тұжырымдамадағы айқындалған тәрбиенің басым бағыттарында «экологиялық тәрбиені адамның бойына табиғатқа әдепті көзқарастың және оған қарым-қатынастың қалыптасуы мен дамуын, табиғи ресурстардың жағдайына жеке жауапкершілік сезімін және адамдардың табиғатпен парасатты іс-әрекеттерін болжайтындығы, экологиялық тәрбиенің негізі қоршаған ортаны және халықтың денсаулығын қорғауы, елімізде экологиялық жағдай туралы

халықты ақпаратпен қамтамасыз етудің көзделуі»- деп түйінделген.

Жастардың экологиялық ой-өрісін дамыту, экологиялық мәдениетін қалыптастыру мәселелерінің өзектілігі күннен-күнге арта түсуде. Ғалымдардың пікірінде экологиялық білім мен тәрбие барлық тіршілікке қатысты ішкі жауапкершілік пен парызды дамытуы қажет, себебі тіршілік ортасын сақтау мен адамның денсаулығы қоғамдағы құндылық жүйесінде маңызды категориялардың бірі болып саналып, олардың еңбектерінде экологиялық проблема жалпы адами тұрғыда қарастырылады. Сондықтан да экологиялық тәрбие заманымыздың кешенді проблемасы ретінде философиялық, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік зерттеулердің объектісінен ешқашан түскен емес. Дей тұрғанмен, қоршаған ортаның құндылығын түсіне білген қазақ халқы табиғатты қорғауға ертеден көңіл бөлген. Табиғатты адамзат өмірі мен тіршілігінің бөлінбес бір маңызды бөлшегі ретінде қарайтынын халықтың тәлім-тәрбиелік мақал-мәтелдеріндегі, аңыз-әңгімелеріндегі, ертегілеріндегі, жырларындағы, қырық өтірік шумақтарындағы, жұмбақ-жаңылтпаштарындағы философиясынан танимыз. Экологиялық тәрбие туралы қарастырғанда М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат түрік», Ж.Баласағұнның «Құтты білік» еңбектеріне тоқталмай өте алмаймыз. «Құтты білікте» әлем төрт түрлі элементтерден (Жер, Су, От, Ауа) құралған, олардың тепе-теңдігі дүниедегі заттарды бір-бірімен үйлестіріп тұрады деп негіздесе, «Диуани лұғат ат түрік» атты еңбекте табиғат сұлулығы бейнеленген.

Қазақстанда табиғатты қорғау заңы алғаш 1961 жылы қабылданды. Біз осы мақаламызда табиғатты қорғау заңынан кейінгі мектепте, мектептен тыс уақыттарда

жасалған жұмыстарды негізге ала отырып, мақсат-міндеттерді қарастырдық.

1960 жылдардың алғашқы 2 жылында пионерлер мен оқушылардың көмегімен көптеген гүлдер, жасыл өсімдіктер отырғызылған. Оларды паразиттерден қорғау жолын қарастырып, қолға алған. Комсомолдар табиғатты қорғау жөнінде насихат жұмыстарын оқушылар мен жергілікті халықтардың арасында көптеп жүргізіп отырған. Мұндай жұмыстарға өз еркімен табиғатты сүйетін жастар келгенін атап өткен. Олар жергілікті халықтардың арасында насихаттауды жүргізе отырып, өздерінің қызығушылығы мен белсенділігін, табиғатты қорғауда саналы өмірін арттыра түскен. Сондықтан да олар 1964 жылы жасыл өсімдіктерді көптеп отырғызудан көзге түсті, мектеп директоры мен биолог мұғалімдерінің көмегімен «Жасыл жасақшылар» ұйымы құрылды. Олардың мүшелері отырғызылған өсімдіктерді қорғау, күту, браконьерлерді, зиянкестерді ұстау, олармен күресу жұмыстарын жүргізуді міндетіне алды. Мұндай жұмыс баланың табиғатты қорғауға белсенді араласуына, өзіне және өзінің жұмысына сенімді қарауға пайдасы тиді. Балалар мұғалімнің айтуымен жұмыс істесе де, кейін бойларына сіңіріп, дағдыға айналдырды.

1970 жыл Лениннің мерейтойы болып, табиғатты қорғауда табиғаттың жасөспірім достары әрі қарай нәтижелі жұмыс істеген.

1980 жылдары жаппай қорық ашылу керектігін көрсеткен жыл болып есептелді. Республика жерінде ұйымдастырылған мемлекеттік алты қорық туған өлке табиғатының небір көрікті жерлерін, қойнауындағы бар байлығын сақтап, көркейту тұрғысында табиғат қорғауды ұйымдастыру ісінде көп кейіндеп қалғандығы

байқалды. Осынау ұлан-ғайыр өлкеде алты-ақ қорықтың болуы кімге болса да ой салады. Оның үстіне бұл қорықтардың алып жатқан жалпы көлемі 577,2 мың га немесе бұл республика аумағының 0,21% деген сөз. Ал, мәселен туысқан Әзербайжан, Армян республикаларында бұл көрсеткіш 1-2%-ке тең екен. Республика аумағының үштен екі бөлігін далалы, шөл және шөлейт жерлер алып жатса да, бізде осы аймақтарда бірде-бір қорықтың болмауы – қынжыларлық жай. Республикамызда жер құнарын, орман мен тоғайдың әсем келбетін бұзбай, өзен-көл тұнығын шайқамай, хайуанаттар мен өсімдіктер дүниесін қымбат қазынадай қастерлеп, қамқорлыққа алатын бірнеше мемлекеттік қорық ұйымдастыру – 1980 жылдың міндеті болды. Қазақ ССР Ғылым Академиясы Президиумының жанындағы “Қазақстандағы қорық ұйымдастыру ісінің ғылыми негізі” мәселесі жөніндегі комиссия республикамызда әр түрлі географиялық аймақтарды қамтитын 20 шақты қорық ұйымдастыру туралы қорытындыға келді.

1990 жылдары оқушыларға экологиялық тәрбие беру формалары мен әдістерін барынша кең қолдану негізінде әрбір оқушылардың бойына үнемі оқып-үйренсін деген қасиетті дарыту, оларға білімді өздігінше тереңдету тәсілдерін үйрету, оқушыларды адам, тәрбие және қоғам туралы қажетті жалпы базалар, білім базаларымен қаруландыру – білім берудегі экологиялық бағдарды күшейту болды.

Қазақ орта мектебінің білім мазмұнын анықтайтын принциптер мен оған қойылатын негізгі талаптарында: білім мазмұнының оқушының ішкі даму заңдылықтарына, оның сыртқы дүниемен жеке символдық жүйе “Адам – қоғам”, “Адам – қоршаған

орта” жүйелері арасындағы қарым-қатынастарға сәйкес келуі болып табылды.

Оқушыларға экологиялық тәрбие беру жұмысының бірі “Атамекен” бағдарламасы негізінде жүргізілді. “Атамекен” бағдарламасының жалпы білім беру мүмкіндігі оқу-тәрбие кезеңінің сыныптан тыс жұмыстарының өзіндік ұлттық ерекшеліктерін айқындайтын. Төменде тарихи мұрағат, мағлұматтарды талдай отырып алынған жылдар арасындағы Қазақстанда экологиялық тәрбиенің дамуын қарастырдық.

Қазақстанда экологиялық тәрбиенің дамуы.

1960-1970

1980-1990

1990-2000




Мақсаты

Табиғатты қорғау шаралары туралы білім, тәрбие беру.

Табиғатты қорғау шараларының жүзеге асуы.

Экологиялық білім мен тәрбие берудің концепциясының негізгі бағыты - талапқа сай білім беріп қана қоймай, тұлға бойында белгілі бір қасиетті қалыптастыру.

Табиғатты қорғау, үнемді пайдалану, қайта қалыптастыру.



Міндеттері

Табиғатты қорғау барысында әр бағытта клубтардың, үйірмелердің ашылуы.

Табиғаттың байлығын тиімді қорғауға мүмкіндік жасау.

Экологиялық білім мен тәрбие беруді барлық салада негіздеу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2010 ж. Жолдауы.
2. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие Тұжырымдамасы. А., 2009.
3. Қазақстан Республикасының «Білім Заңы», 2009.
4. А.Ш.Икрамова. Қазақстанда оқушыларға экологиялық тәрбие берудің дамуы (1960-2000 ж.ж.)

Резюме

В этой статье рассматриваются проблемы экологического воспитания в ВУЗе.

Summary

This article discusses the problems of environmental education in university.



Гүлжиян ДЖОНИСОВА,
Батыс Қазақстан гуманитарлық
академиясының аға оқытушысы,
педагогика ғылымдарының кандидаты.

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ДАЯРЛАУ

Қандай қоғам болмасын онда дүниеге келген баланың бойында ұлттық рухты, ұлттық сипат пен өзіндік сананы қалыптастыру сол қоғамдағы ересектердің, атап айтқанда, ата-ананың, мұғалімнің міндеті болып табылады. Бүгінгі бастауыш сынып мұғаліміне тәрбие жұмысы бойынша қойылатын басты талап – сол тәрбие үдерісін ұйымдастыру арқылы тұлғаның біліктілігін, өмірде кездесетін түрлі

жағдайларды жеңуге көмектесетін қажетті күш-жігерді, анықталған құндылықтық бағдарларын қалыптастыру. Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыру жұмысы мұғалімнің осы бағыттағы атқаратын тәрбие жұмыстарына тәуелді. Оқушылардың ұлттық құндылықтар туралы білімін молайтып, белгілі бір құндылық бағалау, қатынас қалыптастыру үшін мұғалімнің шығармашылық сипаттағы іс-әрекеті, тұлғалық бағыттылығы, рефлексиялық қабілеттілігі мен осы жұмысқа дайындығы ерекше рөл атқарады.

Оқушының тұлғалық жетілуінде оның өзін ұлт өкілі ретінде сезінуі отбасы көлемінде ғана емес, мектепте, қоғамдық орталарда көрініс тауып отырады. Баланың адамдармен қарым-қатынасының ұлттық құндылық негізде болуы қандай құндылықтардың ең басты құндылық ретінде ұғынылатынына байланысты.

Бастауыш мектеп жасындағы оқушының психикалық қасиеттерінің өзгеріске ұшырауымен қатар, әлеуметтік статусының да өзгеруімен ерекшеленеді. Енді ол ойын баласы емес, оқушы болды. Бұл жастағы балалар сөз бен іс-тің сәйкесті болуын талап етеді, жөнсіз кінәлаудан жеркелену сезімі туады, үлкен адамдардың жіберген қателерін тез байқайды, арманшыл, қиялшыл болады, өзіне сенімді серік іздейді, т.б. Осы кезеңде тұлға бойында жалпы мәдениеттің негізі қаланады, өзін-өзі тануға қызығушылығы артады, дербестілігі дамиды. Бастауыш мектеп жасы құндылық бағдар қалыптастыру жұмысын тиімді іске асыру үшін біршама мүмкіндіктердің бар екендігімен ерекшеленеді. Балалардың осындай қасиеттері ретінде эмоциялық көңіл-күй көтеріңкілігі, сыртқы әсерлерге берілгіштік қасиеттері, жағымды құндылықтар әлеміне бағытталғандығы сияқты ерекшеліктерін қарастыруға болады.

Сондай-ақ, бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыруда жас ерекшелігіне сәйкес мынадай жаңа құрылымдардың да

маңызы зор деп есептейміз:

- білімді қажетсінуі және жаңа әсерлерге деген қажеттіліктері;
- тұлғаның жоғары эмоциялық-мотивациялық аясы;
- қарым-қатынасқа түсуге даярлығы;
- әлеуметтік әрекеттерді және әлеуметтік рөлдерді меңгерудегі жетістіктері.

Бастауыш сыныптарда қаланған құндылық негіздер бала тұлғасының бұдан кейінгі жас кезеңдеріндегі қалыптасуына әсерін тигізетіндігі туралы В.В.Давыдов, В.С.Мухина сынды ғалымдар еңбектерінде жазылған [4, 5]. Алғашқы кезекте баланың жас ерекшелігіне сәйкес, ұғына алатын, меңгеруге мүмкіндігі жететін ұлттық құндылық таным-түсініктерінің көлемін анықтаудың маңызы зор. Ұлттық құндылықтарды тану адамның іс-әрекетін белгілі бір деңгейде бағыттап, әлеуметтік тәртібін анықтайды.

Ұлттық құндылық бағдар қалыптастыруда оқушы-лардың балабақша қабырғасынан қалыптасып келген еліктегіштік, әсершілдік, белсенді іс-әрекетке құш-тарлық сияқты қасиеттерін ұлттық құндылық бағдар қалыптастыруда есепке ала отырып, жасы есейген сайын ол қасиеттерді дамыта түсуге, ал бұрын қалыптасып қалған ұнамсыз әдеттерді жоюға бағытталған жұмыс түрлері оқу үдерісі барысында жүзеге асырылды.

Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыруда мұғалім төмендегідей міндеттерді жүзеге асыруы тиіс:

- бастауыш сынып оқушыларына қазіргі уақыт тала-бына сай, қоғамымыздың саяси дамуына жауап беретін ұлттық құндылықтар жөніндегі таным-түсініктерінің жиынтығын меңгерту (білімділік, ақпараттық);
- оқушылардың өздерінде қалыптасқан дүние-танымдық қағидалар негізіндегі қоғамның әлеуметтік құндылық идеяларына бағытталған, ұлттық құндылық бағалауын қалыптастыру (қатынас, эмоциялық);

- бастауыш сыныптың оқу-тәрбие үдерісінде ұлттық құндылықтарды меңгеруінің нәтижесі ретіндегі оқушылардың әлеуметтік құнды біліктіліктерін қалыптастыру (әрекеттік).

Бастауыш сыныптарда бұл жұмысты жүзеге асырудың төмендегідей мүмкіндіктері айқындалып отыр:

- ана тілі, дүниетану және музыка сабақтарындағы ұлттық құндылықтарға бағыттап отыратын шағын мәтіндерді таңдап, талғап пайдалану;

- арнайы факультатив курсы жүргізу;

- сыныптан тыс жұмыстарды жетілдіру;

- электронды оқу құралын пайдалану.

Мұның өзі бастауыш сынып оқушыларын қоғам талабына сай біліммен қаруландыра отырып, әлеуметтік тәжірибені меңгертуді көздеген оқыту технологияларын орнымен қолдана алатын мұғалімнің оқыту іс-әрекеті мен оқушының оқу іс-әрекеті арқылы жүзеге асады. Осыны ескере отырып, бастауыш сыныптарда «Құндылық бастаулары» атты факультатив курсы жүргізуді ұсынамыз.

Қай уақытта да білім берудің міндеті оқушылардың білім, білік дағдыларын қалыптастыру ғана емес, оның тұлғалық жетілуі тұрғысынан да қарастырылады. Бұл ретте біз ұсынып отырған факультатив курсының тиімділігі тәжірибе барысында анықталып отыр.

Өзің мен өз халқың арасында өзара рухани байланыс орнату, ұлттық мәдениетке тән болу сезімінен әсерлену, оның құндылықтарын өзінің санасында қабылдау, өзіндік пікір қалыптастыру – баланың құндылық бағдарын оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асыра отырып, қол жеткен нәтижелер демекпіз. Біз таңдаған тәрбие сағаттарының мақсаты – оқушылардың Отан, туған жер, отбасы, ана тілі, ел тарихы, рәміздері туралы түсініктерін кеңейте түсу арқылы белгілі бір құндылық қатынас қалыптастыру. Соның нәтижесінде ұлттық құндылықтарды тани білетін, оларға ұмтылатын, оларды таңдайтын өзіндік сана-сезімі жетілген тұлғаны

тәрбиелеу. Олай болса, бастауыш сыныпта жүргізілетін тәрбие сағаттарының негізгі бағыттарын төмендегідей топтастыруға болады:

- Отан, туған жер, отбасы, ана тілі, ел тарихы, рәміздері туралы қызықты мәліметтермен, ақын-жазушылардың шығармаларымен таныстыру арқылы бұл ұғымдардың мәнін ашу, білімін тереңдету;
- Осы ұғымдардың құндылығын түсініп, бағалауға үйрету, сыни ойлауын жетілдіру;
- Ұлттық құндылықтарды тануға, таңдауға мүмкіндік туғызу;
- Ұлттық құндылықтар негізінде оқушылардың белсенділігін арттыру, тұлғалық жетілуін қамтамасыз ету.

Отан, туған жер, ана тілі, ел рәміздері туралы түсінікті 1-сыныптан бастап таныстыруға бағытталған жұмыстардың кешенді жүйесі құрыла отырып, оқушылардың бұл түсініктерді біртіндеп тереңдету мүмкіндіктері ескеріледі.

Психологтардың тұжырымдары бойынша, бастауыш сынып оқушылары сыртқы әсерді тез қабылдағыш, айтылған нәрсенің шынайылығына иланғыш, адамгершілік нормалардың қажеттігіне сенгіш. Сондықтан оқушыларға берілетін мәліметтер өмірмен байланысты, күнделікті тұрмыста басшылыққа алу мүмкіндігі бар дүниелер болғаны жөн. Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылық қатынасы ата-баба дәстүріне сыйластық көзқарасы, туыстық парызды ұғынуы, ұлттық намыс, достық, жолдастық, ар, ұят сезімдері арқылы және ана тілін қастерлеуі арқылы көрініс тауып отырады. Сондықтан ана тіліне деген саналы көзқарас қалыптастыруға көмектесетін тәрбиелік шараларды түрлі формаларда ба-ла тәжірибесі мен мүмкіндігін ескере отырып жүргіземіз.

Сыныптан тыс өткізілетін шаралардың мақсаты – бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, күнделікті өмірде болып жатқан дүниелерге қызығушылығын оятып, ұлттық құндылықтар туралы

білімдерін жетілдіру, ұлттық құндылықтарға бағыттау. Сонымен қатар, рухани жетілуіне мүмкіндік беріп, ұлтымыз қастерлейтін адами қасиеттерді санасына сіңіру арқылы әр оқушының өзін-өзі тәрбиелеуінің мүмкіндіктерін кеңейту.

Осы мақсатта бастауыш сынып оқушыларына отбасы құндылықтарын меңгертуді жүйелі түрде, кешенді жүргізуді қамтамасыз ететін бағдарлама жасақталды. Не-ғұрлым кең ауқымдағы жұмыстар жүзеге асырылса, со-ғұрлым тұлғаның ұлттық құндылықтар әлемі байи түседі.

Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыруда тиімді әдістер деп рөлдік ойындар, пікірсайыс, бейне-әдіс, этикалық жағдаяттар, өнеге-үлгіні ұсынамыз. Мұғалім мен оқушының атқаратын іс-әрекеттерін талдай келе, олардың өзара белсенді әсерін ақпараттық технология арқылы қамтамасыз етуді көздейміз. Мұғалім ұлттық құндылық бағдар қалыптастыру жұмысында электрондық оқу құралын көмекші ретінде пайдалану нәтижесінде балалардың қызығушылығын, ақпараттарды бағалау іскерлігін жетілдіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (өзгертулер және толықтырулармен 2008 жылдың 10 наурызында берілген), Алматы, 2008.

2. К.Ж.Қожахметова. Теоретико-методологические основы казахской этнопедагогике: дисс...док. пед. наук. А., 1998, 431-с.

3. С.М.Төрениязова. Бастауыш мектеп оқушыларын сыныптан тыс оқу-тәрбие жұмысы арқылы дамытудың педагогикалық негіздері. П.ғ.к. автореф. А., 1999, 22-б.

4. Г.Қ.Джонисова. Құндылық бастаулары. Факультатив курсының бағдарламасы. Орал, 2006, 12-б.

СЮЖЕТ И КОМПОЗИЦИЯ В ЛИРИЧЕСКИХ ЦИКЛАХ Н.ЧЕРНОВОЙ

Лирические циклы (в дальнейшем - ЛЦ) современного казахстанского поэта Надежды Черновой, опубликованные в её книге стихов и эссе «Картины бытия» (1), организованы, преимущественно, сюжетами воспоминаний. Приблизительно с 2000-х годов ностальгия по безвозвратно ушедшим становится доминирующей в тематике, образности, сюжетике и интонации стихов поэта. Эволюцию творческого мироощущения очень точно «прокомментировала» поэт Л.Шашкова: «...Надежда Чернова выходит на совершенно новый уровень постижения бытия... И здесь существенен не столько ... развал огромной державы, утрата общего культурного и литературного поля... За эти глубины в поэзии ... дорого заплачено. Но, лелея и любя свои потери, не расставаясь с ними, душа её умиротворяется, расцветает и крепнет...» (1, с.4).

Какая же литературная форма, как не поэтический цикл, может наиболее полно отразить картину бытия, собранную по крупицам памяти? Названия циклов информируют в первую очередь о типе ведущей сюжетике: «Благодатный дом», «Былые дни», «Сны над бездной», «Звезда Марии (фантазии о Пушкине)».

Прихотливые ассоциации «ведут» лирическую героиню по лабиринтам памяти. Интересно построено в этом отношении ЛЦ «Благодатный дом». Сюжет цикла образует череда конкретно-биографических воспоминаний, где есть место бытовым деталям, географическим наименованиям, картинкам из детства:

...о том поет Иртышская вода (1, с.7),

...в горах золотого Усть-Камня... (1, с.20),

...Белый конь с холодной кличкой Север... (1, .14).

Примечательно, что художественный мир данного произведения пытается уравновесить, признать одновременность существования двух реальностей: прошедшей и настоящей. Об этом свидетельствует рефлексия лирической героини в режиме так называемого «реального времени», то и дело нарушающая течение сновидческих событий:

Пьет чай семья: отец и мать, и дети,

И тетушки приезжие – на свете

Ещё нас много, мы ещё родня... (1, с.6),

Помимо реалий одной судьбы хронотоп цикла Н.Черновой определяют и исторические события, значимые для каждого современника XX века. Каждый текст в сжатом виде отображает масштабный исторический ряд событий. Если это стихотворение о детских воспоминаниях, то в кульминации его информация-картинка – ядерный взрыв на Семипалатинском полигоне (текст 5); или реалии 1950-х годов; или портрет Сталина, под взглядом которого детям приходилось отбывать наказание в углу.

Собранный из 22-х пронумерованных стихотворений, контекст имеет выраженную кольцевую композицию: первый и последний тексты между собой тесно связаны

образами, темами, мотивами. Первое стихотворение задает «ключ» к пониманию контекста, последнее — обобщает, «закругляет» сюжет. Примечательно, что элегическая и радостно-сонетная тональности равно сопряжены в строках первого и последнего стихотворений.

Традиционно структура построения лирического цикла определяется семиотическим знаком круга (М.Дарвин) или спирали (Ж.Толысбаева). Сюжет каждого цикла образует движение по звеньям спирали: так в каждом стихотворении, входящем в циклический контекст, манифестируется идея незавершенности, открытости событийного ряда. В сюжетопостроении ЛЦ Н.Черновой проявляется настойчивое желание поэта «закруглить», гармонизировать художественное пространство в каждом отдельном стихотворении. О чем бы ни размышлял автор, к каким печальным и даже трагическим страницам истории ни обращался, он всегда радостно итожит эту картину бесконечного бытия:

...И вновь трава сырая

Ликует летним бесконечным днем... (1, с.7),

...Июль продолжался в огне золотом.

И сани взлетали кленовою птицей! (1, с.19)

Так циклический контекст выражает самую важную мировоззренческую ипостась поэта Н.Черновой — её абсолютное доверие жизни во всех проявлениях.

Использованная литература:

1. Н.Чернова. Картины бытия. Стихи, эссе. А., 2009, 312 с.

Аякөз НҮРСҰЛТАНОВА,
Қазақ ұлттық өнер
университетінің оқытушысы.
Астана қаласы.

АҚБАЛАНЫҢ КҮЙЛЕРІ

Қазақ музыка мәдениетін қалыптастыруда халық композиторларының өмірі мен шығармашылығын жинастырып, жан-жақты зерттеу қолға алынды. Бұл салада аянбай еңбек еткен белгілі академик Ахмет Жұбанов, Мұқан Төлебаев, Б.Ерзакович, Е.Брусилowski сияқты музыка мамандарының қажырлы еңбегінің арқасында музыка мәдениеті біршама жетістіктерге жетті. Осы уақытта Ахмет Қуанұлы Жұбановтың «Қазақ халық композиторларының өмірі мен шығармашылығы» атты көлемді еңбегімен қатар «Замана бұлбұлдары», «Ғасырлар пернесі» атты еңбектері жарық көрді.

Біз сөз еткелі отырған қазақтың күйшілік дәстүрінде халыққа кеңінен танылмаған, өзінің күйшілік мұрасы артынан ерген бір ғана шәкірті арқылы жеткен Оңтүстік Қазақстан облысында туып өскен күйші Ақбала Жаңқабылұлын оқырман қауымға кеңінен таныстырмақпыз.

Ақбала Жаңқабылұлы 1884-1945 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Жетісай ауданына қарасты Қараөзек деген жерде туған, кейін Шардараның Қызылқұм деген жеріне қоныс тебеді. Ақбала бала күнінен ерке өскен, сол елге аты шыққан, кейін өз бойындағы өнерін шыңдай келе сол өңірге белгілі күйші атанған. Ақбаланың атының Ақбала аталуының

себебі бар. Оны бала күнінде жеңгелері «аппак бала, ақ бала» деп еркелетіп Ақбала атанып кеткен. Ақбала күй ойнағанда көзін жұмып тартатын болған. Тыңдап отырғандар «Күй тартқанда көзіңді неге жұмып тартасың?» деп сұрағандарға «Күй – жауып тұрған қара бұлт секілді болып келеді, көзімді жұмбасам болмайды» дейді екен. Бір күйді бірнеше рет түрлендіріп тартатын болған. Ақбала Әлзақ, Шолақ, Әлшекей атты күйшілермен бірге үзеңгілес жүрген, күй тартудың қыр-сырын үйренген, ұстаз тұтқан. Әлшекейдің «**Терісқақпай**» атты күйін тыңдап, өзі де «**Терісқақпай**» деп күй шығарған.

Ақбаланың келбеті ақ сары, дөңгелек жүзді, көзі алақандай қап-қара, әдемі кісі болған. Қазіргі таңда Ақбаланың төлқұжатындағы суреті сақталған. Ол домбырада, қобызда, шаңқобызда ойнаған. Соғыс жылдарына дейін барлық аспаптарды тастамай тартып жүрген. Қызылқұм елінде қобыз тартатындар көп болған, бірақ соғыстан кейін қобызда ойнауға тыйым салған.

Ақбаланың арғы аталары да күйші болған. Негізінен Семей жерінен көшіп Түркістан жеріне, кейін жері құнарлы күнкөріске, малға отты жер болғандықтан Қызылқұм еліне қоныстанған, руы – Тобықты. Ақбаладан бастап қолдан жасалған аштықтан қырылған. Ақбаланы бай тұқымынан шыққан деп қудалай берген соң Тәжікстан жеріне көшіп кетеді.

Ақбаланың 1960 жылы туған Жолдасбай деген ұлы, 1942 жылы дүниеге келген Тұрған атты қызы болған. Екеуі де қайтыс болып кеткен, бірақ қазір немерелері Мақтарал жерінде бұрынғы аты Киров, қазір Фрунзе деген ауылда тұрады. Ақбаланың Хадиша атты әйелі болған. Кейін Күлән атты қызға үйленеді.

Ақбала күйші туралы белгілі күй зерттеушісі Ақселеу Сейдімбек былай дейді: «Ақбала күйлерінде негізінен өз басынан өткен уақиғалар, өзі куә болған тарихи-әлеуметтік жағдайлар арқау болып отырған. Ақбаланың күйлері туралы сөз қозғау өзінен-өзі оның жұмыр жолын қыдыра шолу болып шығады» (1).

Ақбала күйші жайында Ілия Жақанов «**Аққұдай қонған айдын көл**» атты мақаласында мынадай әңгіме жазады:

Ақбала күйшінің есімін, Қайыпназар атты күйшінің Сарыағаш елінде тұратын жездем Токта Диханбаевтан естігенмін. Ол кісі ертеде Қызылқұм жағында қызмет етіп, Қайыпназар күйшіні көп тыңдаған екен.

Қайыпназар Оразқожа сөзіне ілтипатпен илігіп, жайлап күй шерте бастады. Көкейдегі ойы кемеліне келіп, әлденеге іштей буырқанып, шабыты толқып атып, пәк сезімді шымырлатады, мөлдіретеді. Бір таңғажайып тып-тыныш тылсым сәттің әуені төгіледі.

- Бұл қандай күй, ақсақал?- деуге лаж болмады.

- Ақбаланың «Құлақ күйі»-деді ол.

- Ақбала?

- Е, Ақбала – ерен күйші еді, бір отырыста елу-алпыс күйді тоқтаусыз ағылтатын. Өзі орта бойлы, ақ сары өңді, сөзі майда, ақылға зерек, кішіпейіл, көргенді кісі болатын. Алдына бес жасар бала келсе де домбыра шертіп беретін. Қайыпназар домбыра шанағыналықылдап келіп құйылғалы тұрған күйлерді тежегісі келмеді.

- Мына бір күйлерді тыңдап көріңіздер,- деп шерте жөнелді.

Ұзақ шертті. Бірінің үні тәтті, сырлы, бірі күрсініс лебі, тағы бірі серпілген көңілдің тамылжыған шуағы ...

Бұл – Ақбаланың «Аянкеиш», «Кұлақ», «Терісқақпай», Бегман, Әлшекей, Еспан, Әлжақ, Шолақтың күйлері. Осы күйлердің барлығы – Сыр еліне белгілі күйлер. Ел оларды неше түрлі аңыз етіп айтады. Қайыпназар Ақбаладан он екі күй үйренген. Келе-келе төртеуін ұмытыпты. Қалған сегіз күйін қаз-қалпында қаймағын бұзбай сақтапты. Әңгіме ағысы Ақбала жағына ойыса беріп, беймәлім сырлардың ұшығы білінейін деді.

- Жаңағы күйшілердің күйлерін Ақбала ғана келтіріп тартатын. Ақбаламен 1932 жылы таныстым, - деп Қайыпназар өткен күннің елесіне көз тіккен жанша ойға кетті.

- Қалай таныстыңыз? - деймін әңгіме желісін бұзғым келмей.

Қайыпназар ойлана жымыған күйі сөзін жалғай берді ...

- Ол кезде таңды таңға ұрған алабұртқан жас кезіміз, ауданда қызмет етемін. Бір жолы жазда уәкіл боп он екінші ауылға шыға қалдым. Көкейімде Ақбала күйшіні көрсем деген ой жүретін. Ақбаланы бұл өңірде білмейтін жан жоқ, «Шіркіннің шертісі-ай» деп құлдық ұрып таңғалысып жатқан жұрт. Бәрі, «Е, Ақбаланы Ахмет мәшинесінің құдығынан табасыз» дейді. Мен қасымда ауыл жігіттері бар сол жерге қарай тарттым. Ақбала осы жерде дүкенге қарауыл екен. Таныстық. Тез шүйіркелесе кеттік. Қалақтай ғана домбырасын ал «сөйлетсін» кеп ...

Сол сапар Ақбаланы, оның төңірегіндегі Қалдарбек, Керімбек деген домбырашыларды тыңдаумен болдым. Ол – өмірдің бір ләззатты күндері екен ғой, - дейді (2).

Ақбала күйлерінде негізінен қобыз сарыны басым болып келетінін айта кеткен жөн. Ақбала күй

тартқанғанда оның оң қолының қағысы еш білінбейді, домбыраның бет қақпағын қатты қақпаламай тартады екен.

Заманында Ақбала Ұлмекен, Айжан, Аянкеш атты күйші қыздармен күй тартысқан. Олардың тартқан күйін Ақбала шаңқобызбен бұлжытпай қайталап тартып беретін болған. Сонда қыздар «Шаңқобыздың дыбысы ма, домбыраның дыбысы ма?» деп ажырата алмай қалған деген сөз де бар.

Ақбаланың әйелдер бейнесін бейнелейтін күйлері: «**Айжанның жүрісі-ай**», «**Аянкеш**» атты күйлер. Осындағы «**Айжанның жүрісі-ай**» атты күйі мына жәйтке байланысты шығарылған:

*«Ақбала күйші қыздармен күй тартысып жүріп, сол елдегі бір сұлу қызды ұнатып қалады. Өзі ұнатқан қызбен кездесіп, сөз байластырғысы келеді. Ол кезде қыздар аяғына кебіс киетін болған. Кебістің дыбысы түнгі жаңғырықпен қатты естіледі. Содан әлгі қыз аяғындағы кебісін шешіп алып, қара тікеннің үстімен жалаң аяқ жүреді. Қыздың жүрісіне арнап «**Айжанның жүрісі-ай**» деп күй шығарады.*

Ақбала күйші 1945 жылы Жизақ облысы, Фарыш ауданындағы «Қызылқұм» совхозында дүние салады.

Ақбала күйші жайындағы деректер жазбаша түрде қалдырылмаған. Күйші жайында ел ішінде естелік сөздер мен әңгімелерді көп кездестіруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Сейдімбек. Қазақтың күй өнері. Астана, «Күлтегін», 2002, 670-675-б.
2. Ілия Жақанов. Аққудай қонған айдын көл. «Жұлдыз», 1987, №2, 172, 173-б.
3. Күйші Шағдар Ақылбековтың жеке қорындағы материалдар.

4. Аралбай Хожабеков. «Ақбала күйші». Қазақ әдебиеті. 1986, 14 қараша.

5. Бөрі Иса. Мырзашөл өңірінің күйлері. Шымкент, 2009.

Айжанның жүрісі

2 түрі

Ақбала Жанқабылұлы

орташа екпінде

The musical score is written for piano in G major and 2/4 time. It consists of 11 staves. The first two staves show the right and left hand parts respectively. The remaining nine staves are for the right hand, featuring a complex rhythmic pattern with triplets and a key signature change to F major in the final section.

The first system of the musical score consists of 11 staves. The top staff is in G major and 4/4 time, featuring a melody with eighth and sixteenth notes. The second staff continues the melody with similar rhythmic patterns. The third staff is in G minor, showing a change in mood with a more somber harmonic palette. The fourth staff continues this minor key melody. The fifth staff is in G major again, with a more active melodic line. The sixth staff continues this active melody. The seventh staff is in G major, 3/4 time, with a steady eighth-note accompaniment. The eighth staff continues this accompaniment. The ninth staff is in G major, 3/4 time, with a steady eighth-note accompaniment. The tenth staff continues this accompaniment. The eleventh staff is in G major, 3/4 time, with a steady eighth-note accompaniment, ending with a triplet of eighth notes.

3

The second system of the musical score consists of 3 staves. The top staff is in G major, 3/4 time, with a steady eighth-note accompaniment. The middle staff is in G major, 3/4 time, with a steady eighth-note accompaniment. The bottom staff is in G major, 3/4 time, with a steady eighth-note accompaniment, ending with a triplet of eighth notes.

Самат МӘЛІМБАЙ,
Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің музыкалық білім
және хореография кафедрасының
оқытушысы, дирижер-композитор,
ҚР Мәдениет қайраткері.

ҚАЗАҚТЫҢ САЗ АСПАПТАРЫ

Қазақ халқы – еуразияның ұлы даласында бірнеше мың жылдар бойы көшпелі өмірді бастан кешіп, төлтума мәдениет қалыптастырған және жалпыадамзаттық өркениетте алар өзіндік орыны бар халық. Халқымыздың, ең алдымен, сөз өнері, музыка өнері және қолөнері мәдени-рухани кұбылыс ретінде назар аудартады. Қазақ даласында сонау VIII ғасырдың өзінде-ақ музыкалық мәдениет ән түрінде (вокалды музыка) және күй түрінде (аспаптық музыка) көрініс тауып, музыкалық жанрлар сараланып үлгерді. Тал бесіктен жер бесікке түскенге дейінгі дала жұртшылығының жан серігі болған ән өнерінің қоғамдық-әлеуметтік сипаты, тәрбиелік мәні халқымыздың санасынан бір сәт тысқары қалған емес. Өйткені ән қанатында халық ойының тереңдігі, шексіз қиялы, кестелі, орамды шешен тілі берік сақталып, заманның алдын орап, кейінгіге тарап отырды. Ұрпақ тәрбиесіне айырықша мән берген ата-бабамыз сұлу ән, асыл сөздің кестесімен сәби жүрегін тербеп, ой-санасын игі адамгершілікке жетеледі. Қазақ күйлерінің тарихи пайда болу, даму жолдары, күйдің өмір шындығын бейнелеудегі өзіндік ерекшеліктері қазақ күйлерінің сөз өнерімен шендесіп жататын синкретті сипатын танытады [1.

А.Сейдімбек. «Күй шежіре»]. Қазақтың әншілік өнерінде де, күйшілік өнерінде де, би өнерінде де саз аспаптары ерекше орын алады. Өйткені саз аспаптары адамның ой-қиялын, көңілдегі айтайын деген тылсым сырларын бейнелейтін бірден-бір құрал. Қазақтың саз аспаптары қымбат мәдени құндылықтар ретінде бүгінгі күнге терең ғасырлар қойнауынан жетті. Оларды ұрпақтан-ұрпаққа халықтан шыққан өнер майталмандары жеткізіп отырды. Көне замандарда саз аспаптары балшықтан, ағаштан, түрлі өсімдіктерден, жануарлар терісі, сүйектері мен мүйізінен, құстардың қауырсындарынан, ішектері мен ыспасы жылқының қылынан, тарамысынан жасалған. Ал, дамыған ұсталық өнері аспаптардың бөліктерін, әшекейлерін темірден, күмістен жасауға мүмкіндік берген. Саз аспаптарының түр-түрпаты туралы жазбаларды қазақ жерінде болған саяхатшылар мен ғалымдардың жазба еңбектерінен, батырлық эпостардан, аңыздардан, халық поэмаларынан кездестіруге болады. Көптеген тарихи ескерткіштер, археологиялық қазбалар, шығыс ғалымдарының трактаттары, саяхатшылар мен этнографтардың жазбалары, қазіргі заманғы зерттеушілердің ғылыми еңбектері қазақтың саз аспаптарының алуан түрлілігін көрсетеді. Көне саз аспаптары жайлы құнды деректер орта ғасырларда өмір сүрген ұлы ағартушы ғалым Әбу Насыр әл Фарабидің, шет елдер мен орыс этнограф ғалымдары А.Левшиннің, И.Липатовтың, А.Эйхгорнның, В.Беляевтың, В.Виноградовтың, А.Затаевичтің және т.б. еңбектерінде кездеседі.

Қазақтың саз аспаптарын Мәскеу, Петербор, Алматы, Семейдің мұражайларынан табуға болады. Қазіргі кезде көне саз аспаптарының 40-тан астам

түрі белгілі болып отыр. Қазақтың саз аспаптарын зерттеу мен қалпына келтіруде теңдессіз еңбек сіңірген – профессор Болат Сарыбаев. Б.Сарыбаев қазақтың саз аспаптарын үрлемелі – *аэрофондар*, топтары: сыбызғылар, тілшіктілер, мундштуктілер; ішектілер – *хордофондар*, топтары: шертпелі, ыспалы; ұрмалылар – *мембранофондар*, топтары: мембраналы, ұрмалы, өздігінен дыбысталатындар – идиофондар деп негізгі үш топқа бөлген [2. Б.Сарыбаев. «Қазақтың ұлттық аспаптары»].

Қазақтың саз аспаптарын дыбыстау тәсілдеріне, дыбыс ерекшеліктеріне қарай **5 топқа** бөлуге болады:

I топ – үрлемелі аспаптар тобы:

1. Сыбызғылар: шыңырау, ысқырық, сыбызғы, қурай.
2. Уілдектер: үскірік, тастауық, уілдек.
3. Сарнамалылар: сырнай, ауыз сырнай, қамыс сырнай, қауырсын сырнай, мес сырнай немесе желбуаз, қос сырнай, мүйіз сырнай, керней, ұран, бұғышак.

II топ – шертпелі-ішекті аспаптар тобы:

1. Шіңкілдек.
2. Шертер.
3. Домбыралар: қуыс мойын домбыра, тұмар домбыра, үш ішекті домбыра, қос саз домбыра, кең шанақты домбыра.
4. Көп ішектілер: жетіген, адырна.

III топ – ыспалы ішекті аспаптар тобы:

1. Сым ішекті қобыз.
2. Жез қобыз.
3. Қыл қобыз.
4. Нар қобыз.
5. Егек.
6. Сазген.
7. Бозаншы.

IV топ: тілшікті аспаптар – шаңқобыз тобы.

V топ – ұрмалы аспаптар тобы:

1. Дабылды аспаптар: дауылпаз, даңғыра, дабыл, кепшік, дудыға, дүңкілдек, шыңдауыл.
2. Тоқылдақтар: тоқылдақ, шартылдақ, тұяқ тас.
3. Қоңыраулылар: қоңырау, жыланбас.
4. Сылдырмақтылар: асатаяқ, салпыншақты, күлдіреуікті, шығыршықты.
5. Шыңылды аспаптар: шың, тай тұяқ, қой тұяқ, сиыр көз.

Енді, әрбір аспаптар тобын жеке-жеке саралап, сараптап көрейік. Жоғарыда біз саз аспаптарын дыбыстау тәсілдеріне және дыбыс ерекшеліктеріне қарай топтастырылатынын айтып өткенбіз. Үрлемелі аспаптар тобының өзін дыбыс ерекшеліктеріне қарай үш топқа бөлуге болады: 1) сыбызғылар – дыбыс биіктігі жоғары аспаптар; 2) уілдектер – дыбыс бояуы нәзік аспаптар; 3) сарнамалылар – дыбыс биіктігі төмен және дыбыс бояуы сарнамалы аспаптар тобы.

Қазіргі кезде барлық фольклорлы ансамбльдердің аспаптық құрамында кездесетін уілдектер тобына жататын **саз сырнай** аталатын аспап бар. Біздіңше, аспаптың атауы аспаптың заттық құрамына да, дыбыс бояуына да еш сәйкес келмейді. Яғни, аспапқа атауы дұрыс берілмеген. Енді осы көзқарасымызға талдау жасап көрейік.

Саз сырнай атауы қайдан пайда болған? Аспап көне Отырар қаласына археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу кезінде табылған. Табылған жәдігер саз аспабы екендігі анықталған соң ғалымдарға ол аспаптың атауын табу керек болды. Ол атау халық жадында сақталмағандықтан, аспапқа ат қоюға тура келген. Сөйтіп, аспап – саздан жасалған сырнай, яғни, саз-

сырнай атауына ие болды.

Қазақ ешқашан саз аспаптарына заттық құрамына қарай атау бермеген. Олай болған жағдайда домбыра – ағаш домбыра, шертер – тері шертер болып аталатын еді. Қыл қобыз атауы да дұрыс емес. Негізінде қобыз ғана болған.

Саз сырнайдың заттық құрамына келетін болсақ, аспап атауының бірінші бөлігі – саз деген сөз нені білдіреді? Біріншіден, саз – музыка, әуен деген мағынада бола алады. Екіншіден, саз – топонимикалық мағынада, сазды жер. Яғни, сулы, батпақты, балдырлы, өсімдікті жер. Тірі жәндік, жануарлар түсіп кетсе, тартып әкететін, батып кететін жер. Ондай саз батпақтан ешқандай зат, бұйым, аспап жасалмайды. Керамикалық бұйымдыр, ыдыс-аяқ, саз аспабы арнаулы иленген балшықтан жасалады. Оған кез келген балшық жарамайды, яғни, заттық негізі, құрамы – саз емес балшық.

Ал, енді аспап атауының екінші бөлігі – сырнайды сараптап көрейік. Жоғарыда айтып өткендей, үрлемелі аспаптарды дыбыс ерекшеліктеріне, бояуына қарай үш топқа бөлдік. Саз сырнайдың дыбысы, үні сырнайдан гөрі уілдекке жақын. Аспаптың дыбысы уілдеп, үскіріп шығады. Ал, сырнай – сарнамалы аспап Абай атамыздың «Қыс» деген өлеңінде «Дем алысы – үскірік, аяз бен қар» деген жолдар кездеседі. Біздің аспабымыздың үні сол аяз бен қар секілді үскіріп шығады. Сондықтан да аспаптың атауы **үскірік** деуге әбден тұрарлық. Аспаптың атауын заттық құрамына қарай атағаннан гөрі дыбыстық қасиетіне қарай атаған әлдеқайда маңыздырақ. Оның үстіне **үскіріктің** үнін сырнайдың, мес сырнайдың, қамыс сырнайдың дыбысымен салыстыруға еш келмейді.

Осы тұста айта кетерлік жай, үскірік аспабын қалпына келтіртіп, оркестрлер мен ансамбльдердің аспаптық құрамынан ойып тұрып орын алып берген — Болат Сарыбаевтың еңбегі.

Қазақ даласына оркестр ұғымы ХХ ғасырдың отызыншы жылдары келді. Академик Ахмет Жұбанов ең алғаш 1934 жылы орыстың В.Андреев атындағы халық аспаптар оркестрі үлгісінде және симфониялық оркестрдің негізінде қазақтың халық аспаптар оркестрін ұйымдастырды. Оркестрдің аспаптық құрамын қалыптастыру үшін барлық аспаптарды классификациялау қажет болды. Міне, сол тұста домбыра прима, домбыра секунда, домбыра альт, домбыра тенор, домбыра бас, домбыра контрабас, сол сияқты прима қобыз, альт қобыз, бас қобыз, контрабас қобыз атауларымен бірге **қыл қобыз** атауы да пайда болды.

Жоғарыда көрсетілген мұражайда тұрған алпыс екі түрлі аспаптың республикамыздың барлық оркестрлері мен ансамбльдері жиырма шақтысын ғана қолданады. Өйткені, ол аспаптардың басым көпшілігі әлі жете зерттелмеген және оркестрлер пайдаланатын қалыпқа келтіріліп, жетілдірілмеген. Мысалы, керней, бұғышақ, мес сырнай аспаптарын елімізде жасайтын шеберлер жоқ. Себебі ол аспаптардың жасалу технологиясын, тіпті, дыбысын шығару тәсілдерін білмейді. Сондықтан ол аспаптарды шет елдерден алдыруға мәжбүрміз. Ал, егек, сазген, бозаншы аспаптарын зерттеген адам жоқ. Жетіген мен адырна аспаптары әлі де шегіне жеткізілмеген. Өйткені аспаптарды қолдану кезінде кемшін тұстары байқалып жатады.

Қорыта келгенде, байқап қарасаңыз, қазақтың ұлттық саз аспаптарында әлі де зерттелмеген, орыны

толмаған ақтандақтар бар екендігі көрініс табады. Осы ақтандақтардың орынын толтыру – болашақтың еншісіндегі атқарылатын киелі міндет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Сейдімбек. Күй шежіре. Алматы; КРАМДС. Яссауи, 1992.
2. Б.Сарыбаев. Қазақтың ұлттық аспаптары. А., 1980.

Резюме

Данная статья рассматривает классификацию фольклорных и оркестровых инструментов, а так же рассматривает не правильность названия духового фольклорного инструмента саз сырнай.

Summary

This article examines the Kazakh folk instruments, folk instruments and classificatsion of orchestral instruments and does not consider the correctness of folk wind instrument saz syrnai.



Ләтипа ЖҮКЕНҚЫЗЫ,
Шығыс Қазақстан облысының
Жарма ауданындағы
«Қалбатау» өнер мектебінің
теория-солфеджио сыныбының мұғалімі.

ИНТЕРВАЛДАР

Ұстанымы: *«Музыка – дыбыстың бір-бірімен үйлесім табуындағы гажсап өнер».*

Оқыту мен тәрбиелеудің міндеттері: білімділігі – оқушыларды музыкалы мәдениетті, теориялық сауатты болуға үйрету, музыкалық дыбыстарды ажырату және

өлестету сезімдерін жетілдіру; **дамытушылық** — өзіндік ішкі мүмкіндіктерін толық пайдалана білуін қалыптастыру, музыкалық қабілетін өсіру, іздену мен шығармашылық ойлауға жағдай туғызу; **тәрбиелік** — оқылған материалдарды қайта жаңғырту әдісімен берік игертіп, оны қолдануды іске асыру, өнерге деген талғамын қалыптастыру.

Мақсаты: әуендік құбылыстар мен түсініктерді таныту, жазба әуендерді көзбен оқу арқылы сараптама жасау; қандай әуен беретінін аспапсыз-ақ анықтай білуге дағдыландыру; сольфеджио нәтижесінде шығарманы аспапта сараптап шығару.

Типі: ізденіс сабағы. **Түрі:** білімді бекіту және іскерлікті қалыптастыру. **Әдіс-тәсілдер:** коммуникативті әдіс, музыканы саралау сұрақтарын қою, оқытудың ұжымдық тәсілі, музыка тыңдау, ән айту, талдау, кестелермен жұмыс.

Дидактикалық көрнекілік құралдары: аудио-аппаратуралары, репродукциялық (көрсетпе) кәртішкелер, зертханалық-тәжірибелік оқу құралдары: ноталық материалдар, музыкалық аспаптар, таблицалар мен блок схемалар.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: музыкалық сәлем, оқушыларды түгелдеу, ұжымдық топпен орналастыру.

Сабақ жүйесінен хабарлама.

II. Үй жұмысын тексеру (әдісі: сұрақ-жауап).

III. Ізденіс тәсіліндегі топтық жұмыс. Оқушыларға алдын-ала берілген шығармашылық жұмыстану шартындағы тапсырмалар орындалады.

Іс-әрекет түрі:

1. Мұғалім көрсетпе құрал қолдану арқылы әрбір топтың өз интервалдарын еске түсіруін талап етеді.

2. Әрбір топ ізденіс әрекетінде дайындаған музыкалық шығармаларын орындайды.

а) таңдалған шығарма түрі мен интервалдық дыбыстар туралы мәлімет, талдау;

ә) шығарманың сауатты түрде орындалуы.

Интервал түрлері	Топ атаулары	Орындалатын музыкалық шығарма	Жанрлық түрі
Прима Секунда	«Әуен»	Орыстың халық әні «Белая березенька» Укр.халық әні «Ой,ты, дивчино»	Екі дауыстағы вокал
Терция Кварта	«Ырғақ»	Соловьев-седой «Подмосковные вечера»	Вокал
Квинта Секста	«Сазгер»	Операдан үзінді «Пан Коцкий»	Сүйемелдеумен орындалатын ария
Септима Октава	«Өнер»	Украин халық әні «Ой, ты, дивчино»	Аспаптық шығарма

III. Ізденіс тәсіліндегі топтық жұмыс.

Іс-әрекет түрі: әрбір топтың атауы мен эмблемасы негізінде өз топтарын қорғауы.

Ойын технологиясы тәсіліндегі жұмыс.

Тапсырма әдістері	Топ атаулары	Тапсырма мазмұны	Жауаптары
Тірек-сөздер беріледі.	«Әуен»	«ән-күй», «интервалдардың қалыптасуы», «музыкалық шығарма», «эстетикалық, көркемдік» тірек-сөздері арқылы тақырыптық ұғым туралы баяндау.	Интервалдардың жүйелі қалыптасуы әрекетінде көркемдік-эстетикалық қалыптағы ән-күйлер мен т.б. музыка жанрлары туындайды.

Жұмбақ сұрақ.	«Бірғақ»	Интервалдар музыкалық шығармалардың қай жерінде кездеспейді?	Интервалдардың музыкада кездеспейтін жері жоқ. Музыка құрылысындағы әрбір буын интервалдардан тұрады.
Көрнекілік құрал арқылы сандарды көрсету.	«Сазгер»	Сандық құралда көрсетілген мәлімет бойынша интервал түрін атау.	Прима, секунда, терция, кварта, квинта, секста, септима, октава
Музыкалық дыбыс (нота) белгіленген кәртішке беріледі.	«Өнер»	Берілген дыбыс негізінде интервал құра және мысал келтір.	Ми, фа, ре, си, до ноталарынан К3, Т4, Т8, Б3, К6, т.б. интервалдарды құру.

IV. Бекіту әдістері.

Әр топтың алдына И.Нүсіпбаевтың «Жас дәуірдің түлегіміз» әнінің толық нота жазбасы таратылады.

Әрбір топ сол әннен өз интервалдарын тауып, интервалдық музыка сараптамасын жасайды.

4 топ бірігіп 2 ширектік өлшемде дирижерлеп, әнді сауатты түрде орындайды.

Мұғалімнің ой-түйіні: - Музыка дыбысы – өзіндік мәні мен маңызы бар дыбыс екендігі әр уақытта жадыларыңда болуы тиіс.

«Мемлекетіміздің мәдени болашағы-жас ұрпақтар қолында» десек, ол – сендерсіңдер.

V. Үйге тапсырма: а) ля, фа; соль, ми; си, фа; ре, до; ми, соль; фа, си интервалдарын дәптерлеріне жазу; ә) «Жас дәуірдің түлегіміз» әнінің ноталарын жаттау.

VI. Оқушылар білімін бағалау.

ЛЕГАТОМЕН ОЙНАУ

Сабақтың мақсаты: 1) үйрету, меңгеру, түсінік беру; 2) оқушының аспапта ойнау белсенділік қабілетін дамыту, технологиясын жетілдіру. Өздік жұмыс арқылы оқушының аспапта ойнау, нотаны тез оқып үйренуін дамыту; 3) оқушының өнерге қызығушылығын арттыру, өнерге баулу.


Түрі: аралас, қорытынды сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, бірігіп ойнау, шығармашылық жұмыс. **Көрнекілігі:** кітаптар, музыкалық аспап.

Сабақтың барысы:

1. Оқушымен амандасу, дұрыс отырғызып, сабаққа әзірлігін тексеру (қойылым).



Қолды, саусақтарды дұрыс қою.



2. Кәртiшкемен жұмыс. Жаттығулар арқылы оң мен сол қолды жүргізіп үйрету.

Бірінші саусақты дұрыс қою;



- Гамма дегеніміз не?
- Гамма – до мажор, әр қолмен бөлек ойнау (екі октава).
- Соль мажорды қалай табамыз? (квинта шеңбері)
- Фа диез қайдан шықты? (екі тон, жарты тон, үш тон, жарты тон)
- Соль мажордың гаммасын ойнау.

До мажор, соль мажор-екі қолмен бірге ойнау, екі жаққа бөлініп ойнау (расходящееся). Саусақтарды дұрыс алу.

3. Аккорд дегеніміз не? Тұрақты және тұрақсыз дыбыстар. Аккордты толық алу: до мажор, соль мажор.

4. До мажордың хроматикалық гаммасын үйрету (оң қолды).

5. Этюд дегеніміз – арнаулы аспапқа жазылған шығарма. Этюд қолдың техникасын (тез ойнау) арттырады. Біздің бүгінгі тақырыбымыз “Легатомен ойнау”. Қазіргі ойнайтын А.Николаевтың «Этюдında» да легато кезігеді.

6. А.Николаевтың «Этюд» шығармасын жатқа ойнау.

Жаңа сабақ: Легатомен ойнау. Вариация. «Во саду ли в огороде», И.Беркович.

1.Вариация – өзгерту, берілген бір әнді неше түрге

салып кұбылту, өрнектеу, әдемілеп әсерлеу. Бірақ әрбір вариацияда берілген әннің әуені естіліп тұрады.

«Во саду ли в огороде» шығармасының вариациясының бірінші бөлімін жатқа ойнау (стокатто) екінші бөлімін (легато) нотамен ойнап шығу, бөліп, фразамен ойнау.

2. «Нидерландский танец» шығармасын аяғына дейін жалғастырып, бөліп, фразамен жаттау.

3. «Идет дождь» шығармасын ортасына дейін жалғастыру.

Үй жұмысын тексеру:

Бас кілттінің нотасын, кіші және үлкен октаваның, 2-октаваның ноталарын атап ойнау (кәртішке).

«Сулико» грузин халық әнін легатомен ойнау. Паузада қолды көтеру.

«В мире животных» шығармасында аккордты толық алу, ауыстырғанда пауза жасамау.

Өткен шығармаларды қайталау, ойнау:

«Осенняя песенка», Абелев – легатомен ойнау.

«Ой ті дівчіно» украин халық әнін легатомен ойнау.

Легатоның стокатодан айырмашылығын көрсету.

«Янка» беларус халық биін оқушыға ойнап беру. Айырмашылығын көрсету.

Ансамбль «Тень-тень» мұғалімімен қосылып ән айтып ойнау.

Парақтан оқу: татар халық әнін легатомен ойнау.

Е.Юцевичтің «Колыбельнаясын» легатомен ойнау.

Қорытындылау: А.Николаевтың «Этюд»

шығармасын тоқтамай ойнау. Вариация «Во саду ли в огороде» шығармасының екінші бөлімін жаттау. Өткен шығармаларды мәнерлеп, дыбыстарын таза, әндете, өзінді тыңдап, нюанстармен ойнау.

Бағалау: баға қою, күнделікке үй жұмысын жазу.

Гүлзат САҒЫНДЫҚОВА,
«Қайнар» университетінің
аға оқытушысы,
филология магистрі.

ОҢТҮСТІК ӨҢІРІ ДИАЛЕКТ СӨЗДЕРІНІҢ ЛИНГВОПОЭТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Қазіргі уақытта гуманитарлық ғылымдардың зерттеу аясы барынша кеңі түсті. Тіл білімінің бір саласында зерттеу жүргізу үшін мәдениеттану, өнертану, құрылымдық әдебиеттану, әлеуметтану, тарих, антропология, т.б. сынды ғылым салаларының жетістіктеріне де тоқталмай кете алмайсыз. Мұны, ең алдымен, тілдің тек қарым-қатынастық ерекшелігінен өзге мәдени, рухани арналарын тереңдеп зерттеу қажеттілігі де алға шыққандығымен түсіндіруге болады. Бұл тұрғыда сөзімізді лингвомәдениеттанымдық зерттеу еңбектері нақтылай түседі. Лингвомәдениеттанулық зерттеулердің негізгі бағыты ғасырлар бойындағы рухани концепт жетістіктері мен тәжірибелерін, адамзаттық ақиқат белгілерін таңбалайтын тұрақты тілдік бірліктерді зерттеу. Бұл, әсіресе, көркем мәтіндерде айырықша көрініс табады. Көркем мәтін табиғатын зерделеу мәселесі өз кезегінде лингвопоэтикалық өлшемдермен тікелей байланысты.

Ахмет Байтұрсынов тілдің міндетін, оның көркем әдебиетке қатысты ара-қатынасын сөз еткенде оның «ақылға, қиялға, көңілге» барып тірелетінін айтады. Ғалым бұл классификацияны тілдің мағыналық тереңдігіне байланыстыра отырып түсіндіреді: «Тілдің міндеті — ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзегенін меңзегенше, көңілдің түйгенін түйгенінше айтуға жарату».

Себебі, көркем сөз – ұлттық бітім-болмысты, ұлттық психологияны, ұлттың дүниетанымы мен оның өмір сүру тәжірибесін, ұлттық салт-дәстүр мен наным-сенімін таныстыратын біртұтас дүние.

Лингвоелтанымдық зерттеулер мәдени константаларды екі немесе үш тілде өзара салыстыра отырып, ұлттық нышандарын айқындайтын, сол елдің болмыс-бітімін, халықтың мінез-құлқы мен тұрмыстық ерекшеліктерін ажыратып көрсететін тілдік ұғымдар мен белгілерді зерттеу. Бұл бағытта қарастырылатын объектілер белгілі бір елдің немесе ұлттың өзіне тән белгілерін, басқа ұлтта жоқ өзіндік нышандарын көрсете алатын тілдік бірліктер болуы керек. Мысалы, қазақ тілінде белгілі бір ұғымды ауыспалы мағынада түсіндіру үшін өздері күнделікті көріп жүрген, болмысы әбден танылған ұғымдарды қолданады. Бұл бағыттың іргетасы В фон Гумбольдт, Я.Гримм, Ф де Соссюр, Р.Раск, Э.Сепир, Б.Уорф, А.Потебня, Г.Штейнталь, Ж.Вандриес еңбектерінде қаланды.

Осы тұрғыда мақалада еліміздің оңтүстік өңірінен шыққан жазушылардың туындыларындағы жергілікті тіл ерекшеліктерінің танымдық мәні, этнолингвистикалық табиғатын қарастыруды мақсат тұттық. Тақырыпқа қатысты зерттеулерді айтқанда М.Атабаеваның, Ж.Мұхамбетовтың, А.Есенбайдың еңбектерін арнайы атауға болады.

М.Атабаеваның еңбегі қазақ тіліне ортақ этнодиалектизмдерге арналса, Ж.Мұхамбетов кандидаттық диссертациясында Батыс Қазақстан аймағындағы тұрғындар тіліндегі этнодиалектизмдерді талдауды мақсат еткен. Анар Есенбайдың кандидаттық жұмысында Сыр өңірі тұрғындары тіліндегі лексикалық, грамматикалық, фонетикалық ерекшеліктерін материалдық мәдениет атауларының ұлттық-мәдени этнолингвистикалық сипатын арнайы қарастырған.

Тіл білімі ғылымында тілдік мағыналық қатынастар соңғы кездері арнайы зерттеу нысанына айналуда. Тіл – ой мен сананың айнасы болғандықтан толыққанды мағыналық бірлік қалыптастыратын қасиетке ие. В.И.Постовалова бұл туралы: «Обращение к теме человеческого фактора в языке свидетельствует о важнейшем методологическом сдвиге, наметившемся в современной лингвистике – о смене ее базисной парадигматике и переходе от лингвистики «имманентной» с ее установкой рассматривать язык «в самом себе и для себя» к лингвистике антропологической, предполагающей изучать язык в тесной связи с человеком, его сознанием, мышлением, духовно-практической деятельностью», - дейді. [1, 16б.]. Академик Р.Сыздық көркем әдебиеттегі лексикалық нормалардың басты белгілері ретінде тоғыз ерекшелігін анықтап берді: 1) диалектизмдердің (жергілікті элементтердің) жұмсалуды, көркем әдебиет тіліндегі көрінісі, күй-қалпы, өріс алу бағыты; 2) жалпыхалықтық тілге тән бейнелі (образды) сөздерді жұмсау тәсілі, фразеологизмдердің сөгілуі; 3) қарапайым, көне, сирек кездесетін сөздердің жұмсалуды; 4) синонимдерді таңдау, идеографиялық және стильдік синонимдердің қолданысы; 5) лексикалық жаңа қолданыстардың орын алуы (қажетсіз тұста жаңадан сөз жасау немесе қажеті бар жерде ұсынылған жаңа қолданыстың сәтті-сәтсіз болуы); 6) штамп сөздер мен тіркестерді қолдану, сөздердің тіркесу аясын кеңіту арқылы сөз мағыналарын жаңғырту; 7) лексикалық варианттардың қолданысы, яғни, морфологиялық, орфографиялық, семантикалық, генезистік, т.б. жарыспалы элементтердің дұрыс-бұрыс жұмсалуды; 8) белгілі бір сөз тудырушы элементтердің және синтаксистік тәсілдердің көркем әдебиет тілінде активтенуі; 9) көркем әдеби тіл арқылы лексиканың стильдік жіктерге (поэтизм, қарапайым сөздер,

канцеляризм, т.т.) ажыратыла түсуі [2, 228-б.].

Осыған байланысты С.Аманжолов: «Диалектная лексика подчиняется внутренним законам художественной структуры произведения и находится в сложных системных отношениях с разными ее уровнями. Поэтому ее контекстуально-художественное назначение можно вскрыть лишь при выявлении этих отношений о позиций внутренних законов построения произведения» [3, 45б.], - деп жазады. Б.Қалиев: «Диалектизм болу үшін лексикалық единицаның, ең алдымен, әдеби тілімізде баламасы болу керек, одан кейін оның таралу шегі (изоглоссасы) болуы шарт. Мұны айтып отырған себебіміз – кейбір жолдастар диалектілік белгілердің ең негізгі таңбасы – оның территориялық сипаты деп түсінеді» дегенді баса айтады [4, 152б.].

Көркем сөздегі жергілікті тіл ерекшеліктері өзіндік ішкі құрылымдарымен айқындалады. Ол, ең алдымен, авторлық ұстанымдардың кейіпкер тілімен берілуі. Төмендегі келтірілген мысалдардан осыны байқауға болады.

Мысалы: - Жас төлдерді *ішіктіріп* алатын болдыңдар – деп тұрмын.

- *Ішіккені* несі?- деді завхоз онша түсіне қоймай. [5, 18-б.] /«*ішіккені*» - *ішқұса болғаны*/

- Ішіккен төл суға жарымаған *пәлек* сияқты пүш болып, буылып қалады. [5, 18-б.] /«*пәлек*»- *қауын-қарбыз сабағы*/.

- Өркениеттер шарықтауына *шәк* келтіруге бола ма? [5]. /«*шәк*» - *күмән* /

- Нең кем?- деп, оған Әбду мысқылдай қарады, - Бірдемең кем деп жатқан біреу бар ма? *Қасқа*, ондай сөзді қой. Өзіңмен өзің сөйлесіп, немене, жын көрінді ме? [7, 121-б.].

Және бір айта кетер жайт, көбіне авторлық мәтіндерде де диалект сөздердің қолданылуы айырықшаланып тұратыны мәлім.

Мысалы: Жамантаевтан жұрт бөжсек көргендей қорқатын еді. [5, 5-б.] /«бөжсек» - қорқынышты /

Түс ауа екі аяқты «Иж» мотоциклін шайланың астынан сүйреп шығарып, жылтыратып сүртті. [5, 14-б.] /«шайла» - үйшік /

Үстіне көк жібектен тіккен қытайлық «Адидас» формасын киіп, басына әлгі Қалиевтікіне ұқсас айуаны қалақтай ақ телпекті самайы сәл ашыла бастаған сопақ басына басып қондырып алды. [5, 14-б.] /«айуаны» - төбесі /

Дәптерді жауып, ыстық шайды бір пиаладан бір пиалаға сапырып, шақпақ қанттан шырт тістеп қойып, сораптап ішті [5, 16-б.] / пиала - кесе /

Шопанға алың-келің деген жоқ. [5, 16-б.] /«алың келің» - өзбек халқының ұлттық мәдени ерекшелігін негізге алып айтылған сөз /

Лексика-фонетикалық таңбалар жүйесін құратын аталмыш сөздерді уәжді қолданыстар қатарына жатқызуға келмейді. Себебі, бұлар белгілі бір деңгейде кейіпкер мінезін ашуға қызмет етіп тұрғанымен, мәтіннің жалпы стратегиялық мазмұнын ашуды көздеп тұрған жоқ. Аймақтық сөйлеу ерекшеліктерінің теориялық әрі іс-тәжірбиелік мәнін арнайы зерттеген ғалым Анар Есенбай: «Көркем мәтінде кездесетін кейбір диалект сөздердің орынсыз қолданылуын да арнайы зерттеп, көркем мәтінде жалпыхалықтық әдеби тілдің нормасын сақтау қағидаларын негіздеу керек» екендігін баса айтады. Бұған дәлел ретінде ғалым Ш.Сарыбаевтың көркем әдебиеттердегі кейбір диалектизмдердің орынсыз қолданылуынан болатын кемшіліктерін мысал ретінде келтіре кетеді: «Кейбір жазушылардың әдеби тілімізде қалыптасқан сөздердің орнына жалпыхалықтық сипат алмаған, тосаң естілетін сөздерді өз баяндауларында жиі қолдануын біз құптай алмаймыз» дей келе, «Ақ Жайық» романындағы жар (қабырға), шаттауық (жаңғақ),

қалай-солай (қалай болса солай), мадықтау (мадақтау) сөздерінің мәтінге көркемдік сипат бере алмайтынын көрсетеді. Сонымен қатар көпшілікке мүлде түсініксіз диалектизмдердің де көркем әдебиеттерде берілмеуін ескере отырып, осындай қолданыстардың Ғ.Сланов пен Ә.Нұрпейісов шығармаларында кездесетінін дәйектеп көрсетеді: *жуырқан (көрпе), жары (жартысы), келе-жағында*.

Қызылорда өңіріндегі жазушылардың көркем туындыларынан әдеби баламасы бола тұра белгілі бір семантикалық міндет жүктелмеген сөздерді кездестіруге болады. Мұндай қолданыстар өз кезегінде көркем мәтіннің мағыналық және көркемдік бүтіндігіне кері әсерін тигізіп жатады. Себебі, төменде берілген мысалдар диалог не монолог барысындағы мәтіндер емес, авторлық баяндауларда берілген.

Мысалы: Қозылар аяқтана келе, ауылдардың біразы батысқа, Торғай өзеніне қарай беттесе, біразы Жезқазғандағы Қаракенгірге *құлдайтын* болған. [8, 14-б.] /«құлдайтын» – орналастыру/.

Ақ тақырдың бетін шиырлап тастаған көне сүрлеудің санынан *мана* әзірде-ақ жаңылғам. [8, 16-б.] /«мана» – бағана/.

Кәнігі жүргізушілер табаны ойылып кеткен қара жолдардан гөрі көне сүрлеу, сара соқпақтардың сорабын *қолайттайды*. [8, 16-б.] /«қолайттау» - дұрыс көреді/.

Тас жолдың екі беті – *қорыс* қар. [8, 35-б.] /«қорыс» – қалың/.

Зор ашудан қолы қалтырап, үйіне *шаққа* жетті [7, 152б.] /«шаққа» - әзер/.

Автордың диалектілерді қолдану ерекшелігіне қарай оның поэтикалық, әдеби норманы қалыптастыру немесе, керісінше, бұзу тұрғысында академик Р.Сыздық нақты

мысалдармен дәлел келтіреді: «Диалектизмдерді көбірек қолдану өзге жазушыларды да, әсіресе, соңғы ширек ғасыр ішінде жарық көрген үлкенді-кішілі проза үлгілерінде орын алады. Мысалы, Б.Алдамжаровтың «Қара нөсер» атты шағын шығармасында («Жазушы» баспасы, 1981) кейіпкерлер тілінде де, автордың өз баяндауында да *ояғын* (ол жағын), *анаяқ* (ана жақ), *іжқайда* (ешқайда), *ақ куілділік* (ақ көңілділік), *еге* (ие), *ауыш* (ауыс), *бәте* (бата), *кәйтсін* (қайтсын), *дайра* (дария), *ыңғи* (ылғи), *сояқ* (сол жақ), *құдағай* (құдағи), *отқан* (отырған), *аял* (әйел), *жүрәт* (жұрағат), *ешек* (есек), *пәт* (бет), *бір буат қағаз* (бір бума қағаз), *бұймәлім* (беймәлім), *жаңғыз* (жалғыз), *тиыш* (тыныш), *лайқат* (лайық), *сүгірет* (сурет), *ірә* (тіпті), *енанат* (ағыл-тегіл), *баратса* (бара жатса), *кәдірлі* (қадірлі), *бір күншідей* (бір күнгідей) сияқты ондаған сөз стильдік мақсатта да (мүмкін, айталық, кейбір кейіпкерлер тіліндегісі), ешбір зәруліксіз де молынан қолданылған. [2, 242-б.]. Сонымен қатар, автордың әдеби тілдің спецификасына сай деп білген диалектизмдер тізбегі (*ақсөңке, жарма, мұрап, қырқым, дақыл, дәнді дақыл, омарта, бақ, бағбан, құбыр, аула, дәліз, зембіл, мөлдек, оман арықты, қасат, қормал, жап, қылағай, қыңа, салынды, шабыра, т.б.*) орын алады. Бұл сөздер, көбіне, шаруашылық, кәсіптік диалектілерде жиі ұшырасады. Әлбетте, көркем сөздегі диалектизмдердің орынын айқындау кешенді филологиялық талдауды қажет етеді. Бұл жерде бізге лингвистикалық поэтиканың міндетін тереңірек тануға тура келеді. Себебі, жергілікті тілдік ерекшеліктердің мәтіндегі көрінісі туындының көркемдік бүтіндігіне, автордың стилдік ерекшелігіне байланысты.

Бүгінгі тіл білімінде интеллектуалдық лексика, дәстүрлі диалектикалық лексика, мәдени топтар, әлеуметтік лексикалық топтар сынды ұғымдар жиі қолданылып жүр. Әрине, біз бұл жерде диалектикалық лексика аясындағы

деңгейде ғана айтып отырмыз. Осының өзі жергілікті тілдік ерекшеліктердің көркем сөздегі поэтикалық ерекшелігін ескере отырып, этнолингвистикалық жүйеде зерттеу қажеттілігін көрсетіп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Постовалова, Б.А.Серебреников. Роль человеческого фактора в языке. Язык и мышление. М., 1988, 306-с.
2. Р.Сыздықова. Сөз қолданыс және әдеби норма // Жазушы және сөз мәдениеті. А., 1983, 149-б.
3. С.А.Аманжолов. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. А., Учпедгиз. 1959, 451-с.
4. Б.Қалиев. Өсімдік атауларының құрамындағы жергілікті ерекшеліктер // қазақ тіліндегі аймақтық ерекшеліктер. А., «Ғылым», 1990, 141-154-б.
5. Ж.Кеттебеков. А., «Арна», 2009, 400-б.
6. С.Жұбатырұлы. «Ұлы Дала: тамыры терең өркендер бастауы». «Қазақ әдебиеті» газеті. №51. 23.12. 2011.
7. Б.Алдамжаров. Жықпыл. А., 1986, 356-б.
8. С.Байхонов. Бетпақдала шөл емес. Астана., «Фолиант», 2003, 272-б.
9. «Әдебиет танытқыш» (1926) // А.Байтұрсынұлы. 5 томдық шығармалар жинағы. Т. 1, А., «Алаш», 2003, 408-бет.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются этнолингвистические особенности диалектов южного региона Казахстана. Автор анализирует теоретические концепты диалектологии, основываясь в специфику художественных текстов и определяет общие закономерности лингвистического и поэтического анализа художественного произведения.

Мергүл СЕКЕНҚЫЗЫ,
«Қалбатау» өнер мектебінің
домбыра сыныбының мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Жарма ауданы.

МУЗЫКА – ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ БАСТЫ ҚҰРАЛЫ

Музыкалық тәрбие берудің мақсаты – оқушылардың шығармашылық ой-өрісін және жеке қабілеттілігін дамыту, халық музыкасы мен классикалық шығармаларды түсіне отырып қабылдай алатын, музыка өнері арқылы әсемділікті, сұлулықты сүйсіне білетін, ішкі рухани дүниесі бай, жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Оқу-тәрбие міндеттері:

1) Халық музыкасына құрметпен қарау, ұлттық салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызды қастерлеуге тәрбиелеу, қазақ музыкасы мен өнерінің өзара байланысын түсінуін қамтамасыз ету.

2) Туысқан халықтардың музыкасына құрметпен қарауға, оның қазақ халқының музыкасымен өзара байланыстылығын түсіндіру.

3) Дүниежүзілік өнер маржандарымен, атақты өнер туындыларымен, қайраткерлерімен, дарынды орындаушылармен таныстыру, солардың үлгілерінде тәрбиелеу.

4) Музыкалық іс-әрекеттер барысында музыкалық көркемдік жағын түсіне отырып, мәнерлі орындауға баулу, біліктілігін сезіне білу қасиетін дамыту, талғамын қалыптастыру.

5) Музыкалық білімін, сауаттылығын дамыту.

Өнер – халық тарихының шежіресі.

Музыкада адамның күйініші мен сүйініші, қуанышы мен қайғысы бейнеленеді. Сөз, музыка, қолөнерде адам өмірінің сан ғасырлық тарихынан алуан түрлі сыр шертіледі.

- Адам дүниеге келген күннен бастап адамзат тіршілігіндегі оқиғаларды, алуан түрлі ойларды ән-әуенмен жеткізе білген. Сондай-ақ тіршіліктің бүкіл тауқыметін, ауыртпалығын көтере жүріп, бесік тербеткен аналар да өздеріне, ең алдымен, әнді серік еткен. Қыз ұзату, үйлену тойлары, халықтық ойын-сауықтар – барлығы да ән-күй аясында өтеді.

Өлімге қарсы күресіп, мәңгілік өмірді көксеген Қорқыт, Асан қайғы бабаларымыз үміт-армандарын музыка тілімен жеткізген. Одан бері Құрманғазы, Тәттімет, Дәулеткерей, т.б. дарын иелері халқының бастан кешкен тауқымет, тағдырларын музыкамен суреттеп өтті.

Музыкалық әуендер сан алуан. Музыка адамның көңіл-күйін, ой-арманын, қоршаған ортаға деген өзінің қарым-қатынасын білдіре алады. Музыка – ғылымның бір саласы екені баршамызға аян. Ол – өмірдің бір бөлігі. Күнделікті өмірдің өзі әр адамға музыка тілімен жетеді. Айналаға бір сәт құлақ түрейікші. Жеңіл ескен самал тербеген жапырақтар сыбдыры, қыр мен ойды қуалаған жел гуілі, аққан бұлақ сылдыры, бұлбұлдың үні, бозторғайдың шырылдаған дауысы, тұлпар тұяғының дүбірі, бәрі – дыбыс, бәрі – үн. Бірақ дыбыс атаулының бәрі музыкалық дыбыс емес. Ал, дыбыстың ең жоғары қызметі – адамға эстетикалық ләззат, рухани азық сыйлау. Музыкалық дыбыстың өзіндік мәні, маңызы бар. Мәні – адамның аңсаған арманы, қуанышы мен күйініші, өмір құбылыстарын сан алуан сиқырлы иірімдер арқылы да сүйкімді ырғақтарымен, тербелістерімен адамды дүние сырын түсінуге жетелейді. Музыка туа біткен дарындылық пен инстинкт түсініктердің нәтижесінде дами келе ғылым дәрежесіне жетті. Музыка ғылымына тереңірек

үндер болсақ, ол жеті қабат аспан әлемінің қозғалысындағы үндестікті түсіндіреді, қозғалыс бар жерде жарық, жарық бар жерде дыбыс бар екенін дәлелдейді. Жеті музыкалық нота аптаның жеті күні, жеті қат аспан әлемі, жеті қат жер қыртысына теңеледі.

Тіршілік әлеміндегі ең жоғарғы ақыл иесі – адам. «Адамзат дене және жан деп аталатын екі бөлімнен тұрады, тәрбие дегеніміз – сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз». Ал, тәрбиенің аса маңызды құралы – өнер. Оның ішінде өте кең, сан қырлы ұғымды қамтитын – **музыкалық өнер**. Жасөспірімдерді музыка әлемін түсініп қабылдауға, талғампаздығын тәрбиелеуде, эмоциялық сезімталдығын қалыптастыруда, білімді, мәдениетті болып өсуіне әсер етуде мектептегі музыка тәрбиесінің алатын орыны ерекше. Тәрбиенің басты саласының бірі – **эстетикалық тәрбие**. Эстетика мен музыка тәрбиесінің ортақ мәселелері, зерттеу салалары – табиғат пен өмірдегі әсемдікті қабылдап, бағалау және түсінуге тәрбиелеп оқыту. Ал, **музыка тәрбиесі**, әдістемесі, әсіресе, әдебиет, бейнелеу өнері, тарих пәндерімен тікелей байланысты. Тек осындай өзара сабақтастық болғанда ғана жас жеткіншектерді биік мәдениетті, жан дүниесі бай, ой парасаты кемелденген, білімді маман етіп тәрбиелей аламыз. Балалардың музыкалық өрісін кеңейтіп, талғамын тәрбиелеуде алған репертуардың (шығарма, т.б) мәні өте зор. Оқушыға берілген шығарманы тәрбиелік принциптік жағдайда үйрету қажет. Мысалы: 1. Саналық принципі. 2. Көрнекілік принципі. 3. Қызығушылық пен белсенділік принципі. 4. Ұғымдылық принципі. 5. Жас және жеке ерекшеліктерін ескеру принципі. 6. Білімнің берік болу принципі. 7. Ғылыми принципі.

Музыка тәрбиесінің теориялық негізі музыкатану болып табылады.

Егер жас бүлдіршін кішкентайынан музыканы шын

ықыласпен тыңдап, түсіне білсе, ән салып, би билесе, ұлттық аспаптардың бірінде ойнауды үйренсе, онда ол рухани ләззат алып, өмірге деген көзқарасы қалыптасып, шынайы биік армандар мен мақсаттарға ұмтылып, өнерлі де тәрбиелі адам болып өсері хақ.

Музыка мен ән-күй балалардың мінез-құлқына, пейіліне, сезіміне өте үлкен әсер етеді.

**Гүлзада АСҚАРБЕКОВА,
«Шәлкөде» орта мектебінің
шағын орталық тәрбиешісі.**

Алматы облысы,
Райымбек ауданы.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕРІ

Қазіргі кезеңде мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жүйесінің жаңаруына жан-жақты жетілген, ұлттық психологиялық нышандары қалыптасқан, рухани байлығы дамыған ертеңгі азаматты тәрбиелеу – балабақшалар мен мектепке дейінгі шағын орталықтардың үздіксіз жүзеге асыратын міндеттері екені баршаға аян.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты – баланың белгіленген шеберліктері мен дағдыларын дербестік тұлғаны белсендіретін дамытудың барлық түрлерін, айналадағы іс-әрекеттерді тануға деген тұрақты ықыласын қалыптастыру.

Мектепке дейінгі шақта өз-өзіне баға беруді қамтамасыз ету, танымдық үрдістерін, қызығушылықтарын дамыту, баланың жеке тұлғасын, жеке-даралығын, әлеуметтенуін қалыптастыру, түсініктері мен мінез-құлықтарын дамыту.

Педагогтар іс-әрекетіндегі негізгі мақсат – балалардың жеке тұлғасының дамуына қолайлы жағдай туғызу.

Жеке тұлға қалыптасуының бірінші фазасы: адам топтағы (адамгершілік, оқу, өндірістік) нормаларды меңгермей, жеке өз мұқтаждығын іске асыра алмайды.

Екінші – жекешелендіру фазасы. Мысалы, адам жаңа ұжым ішінде алдымен бөлектенбей, сол ұжымның қарым-қатынас нормаларын меңгеруге тырысады.

Үшінші – интеграция фазасы. Тұлғаның өзін жақсы көрсетуге тырысуы және тұлғаны қоршаған ұжымның өздеріне ұнаған құндылықтарын қабылдау қайшылықтары.

Жеке тұлғаның осындай даму фазалары, яғни, оның біртіндеп, адымдап басып ұзақ мерзімге жылжу үрдісі. Сонымен, тұлғаның даму үрдісі әр жас сайын өзгеріп отыратын топтарда қалыптасады. Жеке тұлғаның, баланың дамуы ішкі және сыртқы жағдайлармен анықталады. Балаға оны сезінуге түрлі ойындар көмектеседі.

Бағдарлама бойынша өтілетін әрбір сабақтың кіріспе бөлімі топты бірлескен іс-әрекет жасауға бағыттайды. Іс-әрекеттің негізгі түрі – амандасу, есімдерімен танысу ойыны, тыныс алу жаттығулары жасалады.

Сабақтың негізгі бөлігі баланың эмоциялық-тұлғалық, танымдық саласын дамытуға, түзетуге арналған этюдтар, айналамен таныстыру, жаттығулар мен ойындардан тұрады.

Бала сабақтың қаншалықты ұнағанын, көңіл-күйін сурет салу, түспен ажырату арқылы немесе құрбысының жетістіктерін атау арқылы білдіреді. Жақсы баға баланы талпындырады, сенімділік туғызады. Ұжымда іс-әрекет рөлі артады. Жалпы, танымдық қуанышы, жаңа бірлескен жетістіктері өседі.

Сабақ соңында: балалар шаршап, зейіндері тұрақсыз болмауы үшін тыныс алу жаттығулары, қимылды ойындар жүргізіліп отырады.

Өз іс-тәжірибемде жеке тұлғаны қалыптастыру бағытында балалардың белсенділігін, сапалы ойлауын, тілін дамыту үшін халықтық педагогикалық модульді пайдалана отырып, шығармашылығымды арттырамын. Ұлттық ойын және дамытушы ойындар: «Бес тас», «Сиқырлы асықтар», «Бәйге» ойындары арқылы ұлттық салт-дәстүрді де қамтып өтемін. Халық мәтелінде «Баланы ойын өсіреді» деген сөз бар. Ойынды шағын орталықтағы баланы алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай олардың көзқарасын, мінез-құлқын қалыптастыру құралы деп бағалауға болады.

Жеке тұлғаны қалыптастыру бағытында ұлттық ойындарды пайдалану – елді таныту бағытындағы жұмыстың бірі.

Гүлдарига КЕНЖЕБАЕВА,
Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
аға оқытушысы, п.ғ.к.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ

Кез келген ұлттың толыққанды ұлт болып қалыптасып дамуы үшін оның ұлттық санасы, ұлттық құндылығы және ұлттық мүддесі болуы керек. Олай болса, ұлттық сана, ұлттық құндылық, ұлттық мүдде деген ұғымдарға талдау жасайық. Біріншіден, ұлттық сана дегенде біз ұлттық идеология, психология, менталитет, патриотизм, тәрбие мәселелеріне тоқталуымыз қажет.

Өткенімізге көз жүгіртсек, қазақ халқы өз алдына дербес мемлекет болып, көшпенді өмір сүргенде рулық сана басым болды. Ата-бабаларымыздың аталас, рулас болып топтасып өмір сүруі Ресейге отар болғаннан кейін де жалғасты. Тек жиырмасыншы ғасырдың бас кезінде большевиктік жүйенің басымдығы, тоталитарлық жүйенің интернационалдық идеологиясының салдарынан рулық сана әлсіреп, космополиттік сана күш ала бастады. Сондықтан ұрпақтарымыздың ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп, ел қамын, жер қамын ойлайтын азамат етіп тәрбиелеуіміз керек. Ұлттық тәрбиені ұрпақ бойына дарытуда Елбасы Н.Әбішұлының мына бір ұлағатты сөзі бағдаршам болмақ: «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып, көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!».

Ұлттың ұлт болып қалыптасып дамуы үшін ұлттық құндылығымыздың маңызы ерекше. Ұлттық құндылыққа — ұлтымыздың мәдениеті, әдебиеті, өнері, музыкасы, спорты, салт-дәстүрі жатады десек, қазақта «ата-қоныс» деген ұғым бар. Яғни, «ата-қоныс» қазақ үшін киелі жер болып саналады және осы көшіп-қонып жүрген жерлерінің тауы мен даласы, өзені мен көлдері, орманы мен құмы қазақ халқының аңыз-әңгімелеріне, өлең-жырларына, шығармашылығына арқау болған. Соның негізінде қазақ халқы өз алдына, тәуелсіз мемлекет болып өмір сүргенде оның тілі, мәдениетімен қатар әдебиеті де қалыптасып дамыған.

Біздің ұлттық мұрамызда халықтың ғасырлар бойы басынан өткерген тарихи тағдыры, арман-мұраты, мұң-мүддесі жатыр.

Қазақтың мәдени құндылықтарының ішінде ұлттық өнер ерекше дамыған. Өнердің дамуы сол ұлттың күнделікті өмір салтына байланысты халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі қажеттіліктен туындайды. Сол сияқты күнделікті тұрмыс

қажеттілігінен туындаған қолөнерін айтуға болады. Оның ішінде – ағаштан, теріден жасалған ыдыс-аяқ; жүннен, теріден істелінген киім-кешек; асыл тастармен әшекейленіп, алтын, күмістен жасалынған зергерлік бұйымдар; кілем, алаша тоқу, киіз басу, т.б. Мұнан басқа қазақ ұлтының рухани мәдениетіне байланысты – сөз өнері, күй өнері, сән өнері сияқты өнердің басқа да түрлері жоғары дәрежеде дамыған. Осы асылдарымыз қазақ халқының бірнеше ғасыр бойы Ресейдің бодандығында болып, өмір салтына өзгерістер енгеннен кейін (қазақтың төл ұлттық қолөнері) басқа рухани және материалдық құндылықтармен ауыстырылып, көбі ұмытылып кетерлік күйге жетті.

Қазақ халқының рухани мәдениетінің бірі – музыка өнерінің алатын орыны ерекше. Себебі, музыка халық өмірінің әр кезеңінің тыныс-тіршілігінен хабар береді. Халық ән-күйдің әуен-сазы арқылы өзінің күнделікті өмір салтын, тарихи уақиғаларды келесі ұрпаққа жеткізіп отырған. Жаңашыққан ән-күй халыққа ұнап, адамдардың жүрегіне жол тапса, ол өнерді шебер орындайтын талант иелерін халық өте жоғары бағалап, үлкен құрмет көрсетіп, оларды «Салсері» деп атайтын болған.

Ұлттық құндылықтарымыздың бір тармағы – дәстүр. Дәстүр – ұлтты рухтандырып, оның ішкі, сыртқы келбетін өрнектеп, көрсетіп тұратын сипаттардың бірі. Алдымен «дәстүр» сөзінің мағынасын біліп қойғанның еш артықтығы жоқ. «Дәстүр» арабтың «дүстүр» деген сөзінен парсы тілі арқылы келген сөз. Егер мағынасына үңілсек «орныққан», «тұрақты» деген мағынаны білдіреді. Сондықтан ұрпағымызға сәби кезеңінен бастап ата-анасы, ұстаздары олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттық дәстүрлерімізді бойына дарытып отыруға міндетті.

Ұлтымыздың келесі құндылықтарының бірі – спорт. Қазақ халқы бұрын көшпенді мал шаруашылығымен айналысқандықтан оларда өзінің өмір салтына бейімделген

спорттың түрлері қалыптасқан. Көбіне ол ойындар жылқы малымен байланысты – бәйге, көкпар, қыз қуу, аударыспақ, теңге алу, т.б. болды. Сол сияқты, қазақша күрес, жаяу жарыс, асық ойындары, ойлау қабілетін жетілдіретін тоғызқұмалақ, т.б. ойындар болды. Осылардың ішінде ұлттық ойындар жайында қазақтың ағартушы ғалымы Ж.Аймауытов: «...Баланың жасындағы икемдігі сыртқа шығуға ақылға сыймайтын ырымшылдық бөгет қылады. «Жер қазба, қора соқпа, жаман сұмдықты бастама» деп кейбіреулер баланы ойыннан тыяды. «Қарақұлақ ойнаса» қасқыр келеді деп сұмдық көреді. Тіпті асық ойнағанды әуейілік деп тыятындар бар. Мұның бәрі баланың еліктегіштігінен, іске икемділігінен туады, үлкен кісі не істесе, бала да соны істеймін деп талпынады. Балаға «жер қаздырмаймын», «қарақұлақ» ойнатпаймын десе, үлкендер құдық қазып, мал суармасын. Қасқырдан мал күзетуді қою керек. Әйтпесе, баланы тыю жолы емес, асық ойнаудың сан, есеп үйренуге, денесі оңтайлы болуға, ұйымдасуға, қоғамдық, әділдік сезімін күшейтуге зор пайдасы барын білген әке-шеше еш уақытта ойыннан тыймас еді...», – дейді. Ғалымның ойын ары қарай сабақтар болсақ, спорттық ойындар тек дене шынықтыру, денсаулықты күшейту ғана емес, қоғамдағы адамның сана-сезімінің өсуіне ықпал етеді, саяси көзқарасы қалыптасады, бүгінгі техникалық артта қалушылықтың орынын толтырып, адамдармен қарым-қатынас жасау, белгілі бір ортада өзін еркін сезіну дағдысы қалыптасатындығы сөзсіз.

Ұлттық тәрбиенің қайнар көзінің бірі – ұлттық мүдде. Ұлттық мүдде дегеніміз – сол ұлттың рухани, әлеуметтік, қоғамдық дамуында шешуші рөл атқаратын оның басты белгілері. Бүгінгі күні қазақ халқының мемлекет құрушы ұлт ретіндегі басты мүдделері – тәуелсіздігіміздің нығаюы, жеріміздің тұтастығы, тіліміздің дамуы, дініміздің сақталуы, салт-дәстүріміздің, тіліміздің өркендеуі.

Сондықтан осындай ауыр жүк арқалаған ұлттық мүддемізді болашақ жас ұрпақ бойына сіңіру – ұстаздар алдындағы абыройлы міндет. Ол үшін ұстаздар өз пәнін теориялық тұрғыдан жетік білумен қатар, өз ұлтының ғасырлар бойы тарихи қалыптасқан ұлттық тілін, ділін, дінін, болмысы мен психологиясы, менталитетін терең меңгеріп, ауыз әдебиеті үлгілері мен ақын-жазушылардың көркем шығармаларындағы айтылған айшықты ойларын сабақ үрдісінде де, сабақтан тыс жұмыстарда да үнемі басшылыққа алып, түрлі әдіс-тәсілдер арқылы білім алушылардың бойына дарытып отыру керек. Оған дәлел Ж.Аймауытовтың төмендегі айтқан ой-тұжырымы болмақ: «Ұлтын шын сүйіп, аянбай қызмет қылған азаматы көп жұрт күшті, өнерлі, білімді жұрт болып, күресте тең түсіп, басқаларға өзін елітіп отыр. Ұлт үшін қызмет қылмай, бас қамын ойлап жүрген азаматтардың елі артта қалып отыр... «...Естеріңізде болсын: кара халықтың мәдениетті болуынан мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын. Баласына осы бастан ұлт рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелеу керек. Орыс тәрбиесін алған бала ұлт қызметкері бола алмайды».

Ғалым Мұхтар Арын белгілі бір ұлттың өкілі болу үшін адам бес түрлі шартқа сай болу керек дей келіп, оларды таратып айтып береді: «...Грек ғұламаларының айтуына карағанда, адамның белгілі бір ұлтқа, халыққа тән екендігін айқын сезіну үшін бес түрлі шартқа толық жауап беруі тиіс. Біріншіден, сол ұлттың тілін жақсы білу қажет. Екіншіден, сол ұлттың дінін терең меңгерген жөн. Үшіншіден, сол ұлттың дәстүрін толық бойына сіңіру тиіс. Төртіншіден, сол ұлттың тарихын бес саусағындай білгені абзал. Бесіншіден, сол ұлт мекендеген жердің ой-шұқырын жақсы білуі парыз...» дей келіп, осылардың ең бастысы тіл екендігін былайша түйіндейді: «...тіл дегенің – адамның ойын құраушы органы болғандықтан, бүкіл ойға байланысты дүниенің бәрі тілден басталады. Демек, математиканы оқысаңыз, мейлі физиканы,

химияны болсын, кез келген пәнді немесе ғылымды игеремін дейтін болсаңыз, ең бірінші, соны игеруге пайдаланатын құрал – тіл. Осылайша, тіл – ғылымға апаратын жол сияқты.

...Ұлт пен тіл – ешуақытта ажырамайтын, бірімен-бірі кірігіп, бөліп алуға болмайтын нәрсе. Ұлттың ең негізгі қасиеті – қабілетінде, ал қабілет ойлаумен байланысты, өз кезегінде ойлау деген нәрсені құрайтын – тіл. Осыдан тиісті қорытындылар жасауға болады. Ұлттың рухы тілдің мазмұнын рухтандырып тұрады. Рухсыз тіл – тіл емес. Мысалы, дүние жүзінде жасанды тілдер бар.

Ұлттық рухтың ең бір абыройлы қызметі – тілді рухтандыру. Тілдің рухты бойына сіңіріп алып, ұлттық дүниетанымдық, психологиялық, басқа да толып жатқан ұрпақтан- ұрпаққа беріліп жататын қажетті қасиеттерін бойына жинаушы, кезең-кезеңімен кейінгі ұрпаққа жеткізуші құралға айналатын себебі де сондықтан. Ұлт пен тілді ажырату мүмкін емес». Осы пікірмен сабақтас классик жазушы Мұхтар Әуезов: «Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес деуге де болады, себебі, ол қандайлық мамандық білімі болса, рухани ой-тәрбиесінде сыңар жақ азамат болады. Тегінде, қай мамандық саласында жүрген адам болса да, шын интеллигент дәрежесіне жету үш әдебиетті білу жалпылығы ортақ шарт. Ана тілінен бірнеше жағдайлар себеп болып ажыраған ел «азған» ел атанып, кейіннен аты өшіп, ұрпақтары бұршақша бытырап, қардай еріп, құмға сіңген судай дерексіз жоғалып кеткенін тарихтан кездестіруге болады. Ондай сормандай ел бұрынғы кезде аз болмағандығына тарихта дәлелдер аз емес», – дейді.

Алаш ардақтыларының бірі Жүсіпбек Аймауытов: «Ана тілін біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш. Ана тілін білмей тұрып, орысша жақсы сөйлесең, бұл – күйініш» деп, өзінің ұлт тіліне деген құрметін, жанашырлығын білдіреді.

Әрине, қазіргі қоғам дамуында, ақпараттық информациялар легінің көп кезеңінде, әлемдік қарым-қатынас заманында, үш тұғырлы тіл ұраны көтеріліп тұрған кезеңде көп тіл білу қажет те болар. Дегенмен, алдымен өз тілімізді терең меңгеріп, жанашыры болуымыз керек-ақ. Бұл жөнінде Елбасымыз Н.Назарбаев еліміздің бас газеттерінің редакторларымен кездесуінде: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді» деп, мемлекеттік тілдің басымдығын айқындап берді. Бір Елбасының айтқан осы пікірін ата-ана да, мектеп мұғалімдері де біржақты қабылдайтыны өкінішті. Ең бастысы қазақ тілін жетік білу, оны қадірлеу, өзгелерге сыйлата білу отбасынан бастау алады. Сондықтан ата-ана баласының ұлт тілін ұлықтауға ерекше қызмет етуі тиіс. Сонда ғана тіліміз өз мәртебесіне ие бола алады.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, ноғайша оқығанда ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт баласын әуелінде өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі ана тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз» деп ұрпақтың ұлттық тәрбие алуының негізін айтса, Халел Досмұхамедұлы: «Баспа мен мектепте қолданған тіл елге ақырында сіңбей қалмайды. Мектеп пен баспаның тілі дұрыс тіл болса, елдің тілін көркейтіп, байытып, гүлдендіреді; мектеп пен баспада қолданған тіл шатасқан тіл болса, ол ел – сорлы ел, мұндай елдің тілі бұзылмай қалмайды» деп тілдің сақталуы мен дамуындағы мектептің ерекше рөлін атап өтеді.

Ұлттың болмысын, басқалардан ерекшелендіріп тұратын маңызды рухани табиғатын түсінген Алаш қайраткерлері әрқашан тіл мәселесін ұлттан бөліп қарамаған. Мәселен, А.Байтұрсынұлы «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер, әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егерде біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда, тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлауымыз керек» десе, М.Шоқай «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл», М.Жұмабаев «Ұлттың ұлт болуына бірінші шарт – тіл. Ұлт үшін тілінен қымбат ешнәрсе жоқ» деген құнды ой-тұжырымдар жасайды.

Қорыта айтқанда, бір үлкен ғалым айтқандай: «Келешек туралы көп уайымдап, келешекті жасаймын деп әуре болудың қажеті жоқ, келешек біздің ешқандай ісімізсіз-ақ өзінен-өзі келеді, бірақ келетін ертеңді немен толтырамыз, соны бүгін ойлау керек». Бүгіннің өте қажет екендігі даусыз. Өйткені, келешек дегенің бүгін басталады. Келешектің түбірі бүгінде жатыр. Ал бүгіннің баюы, рухтануы, нығаюы – кешеге байланысты, кешегіні бүгінге алып келіп, бүгінді байытып, рухтандырса, бізден сұрамай-ақ келетін ертеңді дұрыс мағынамен, мазмұнмен қарсы алуға дайындалуымыз керек». Сонда ғана біз ұлтымыздың алдындағы борышымызды адал атқарамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Жұмабаев. Педагогика. А., «Ана тілі», 1992, 154-б.
2. Ж.Аймауытов. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-том, А., «Ғылым», 1999, 301-б.
3. Ж.Аймауытов. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-том, А., «Ғылым», 1998, 446-б.
4. А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы, А., «Ана тілі», 1991, 444-б.

Алма ҚАЛИБЕКҚЫЗЫ,
Жамбыл облысының
Байзақ ауданындағы
«Қазақстанның 40 жылдығы»
орта мектебінің
жаратылыстану пәндері
бірлестігінің жетекшісі.

ЛОГИКАЛЫҚ СИПАТТАҒЫ ТАПСЫРМАЛАРДЫ АПРОБАЦИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУДЕН ӨТКІЗУ

Химиядан логикалық есептер:

1. Көміртек адам денесінің 18% құрайды. 50 кг адамның бойында қанша килограмм көміртек бар?
2. 1 га аудандағы бидай тәулігіне 0,6 тонна көмірқышқыл газын сіңіреді. Өсімдікке тәулігіне көміртектің қанша мөлшері қажет?
3. Толығымен тотықсыздануы үшін 16 г мыс оксидіне көміртектің қанша мөлшері қажет?
4. 5 м³ этанды C₂H₆ жағу үшін ауаның қандай көлемі (қ.ж.) қажет?
5. Сутек пен оттектің әрқайсысынан 1 грамнан берілген. Қайсысында құрылым бөлшектері көп болады?
6. 90 г су мен 80 г метанның CH₄ қайсысында сутек атомдары көп болады?
7. 1,5 · 10²³ молекула аммиак пен 5,6 л аммиактың моль саны бірдей бола ма?
8. Берілген арнайы ыдысты кезекпен әр түрлі газдармен

бірдей жағдайда толтырып, таразыға тартқан. Сонда азотпен, аргонмен және белгісіз газбен толтырылған ыдыстың массасы сәйкесінше 47,6 г, 50,0 г және 50,8 г болған. Белгісіз газдың молярлық массасын анықтаңыздар.

9. 15%-тік NH_4OH ерітіндісін дайындау үшін оның 200 г 10%-тік ерітіндісіне қанша литр (қ.ж.) NH_3 еріту керек?

10. Калий селитрасының қаныққан ерітіндісінің еріген заттың массалық үлесі: 68°C кезінде – 40,3%, 8°C кезінде – 3%. Егер массасы – 48 г ерітіндінің температурасын 68°C -тан 8°C -қа дейін суытса, қанша грамм тұз тұнбаға түседі?

11. Бірдей (көлемі мен массасы) үш ыдыстың іші бірдей жағдайда әр түрлі газдармен толтырылған. Сутекпен толтырылған бірінші ыдыстың массасы – 24,8. Оттекпен толтырылған екінші ыдыстың массасы – 36,8 г. Көлемі бойынша 40% азоттан және белгісіз газбен толтырылған үшінші ыдыстың массасы – 33,28 г. Белгісіз газды анықтаңдар.

12. 15 г азот (II) оксидін оттектен толтырғанда 20 г азот (IV) оксиді түзіледі. Азот (II) оксидінің реакцияға түгел түспегенін табыңдар.

13. Күкірттің көмірдің 3 г қоспасын жаққанда күкірт оксиді мен көміртек (IV) оксидтерінің 9 г қоспасы түзілді. Бастапқы қоспадағы күкірт пен көмірдің массаларын есептеңдер.

Биология пәнінен логикалық тапсырмалар:

I. Дәрумендердің организмдегі биологиялық маңыздарын кесте арқылы көрсет:

Дәруменнің атауы	Химиялық атауы	Дәруменнің ағзада кездесетіні		Адам өміріндегі маңызы
		Өсімдіктер	Жануарлар	
А витамині				
B_1 витамині				

B ₂ витамині				
B ₆ витамині				
B ₁₂ витамині				
Д витамині				
Е витамині				
Н витамині				
К витамині				

2. Ми, жұлын, сезім мүшелері. Осылардың байланысын көрсет және нақты мысалдар келтір.

3. Алдыңғы ми сыңарлары қай жануарларда жақсы дамығанын көрсет. Соған орай сол жануарлардың мінез-қылығының өзгеруіне дәлелдеме жасаңдар.

4. Ағзалардың көбею түрлері, оларға мысалдар келтіріп дәлелдендер.

5. Митоз, мейоз. Ұқсастықтары мен ерекшеліктері. Биологиялық маңызы.

6. Онтогенез және филогенез.

II. Макро және микроэлементтер тобына жататын минералды элементтерді анықтаңдар.

1. Кальций.	I. Макроэлементтер.
2. Калий.	
3. Темір.	
4. Азот.	II. Микроэлементтер.
5. Магний.	
6. Молибден.	
7. Фосфор.	
8. Мырыш.	
9. Күкірт.	

III. Ағзаның өсуіне және көбеюіне әсер ететін сыртқы жағдайлар.

IV. Өрмекші тәрізділер класына жататын отрядтар өкілдерін, оларға тән белгілерін анықтаңдар.

Отрядтар өкілі:

1. Инеліктер. 2. Өрмекшілер. 3. Қандалалар. 4. Қыршайндар (Скорпион). 5. Жалғанқыршайндар. 6. Сольпугалар.

Тән белгілері мен ерекшеліктері:

а) Педипальпалары жүру аяқтарына ұқсас; ә) Денесі ұзын, құрсағы екі бөліктен тұрады, ірі омыртқасыздар; б) Денесі қысқа, сопақтау, жалпақ, құрсағының ұшы дөңгелектеу, ұсақ омыртқасыздар; в) Баскөкірек пен құрсағы жіңішке сабақпен жалғасқан; г) Денесі бас және көкіректен тұрады; ғ) Денесі баскөкірек пен құрсақтан тұрады.

1	2	3	4	5	6

(10-сынып)

1. Адам ұрпағының дамуы. Улы заттардың ұрпаққа әсері.
2. Партеногенез. Оның түрлері. Дәлелдеме беріндер.
3. Автотрофты қоректену гетеротрофты қоректенуге қарағанда қолайлы деген тұжырымдама бар. Бұл тұжырымдама неге негізделеді?

(11-сынып)

1. Қоршаған ортаны радиоактивті заттармен ластайтын көздер.
2. Жергілікті ағзалардың табиғаттағы маусымдық өзгерістерге бейімделуі.
3. Бактериялар – қоршаған ортаның әр түрлі жағдайларында тіршілік ететін прокариоттық организмдер. Бактериялардың лабораториялық жағдайда, белгілі бір температурада өсуі, тірі клеткалар санының логарифмінің инкубациялану уақытына қатынасы.

Химиядан логикалық тест тапсырмалары:

1. 5 моль заттың массасы ең үлкен болатын қосылыс:
а) BeCO_3 ; ә) MgCO_3 ; б) CaCO_3 ; в) SrCO_3 ; г) BaCO_3 .
2. Оксидтегі бейметалдың валенттілігі күкіртсутектегі (H_2S) күкірттің валенттігінен екіге артық қосылыс:
а) CO_2 ; ә) PbO_2 ; б) CO ; в) H_2O ; г) SnO_2 .
3. Оттектің алдындағы коэффициенті мышьяқтың жоғары валенттігіне тең болса, фосфор оттеkte жанғанда түзілетін өнім:
а) P_2O_5 ; ә) P_2O_3 ; б) H_3PO_4 ; в) P_4O_6 ; г) H_3PO_3 .

4. Темірдің алдындағы коэффициент 44,8 л (қ.ж.) көмірқышқыл газының зат мөлшеріне тең болса, темірдің оттегімен әрекеттесу өнімі:

- а) Fe_2O_3 ; ә) Fe_3O_4 ; б) FeO ; в) Fe_2O ; г) FeO_2 .

5. Оксидінде оттектің массалық үлесі 60% болатын, оттегімен бір топшада орналасқан элементтің химиялық таңбасы:

- а) S; ә) Se; б) Cr; в) Te; г) W.

6. Жоғарғы оксиді R_2O_7 , сутектік қосылысындағы сутектің массалық үлесі 5% болатын элемент:

- а) Na; ә) F; б) Cl; в) K; г) I.

7. Молекуласында коваленттік байланыстарының саны барий оксидіндегі катионның заряд санына сәйкес келетін заттың формуласы:

- а) Cl_2 ; ә) H_2 ; б) N_2 ; в) O_2 ; г) Br_2 .

8. Тотығу дәрежесі магний оксиді түзілгенде тотықсыздандырғыштың берген электрон санына тең болатын азоттың қосылысы:

- а) NO; ә) N_2O ; б) NO_2 ; в) N_2O_3 ; г) N_2O_5 .

9. $\text{A} + \text{B} = \text{D}$ реакциясының жылдамдығы ең жоғары болады, егер 30 секундтан кейін өнімнің массасы ... болса:

- а) 11 г; ә) 23 г; б) 28 г; в) 32 г; г) 37 г.

10. Ерітіндісінің ортасы қышқылдық, сілтілер және барий хлоридімен ақ тұнба түзетін тұздың формуласы:


- а) CaCl_2 ; ә) $\text{Zn}(\text{NO}_3)_2$; б) ZnSO_4 ; в) CaSO_4 ; г) ZnCl_2 .

11. $\text{ZnSO}_4 \xrightarrow{\text{NaOH}} \text{A} \xrightarrow{\text{t}} \text{B} \xrightarrow{\text{c}} \text{Zn}$ өзгерістер тізбегіндегі C заты:

- а) S; ә) Cl_2 ; б) N_2 ; в) Ag; г) H_2 .

12. Негіз + қышқыл → негіздік тұз + су сызбанұсқасына сәйкес келетін әрекеттесу теңдеуі:

- а) $\text{ICu}(\text{OH})_2 + \text{HCl}$; ә) $\text{Cu}(\text{OH})_2 + 2\text{HCl}$;



13. Еріткенде судың электрөткізгіштігін өзгертетін

газ:

а) азот; ә) азот (II) оксиді; б) оттегі;

в) аммиак; г) сутек.

14. Хлордың сумен әрекеттесу жағдайы:

а) жарықта;

ә) қалыпты жағдайда;

б) қысымды арттырғанда;

в) температураны төмендеткенде;

г) катализатор қатысында.

15. Фторсутектің сутек бойынша салыстырмалы

тығыздығы 40 фторсутектің нақты формуласы:

а) HF ; ә) $(\text{HF})_2$; б) $(\text{HF})_4$; в) $(\text{HF})_5$; г) $(\text{HF})_6$.

16. Органикалық қосылыстарға сапалық реактив

ретінде қолданылады:

а) мыс (II) гидроксиді; ә) темір (II) гидроксиді;

б) хром (II) гидроксиді; в) мырыш гидроксиді;

г) натрий гидроксиді.

17. Химиялық беріктігі «асыл» металдардан да ар-

тық:





а) политетрафторэтилен; ә) полиэтилен;

б) фенолформальдегид; в) полистирол;

г) полихлорвинил.

18. Төмендегі өзгерістерді жүзеге асыруға сәйкес

келетін $\text{A} \rightarrow \text{B} \rightarrow \text{C} \rightarrow \text{D} \rightarrow \text{E}$ өзгерістер қатары:



19. Үш көміртек атомы бар альдегид күміс оксидімен тотыққанда түзілетін заттың салыстырмалы молекулалық массасы:

а) 45; ә) 56; б) 63; в) 74; г) 84.

Химиядан логикалық тест тапсырмаларының жауап кілттері:

Сұрақ №	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Жауап кілттері	г	а	а	б	а	ә	в	а	г	б
Сұрақ №	11	12	13	14	15	16	17	18	19	
Жауап кілттері	г	а	в	а	б	а	а	г	в	

Тұрсынқұл ЖОЛДАСОВА,
Ы.Алтынсарин атындағы
орта мектептің мұғалімі.

Алматы облысы,
Еңбекшіқазақ ауданы,
Қырбалтабай ауылы.

ТҰЙЫҚ ЕТІСТІКТІҢ СӨЙЛЕМДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың тұйық етістік туралы түсінігін дамыту, тұйық етістіктің өзіне тән ерекшеліктерін ұғындыру, тұйық етістіктің жасалу жолы, оның сөйлемдегі қызметі жайлы толық мәлімет бере отырып олардың ой-пікірін қалыптастыру; **дамытушылық** – етістік түрлерін, қолдану жолдарын үйрету, грамматикалық категориялардың мәнін түсініп пайдалануға, байланыстырып сөйлеуге жаттықтыру; **тәрбиелік** – оқушыларды ой еркіндігіне, ізденімпаздылыққа, шығармашылыққа баулу,

сөйлеу мәдениетін жетілдіру.

Түрі: білім дағдысын қалыптастыру сабағы. **Әдісі:** сын тұрғысынан ойлау стратегиясы, түсіндіру, суреттеу, салыстыру, сұрақ-жауап, сөздікпен жұмыс. **Көрнекілігі:** дидактикалық материалдар, кестелер, кеспе қағаздары, тірек-сызбалар. **Формалары:** жеке баламен, топпен жұмыс. **Типтері:** ұйымдастыру кезеңі, үй тапсырмасын сұрау, жаңа сабақты түсіндіру, қорытындылау, бағалау.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру кезеңі: сәлемдесу, кезекші мәлімдемесі, журнал бойынша түгелдеу; жаңа сабаққа дайындық.

2. Үй тапсырмасын тексеру.

Сыныпты 3 топқа бөліп, сабақтың мақсатын түсіндіру.

1-топ. Көсемшелерді тауып, қызметін түсіндіру: *Қарт марқа көңілмен жұмсақ орындыққа келіп отырды.*

2-топ. Есімшелерді тауып, қызметін түсіндіру: *Үлкен білмесе кішіден сұра.*

3-топ. Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасау: *Құландай ойнақтаған құлынымның тықыры естілді.*

3. Жаңа сабақты түсіндіру. Мақсат қою кезеңі: «Бүгінгі сабақта нені білуіміз керек?». Сұрақ барысында оқушылардың болжау пікірлерімен таныса отырып, сабақтың негізгі мақсаты кесте арқылы көрсетіледі.

1. Сабақтың мақсаты мен барысын таныстыру.

2. Өтілген материалдарды, тақырыптық байланыс жасау.

3. Жаңа материалдың мазмұнымен таныстыру.

Зат есімдерше түрленіп, шақпен де, жақпен де байланысты болмай, қимылдың, іс-әрекеттің атын білдіретін етістіктің ерекше түрін тұйық етістік деп атаймыз.

Керек, қажет, тиіс, керек емес тәріздес модаль сөздермен тіркесте келіп, қимыл үрдісін білдіретін тұйық етістік үнемі баяндауыш қызметінде жұмсалады. Мысалы: *Нұрсұлтанға мұны айту қажет емес.*

-у тұлғалы етістік тәуелденіп керек, мүмкін, тиіс сөздерімен тіркескенде, іс-әрекет, қимыл белгілі бір жақтық мағынаға ие болады. Мысалы: *көруім керек, көруің керек, көруі мүмкін*, т.б.

4. Сабақтың маңызды белгілері мен ерекшеліктерін ажырату.

Түрленуі	Қосымша
Септеледі	-у
Тәуелденеді	

5. «Кітап – досың, ақылшың». Оқулықпен жұмыс.

Міне, осылайша жаңа сабақты түсіндіріп, қосымша тапсырмалар орындату арқылы алған білімдерін тексеріп болған соң жаттығу жұмыстарын орындатамын. Алғашқы тапсырманы ауызша түрде орындатамын. Сөйлем жаздыру. Етістіктерді тауып, сұрақ қою арқылы сөйлемнің қай мүшесінің қызметін атқарып тұрғанын көрсетіндер. Жаттығу жұмысын орындап болған соң қосымша тапсырма беремін.

6. Логикалық тұжырым, қорытынды жасау.

Тұйық етістікті тауып, түрленуін түсіндіру.

1-топ.

Ағаш кессең ұзын кес,

Қысқартуың оңай.

Темір кессең қысқа кес,

Ұзартуың оңай.

2-топ.

Артық ғылым – кітапта,

Ерінбей оқып көруге.

3-топ.

Сиса көйлек үстінде

Тоқуменен табылған.

Сауысқанның тамағы

Шоқуменен табылған.

7. Оқушыларды өз бетінше жұмысқа баулу.

Алгоритмдік деңгей.

1-топ. Кестедегі тапсырма.

2-топ. Түрленіп тұрған тұйық етістікті тауып, түрленуін түсіндір. Сұлтан Бейбарыс оқуын бітіруге жақын қалды. Олардың ең басты борышы – оқуды жақсы оқу.

3-топ. Синтаксистік талдау жаса. Мақсат – оқу және білу.

Эвристикалық деңгей.

1-топ. Тұйық етістігі бар мақал-мәтел тауып жаз. Үлгі: уәдені бұзу – ұяны бұзумен тең.

2-топ. Нақыл сөздерден тұйық етістіктерді табу.

3-топ. Көркем әдебиеттен алынған мәтіннен тұйық етістіктерді табу.

Шығармашылық деңгей.

1-топ. Есімше, көсемше, тұйық етістік қатыстырып өлең құрастыру.

2-топ. Есімше, көсемше, тұйық етістік қатыстырып өлең құрастыру, әңгімелеу сипатындағы мәтін құрғызу.

3-топ. Әрі зат есім, әрі тұйық етістік ретінде сөйлем құрастыру.

Содан кейін «Кім жылдам?» ойынын ауызша орындатамын. Ол үшін 3 топты ойын шартымен таныстырамын. Мен әр топқа сұрақ қойып отырамын, қай топ көп сұраққа жауап берсе, жеңімпаз атанады да, топ мүшелері бағаланады.



Сабақтың қорытындысы:

1. Сұрақ қою арқылы жаңа сабақты қорытындылаймын.
2. Оқушылардың берген жауаптарына қарай білімдерін бағалаймын.

3. Үйге тапсырма: өзіндік жұмыс: «Сыйлы оқушы деген кім?» деген сұрақтың төңірегінде ойланып, пікірлеріңді жазып келіңдер.

М.ЖҰМАБАЕВТЫҢ «БАТЫР БАЯН» ПОЭМАСЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасын сатылай кешенді талдай отырып, интербелсенді тақтада электрондық оқулықты пайдалану арқылы сол кездегі заман ағымын, тарихи-әлеуметтік жағдайды ұғындыру, жалпы білімдерін теориялық талдау арқылы тереңдете түсу; **тәрбиелік** – сабақ барысында поэмадағы тарихи мәселелерді көтере отырып, студенттерді ұлтжандылыққа, Отанды сүйуге, адамгершілікке, поэмадағы сөзбен сомдалған көркем сөздер арқылы сұлулыққа, намысқойлыққа, жауапкершілікке, батырлыққа тәрбиелеу; **дамытушылық** – поэма арқылы оқушы бойындағы өмірге деген көзқарасын, сатылай кешенді талдау арқылы жатық, мәнерлі, мәдениетті сөйлеуге дағдыландыру, өз ойын еркін жеткізе білуге дағдыландыру.

Түрі: жаңа білімді меңгерту сабағы. **Технологиясы:** сатылай кешенді талдау. **Әдістері:** талдау, баяндау, түсіндіру, электрондық оқулық. **Көрнекілігі:** компьютер, интербелсенді тақта. **Қосымша кітаптар:** қазақ әдебиеті (11-сынып). Хрестоматия. М.Жұмабаевтың шығармалар жинағы.

Сабақтың барысы.

- 1. Ұйымдастыру:** оқушылардың сабаққа әзірлігін байқау, түгелдеу, аудиторияның тазалығын тексеру.
- 2. Үй тапсырмасын тексеру.**
- 4. Жаңа сабақтың мақсатымен таныстыру.**

5. Жаңа сабақты меңгерту.

1. Авторы: М.Жұмабаев.

2. Шығарманың тақырыбы: «Батыр Баян» поэмасы.

Баянның батырлық ерліктері арқылы сол кездегі халықтың тарихи-әлеуметтік жағдайын көрсетеді.

3. Әдеби жанр түрі.

Поэма. Эпос жанрына жатады. Себебі өмір шындығын мейлінше мол қамтып, кең суреттеп, адам мінездерін мүмкіндігінше терең ашып, жан-жақты суреттеп тұр.

4. Эпикалық жанр түрі.

Орта көлемді поэма. Өйткені өмірде болған құбылысты, алуан-алуан адам тағдыры мен заман шындығын көлемді суреттеп берген.

5. Шығарманың идеясы.

Сол кездегі шындық өмірді көрсету, сол шындық арқылы оқырманына ой салу. Алаш халқының намысын ояту.

6. Шығарманың басталуы.

Поэма оқиға өтетін жер – Көкшетаудың әсемдігін суреттеумен басталады. Көкше түрлі аң, бөрі, бұғы, маралдың мекені екенін, Оқжетпеске қанша қарасаң көзіңнің тоймайтындығын, Бурабай көлінің дөп-дөңгелек айға ұқсайтындығын, мөп-мөлдір екенін суреттеумен басталады.

6.2. Шығарманың дамуы.

Сол Көкшетау жерінде Абылай хан батырларын жиып, бір талас болады. Ол талас – қазақ батырларының қолға түскен тұтқын, сұлу қалмақ қызын әйелдікке алу таласы еді. Қалмақ қызы өзіне күйеу таңдап алу үшін Абылайдан рұқсат алып, үш шарт ұсынбақ болады.

6.3. Шығарманың байланысы.

Оқжетпестің неге Оқжетпес аталуының себебі ашылады. Қыздың бірінші шарты бойынша ең биік шыңның басына ілінген қыз орамалын қазақ жігіттері садақпен атып түсіру болады. Бірақ қазақ батырларының атқан оқтары қыздың

Ілінген орамалына жетпей, бірінші сыннан ешкім өте алмағандықтан екінші шарт қойылады. Бұл шарт бойынша бір жігіт 4 жігітті арқалап, 40 қадам жерден жүгіріп өту. Аталған сыннан 8 жігіт қатар келеді. Сонымен қалмақ қызы 3-шартта жұмбақ жасырмақ болады.

6.4. Шығарманың шиеленісі.

Қалмақ қызының қиын да күрделі жұмбағын жасыруы. Сол жұмбақты жасырған жер, қыздың сол тастың үстінде тұруына байланысты жердің жұмбақ тас аталу себебі анықталады. Құстардың кейпімен өз өмірін баяндауы.

6.5. Шығарманың шарықтау шегі.

Қыздың жасырған жұмбағын Адақ батырдың шешуі. Адақтың ерлігі. Аққу балапанын алып бара жатқан бүркітті атып, артынан қыздың ілген орамалын атып түсіруі. Жұмбақтың шешуі. Кептер өзі, ата-анасы, қарақұс – қалмақ жауы, лашын – қалмақ батыры, сұңқар – қыздың жігіті, 3 жапалақ – ұрылар, тау бүркіті – қазақ әскері, Абылайдың қолы.

6.6. Шығарманың шешімі.

Адақтың өзінің сүйікті аты – Керкөжекке қызды мінгізіп, өз еліне жіберуі.

7. Кейіпкер келбеті.

7.1. Басты кейіпкер – Адақ.

Қара сұр, ұзын бойлы, емес талпақ,

Денесі көк құрыштай, өрдем – шалқақ.

Қыр мұрын, қарагер көз, қара мұртты,

Қақпақтай қозы жауырын, топшы жалпақ.

Батыр әрі ақын. Ержүрек жауынгер. Әр нәрсені өз ақылымен саралап істейді. Адақтың бірден жарысқа түспеуінен оның сабырлығын көреміз. Және де барлық батырлардың ішінен суырылып, ақылдылығымен, мергендігімен көзге түседі. Адақ өз халқының намысын ойлаған. Қалмақ қызы өзіне тиесілі болып тұрса да, ағалық аяушылық сезімімен

қазінің сүйікті атына мінгізіп, еліне жібереді. «Егер біздің ару қызымыз аш қасқырға таланып жатса, елдің ерлігі, азаматтық қасиет қайда?» деп ақылдылықпен бұл істі шешеді.

7.2. Абылай хан – сол күнде елінің қорғаны болған басқарушы. Ішкі, сыртқы саясатты шешіп отырған. Поэмада бейнесі толық ашылмай қалған. Тек ел басқарушы екендігі ғана айтылады.

7.3. Қалмақ қызы –

Аш белі көк шыбықтай солқылдайды,
Қолаң шашы бейне жібек толқындайды.
Батырлар сол сұлуға салыстырған
Жалғыз-ақ аспандағы Күн мен Айды.

Қалмақ қызының сұлулығы осылай суреттеледі. Ақылды, ақылына көркі сай парасатты. Ақылдылығымен өз өмірін құстардың кейпіне салып, жұмбақ етіп жасырады. Көп жау қолына түссе де, қорқақтамай өз батылдығын көрсетеді. Әйтеуір бір амал тауып, тығырықтан шығудың жолын қарастырады.

Егер осы елде қалатын болсам, осы тастан секіріп өлейін деген оймен жұмбағын тастың үстінде тұрып жасырады.

8. Әдеби теориялық ұғымдар:

1. Жібектей желмен қарап төңіректі.
2. Сары алтын Көкшетаудың ерте кеші.
3. Қап-қара қарлығаштың қанатындай.
4. Жауласып бір қыз үшін қалың әскер.
5. Сұңқардың баласындай қолға түскен.
6. Құланның құлынындай орға түскен.
7. Түбектей айнала тау, берік қорған.
8. Үзілген қызғалдақтай өңі солғын.
9. Бәрінің жүректері аттай тулап.
10. Қалың қол тым-тырыс боп тұрып қалды.
11. Жас өмір туып-өскен еліндегі
12. Ышқынып жолбарыстай күшін өлшеп.

13. Қос аққу шыр айналып, мұңлы үнмен
14. Қос бұрым, сұмбіл шашын беліне орай.
15. Тағы әнші, керней дауыс, ерен ақын.

9. Түсіндірме сөздік.

1. Үлеске олжаларын салды жиып (түскен пайда)
2. Ала алмай бір-бірінен сұрап сауға (салт қалаған нәрсесін сұрау)
3. Я, тақсыр, өтілім бар-қабыл айла (сөз сұрау)
4. Қыз сөзін шайпау болса, кешер болсаң (артық болса)
5. Кебіндей сұлу айтқан әнге салып (қыздың назы)
10. Қорытынды (шығарманың негізгі түйіні, тәрбиелік мәні, өз ойым)

VI. Өтілген сабақты бекіту.

Сұрақтар мен тапсырмалар беру:

1. Неге Мағжанды ұлы ақын дейміз?
2. Мағжанның лирик, сыршыл ақын аталу себебі неде?
3. Неге Мағжанды эпик ақын дейміз?

VII. Білімдерін бағалау.

VIII. Үйге тапсырма беру. Баян бейнесіне сипаттама жазу, поэмадан үзінді жаттау.



Анар АЛМАБЕКОВА,
Алматы қаласындағы
№155 жалпы білім беретін
мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ СУРЕТШІЛЕРІ

Сабақтың мақсаты: оқушыларға қазақ суретшілері туралы түсінік беру, көсемше туралы алған білімдерін еске түсіріп, жаттығу.

Сабақтың мәселесі: білімділік – оқушылардың осы тақырыпқа байланысты түсінікті меңгеруіне қол жеткізу;
дамытушылық – оқушылардың ой-өрісін дамыту, тақырыптық, грамматикалық жаттығулар мазмұны арқылы өз ойын еркін жеткізе білуге үйрету, ауызекі сөйлеу тілін дамыту, сауатты сөйлеу, жазу дағдыларын қалыптастыру;
тәрбиелік – оқушыларды мәдениетті, жан-жақты дамыған, парасатты азамат етіп тәрбиелеу.

Түрі: іс-әрекеттердің тәсілдері және білімді кеңейту.
Ұйымдастыру тәсілі: сұрақ-жауап, сөйлесу, түсіндіру.
Көрнекіліктер: Айша Ғалымбаева мен Орал Таңсықбаевтың портреттері, сөзжұмбақ, Т.М.Артықова «Қазақ тілі» 5-11 сыныптар. №18 тірек-сызба «Көсемше», үлестірмелі парақшылар. Орал Таңсықбаев. Альбом. А., «Өнер», 2004. Айша Ғалымбаева. Альбом. А., «Өнер», 2004.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Сәлемдесу.
2. Кезекшімен тілдесу.
3. Сабаққа назарын аудару.

II. Актуализация.

1. Өткен материалды пысықтау.

Сұрақтар:


- Қазақстан Республикасында бейнелеу өнері қалай дамыған?
- Қазақ кәсіби өнерінің негізі қай ғасырда қаланған?
- Қазақстан Республикасының бейнелеу өнерінің көшбасшысы және мақтанышы кімдер?
- Олар шығармаларында нені бейнелеген?
- Қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі кім?
- Ол қай жылдары өмір сүрген?
- Әбілхан Қастеевтің шығармаларын ата.

2. Үй тапсырмасын тексеру.

Әбілхан Қастеев туралы диалог құрастырып, жатқа айту.

3. Жаңа сабақтың тақырыбын, мақсатын хабарлау.

- Достар, мен сіздерге бір қызықты сөзжұмбақ дайындап әкелдім. Сөзжұмбақта бүгінгі сабағымыздың тақырыбы жасырылған. Кім жылдам шешер екен? Іске сәт!



1. көшбасшы;
2. развиваться;
3. мастерски;
4. изобразительное искусство;
5. личность;
6. деепричастие;
7. художник ... Қастеев.

III. Жаңа түсініктердің қалыптасуы және оның қолдану аясы:

1. Қазақ суретшілері туралы жалпы түсінік беру.

Қазақстан бейнелеу өнерінің шеберлері: Әбілхан Қастеев, Молдахмет Кенбаев, Әубәкір Ысмайлов, Евгений Сидоркин, Орал Таңсықбаев, Айша Ғалымбаева, Гүлфайрус Исмаилова.

2. Орал Тыңсықбаев туралы мәліметпен таныстыру. Оқушыларға оның суреттерін көрсету.

Орал Таңсықбаев

Орал Таңсықбаев 1904 жылы, көп балалы қазақ отбасында Ташкент қаласында дүниеге келді. 1928 жылы суретші өзінің Мәскеуге бірінші сапарына шығады. Ол жақсы білім алды, сол заманғы орыс және батыс еуропа өнерімен жақсы таныс болды. Орал Таңсықбаев шығармашылығының алғашқы кезеңіне табиғатты қызықтау, адам тұрмысы, қоршаған әлемді тану сипаты тән еді. 1929 жылы «Ауылда», «Ұсталар», «Тоқымашылар» суреттерін салады. 1935 жылы Қазақстан суретшілерінің Алматыда өткен бірінші көрмесіне қатысты. 1938 ж. Қазақстанның бірінші ұлттық балеті «Қалқаман-Мамырды» қою үшін суретші ретінде Алматыға шақырылады. 1942 жылы Ұлы Отан соғысының майданына аттанады. Сол кезде «Соғыс ізімен» деген суреттер топтамасын жазады. 1957 жылы суретшінің ең атақты шығармасы «Таңертеңгі Қарақұм ГЭС-і» дүниеге келеді. Орал Таңсықбаев өнері — ешбір меншікке, саясатқа бағынбайтын, тау шыңындай биік, бұлақ суындай таза, қыр гүліндей сұлу мәңгі рухани байлық.

3. Айша Ғалымбаева туралы жалпы түсінік беру.

Айша Ғалымбаева

Айша Ғарифқызы Ғалымбаева 1917 жылы 29 желтоқсанда Алматыға таяу жердегі Есік селосында туған. 1943 жылы Алматы көркем-өнер училищесін бітірген соң, ол 1949 жылы Бүкілодақтық мемлекеттік кинофотография институтында суретші-көркемдеуші деген мамандық алып шығады. Айша Ғалымбаева еңбегінің өзекті арқауы — қазақ әйелінің образы. «Қазақстан әні» (1962 ж) суреті өзінің нәзік музыкасымен, живопистік нақыштарымен көз тартады. «Қыздар бригадасы» атты суреті — тұнып тұрған терең лирика. Суретші, әсіресе, халықтың той-думан, мерекесінің рухын жақсы

түсінеді. «Қостанай», «Қуанышты күн» суретті де мерекелік тақырыпқа арналған. Айша Ғалымбаеваны әрқашанда үлкен қоғамдық мәні бар, халық өмірімен тығыз байланысты тақырыптар көп толғандырады. Айша Ғалымбаева еңбегінде портрет жанры көрнекті орын алады. Айша Ғалымбаева жазған шамалы ғана ер адамдар портретінің ішінде жазушы Ғабиден Мұстафиннің суреті де бар (1965). Айша Ғалымбаева халықтың тұрмыс-тіршілігін, қолөнерін ғана емес, ән-күй, аңыз-ертегілерін де жақсы біледі.

IV. Білім, білік дағдыларының қалыптасуы, қолданылуы.

Тапсырма: Мәтіннен етістіктерді теріп жазыңдар. Олардан көсемше жасаңдар.

Үлгі: дамыған-дамып келеді.

V. Үй тапсырмасы туралы мәлімет беру кезеңі.

- Үй тапсырмасын орындауға нұсқау беру- «Қазақ суретшілері» мәтінін мазмұндау.

- Оны орындау тәсілдерін түсіндіру (жазу, ауызша талдау).

VI. Сабақты қорытындылау.

1. Жұмыс қорытындысын шығару (сынып қалай жұмыс істеді, оқушылар қандай жаңа нәрсені үйренді).

2. Оқушылардың білімдерін бағалау.

VI. Рефлексия кезеңі.

- Достар, көңіл-күйлеріңіз қалай? Бүгін барлығыңыз сабақта тамаша жұмыс істедіңіздер.

Мұғалім «Сиқырлы таяқшаны» оқушылардың біріне ұсынады да, мақтау сөз айтады, келесі оқушы әрі жалғастырады, ең соңында таяқша мұғалімге келеді.

ГРАММАТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР, ОЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Сабақ мақсаты: 1) грамматикалық жаттығулар, олардың түрлері, жаттығудың берілу мақсаты, міндеті, грамматикалық жаттығуды орындату жолдары туралы түсінік беру; 2) ойлау, елестету, қиялдау, сезіну, табу, талдау-жинақтау қабілеттерін шыңдау; 3) адамгершілік қасиеттерін жетілдіру, инабаттылыққа, шыншылдыққа, қанағатшылдыққа баулу.

Түрі: аралас сабақ.

Сабақ барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Амандасу, оқушы ынтасын сабаққа аудару.

Педагогикалық жағдай: Атымды адам қойған соң,

Қайтіп ?

Жұртым надан болған соң, Қайда ?

Кімнің сөзі? Неге айтылған? Қазіргі адам қандай адам?

Қандай ұрпақ?

Деңгейлеп оқыту технологиясы.

1-деңгей	Оқушылық деңгей	Білім, түсінік. «Емле ережесін үйрету» 1. Есте сақтауға байланысты жаттығулар ұйымдастыру. 2. Емлені меңгерту кезеңдері. 3. Қатемен жұмыс кезеңдері. 4. Анықтаманы саналы меңгерту жолдары. 5. Жан-жақты пысықтау.	Үй тапсырмасын сұрау, бекіту кезеңі: 1. Көру диктанты. 2. «Қатесін тап» ойыны. 3. Кешенді талдау. 4. Дамыта оқыту технологиясының принциптері.
2-деңгей	Алгоритмдік деңгей	Қолдану. 1. Грамматикалық жаттығу түрлерімен таныстыру. 2. Міндеттерін айқындау. 3. Жаттығуға қойылатын талаптарды меңгерту.	Жаңа білімді меңгерту кезеңі: «Грамматикалық жаттығулар» (С.Р. §5.Г.Т.152-бет) «Түртіп алу» стратегиясының элементтерін пайдалану.
3-деңгей	Эвристикалық деңгей	Анализ-синтез. 1-4-сынып оқулықтарымен жұмыс. Теориямен ұштастыру.	Білімді тексеру кезеңі: «Қазақ тілі» оқулығымен жұмыс, «Оқушы-оқу құралы-мұғалім» әрекетімен.
4-деңгей	Шығармашылық деңгей	Баға (өзіндік сыни пікір) Сарапшылар тобының пікірі. Өзіндік ой қорыту, «Бүгінгі сабақта не білдім?» жүйесі бойынша.	Бекіту кезеңі: «Сын тұрғысынан ойлау» стратегиясы элементтері, «Инсерт» стратегиясы. Бағалау.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

«Емле ережесін үйрету» (Г.Тұрдалиева, 149-152-бет)

1. Бір грамматикалық құрам қалай топталады? Сөздердің тәуелденуі.

I. Менің досым. Отан кітап, қазақ, жүрек.

II.

III.

Қайда, қандай өзгешелік бар?

2. Қай сыныптарда оқытылады?

Сөз соңындағы қ, ғ, п → ғ, г, б

3. Емле ережесін еске сақтау үшін ұйымдастырылатын жаттығулар.

Ұйқасын тап:

1) парағы

..... жарағы

.....

..... жүлады.

2) , қарағым

..... тарағым

.....

..... қарадым.

4. Қате бойынша жүргізілетін жұмыстар.

[ойу, ойу, оиуым бар-ды

Орындалмай ойымдағы

Ойылмастан ойуым қалды]

[Орман ішінде көп балалар келе жатты. Ақырған аиудың даусі естілді. Балалар көңүлді әнге басты. Саз сырнай мен барабан үнү тоғайді жаңғыртті. Қорбаңбай қаша жөнөлді]

5. Жаттығу материалдарын талдауға қойылатын талаптар.

Менде бір аппақ арман бар

Ақтығы жауған ақша қар. (Мұқағали Мақатаев)

6. Грамматикалық ережелер оқулықтарда қалай беріледі?

7. Әрбір анықтаманы сапалы меңгеру үшін мұғалім

қандай жұмыстар атқаруы керек?

- Апаң саған базардан

Алма сатып әкелді.

Ең үлкенін, тәттісін

Саған таңдап әперді.

Не деп барып жеу керек?

- Рахмет!- деу керек.

(Мәтінге кешенді талдау жасалады).

→Өлең жолдары бірінің астына бірі, жеке-жеке жазылады.

→Өлеңнің әр жолы бас әріппен жазылады.

→Сөйлем толық аяқталған соң соңында нүкте қойылады.

(Мысалы: «Апаң базардан саған алма сатып әкелді»).

→Диалог сөздер әр жолға, алдына сызықша қойылып, жеке жазылады.

→Сұраулы сөйлемнен кейін сұрау белгісі қойылады.

→Лепті сөйлем жоғары леппен айтылады, адамның көңіл-күйін білдіреді.

III. Жан-жақты пысықтау:

1. Қазақ тілін оқыту технологиясының талаптары қандай еді?


2. Инновация сөзінің мағынасы.

3. Технология туралы ғалымдар пікірін қалай жинақтауға болады?

4. Монахов технологиясының басты мақсаты не? Жаңа буын оқулықтары қай технологияға негізделіп жасалған?

5. «Блум технологиясы» қай технологияға жатады? Авторлары кім? (Дұрыс жауап интерактивті тақтадан көрсетіліп тұрады).

6. Дәстүрлі оқыту мен дамыта оқыту технологияларының айырмашылығы неде?



мұғалім оқу құралдары оқушы оқушы оқу құралы мұғалім

IV. Мақсат қою. Жаңа материалды меңгермес бұрын ҚР жалпы бастауыш білім берудің мемлекеттік стандартына назар аударайық: 19-бет: «Қазақ тілі пәнін оқытудың басты міндеттері» (интерактивті тақтада)

V. Жаңа білімді меңгерту кезеңі.

Грамматикалық жаттығулар, оның түрлері:

а) Кіріспе кезең:

1. Жаттығу сабақтың, көбінесе, қай кезеңінде орында-

лады?

2. Жаттығу не үшін беріледі деп ойлайсыңдар?

ә) Бүгінгі сабақ жоспары:

1. Грамматиканы оқытудағы жаттығу жұмысының маңызы.

2. Жаттығу нәтижесінің оқушыға тиімді жақтары.

3. Грамматикалық жаттығудың түрлері.

4. Жаттығу түрлерінің міндеттері.

5. Жаттығуда қойылатын талаптар.

б) Лекция жазу сәті:

1. Грамматика сабақтарында жаттығу жұмысының маңызы зор. Оқушылар грамматикалық материалдарды оқулықпен бағдарламаға сай білгендерімен, жаттығу жұмысы жүргізілмесе, ол ұзаққа бармайды, ұмытылып қалады. Сондықтан мұғалім оқушыларға грамматикадан саналы, терең, тұрақты білім бергісі келсе, жаттығу, дағдыландыру жұмысын жүргізу керек. Осы арқылы олардың дағдылары қалыптасады және қалыптасқан дағдыны тілдің ұқсас фактілеріне қолдана алатын әдістерін мұғалім білуі тиіс.

2. Жаттығу нәтижелерінде оқушылар теориялық білімдерін практикада қолдана алу білігін меңгереді. Сонымен қатар оқушы өз бетімен жұмыс істеуге дағдыланады.

3. Грамматикалық жаттығулар:

1. фонетикалық; 2. морфологиялық;

3. синтаксистік; 4. лексикалық.

4. Әр жаттығудың өзіндік міндеттері мен ерекшеліктері, өзіндік атқарар жұмыстары баршылық (4 жаттығудың міндеті, мысалы интерактивті тақтада көрсетіледі).

5. Жаттығуды орындау барысында қойылатын талаптар мыналар: 113-бет, С.Р. (Тақтада көрсетіледі).

VI. Білімді тексеру кезеңі.

1. 1-4-сыныптардың «Қазақ тілі» оқулықтарына шолу.

2. Мысал келтіру.

3. Жаттығуды кешенді талдау үлгісі.

4. Бөлінген топтардағы «мұғалім-оқушы», «оқушы-мұғалім» әрекеті.

Сабақ үзінділерін көрсету.

2-сынып, 28-бет, 78-жаттығу.

84-бет, 109-жаттығу.

1-сынып, 50-бет, 44-жаттығу.

52-бет, «Әдептілік әліппесі».

3-4-сынып оқулықтары бойынша өз еріктерімен:

1. фонетикалық;

2. морфологиялық: а) сөз тұлғасына; ә) сөз табына.

3. синтаксистік;

4. лексикалық.

Лексикалық жаттығу түріне «Сөз мергені» үлгісімен тапсырмалар орындалуы.

Оқушыға қойылатын талаптар:

1. Жаттығу түрлерін ажырата білу;

2. Жаттығуда қойылған талаптарды орындау;

3. Жаттығу шартын оқушыға түсінікті етіп таныстыра білу;

4. Жаттығу орындаудың тиімді әдістерін көрсету;

5. Өз ісіне сын көзбен қарауға үйрету.

Ескерту: 1. Жаттығудың ауызша, жазбаша түрі болатынын ескеру; 2. Жаңа буын оқулықтары бойынша шартты белгілермен жұмыс жасай білу. Мысалы, 2-сынып оқулығы бойынша:

- сөйлем;

- ереже;

- мағлұмат;

- тілдік-грамматикалық жаттығулар;

- танымдық жаттығулар.

С – тіл дамыту жаттығулары.

Р – рефлексиялық жаттығулар.

VII. Білімді бекіту кезеңі.

«Бүгінгі сабақта не білдім?» тапсырмасы бойынша ой

қорыту.

VIII. Үйге тапсырма беру.

Бағалау.

«Инсерт» жүйесі бойынша:

1. Грамматикалық жаттығулар қай сабақта жүргізіледі?
2. Грамматикалық жаттығулар түрі – 4 (атап көрсет);
3. Әр жаттығудың өз міндеті болады (атап көрсет);
4. Жаттығу жұмыстары не үшін орындалады?
5. Жаттығулар берілу шартына, қызметіне қарай: тілдік-грамматикалық, танымдық, рефлексиялық, тіл дамыту жаттығулары болып бөлінеді.

6. Жаттығуға қойылатын талаптарды білемін.

7. Жаттығулардың ауызша және жазбаша түрлері болады.

Бүгінгі сабақта не білдім?

1. Грамматикалық жаттығудың 4 түрі бар екенін білдім.

2. Жаттығудың әрқайсысының өзіндік міндеттері болатынын білдім.

3. Жаттығуды орындау барысында әдіс-тәсілдерді түрлендіріп отыру керектігін білдім.

4. Егер жаттығу орындалмаса, өтілген материалдар, емле ережелері ұмытылып қалатынын білдім.

5. Белгілі бір жаттығуды орындау үшін оқушының сол жаттығуды орындайтындай білімі болу керек екендігін білдім.

6. Жаттығуды орындауда тек жаңа өтілген материалдарға негізделмей, бұрын өтілген материалдарды да қамту керек екенін білдім.

7. Шығармашылық жаттығуларды көбірек орындату үшін қызықты грамматикаға негізделген ойын элементтерін пайдаланған тиімді екенін білдім.

8. Жаттығудың ауызша, жазбаша түрлерін қызықты етіп орындау үшін мұғалімнің шеберлігі керек екенін білдім.

9. Жаттығу бір сарында өткізілмеуі керек екенін, жаттығу оқушының қызығушылығын арттыруы керек екенін білдім.

КҮЗДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

Сабақтың мақсаты: білімділік – пән бойынша білімдерін тереңдету, табиғаттағы күзгі өзгерістер жөніндегі ұғым мен түсініктерді қалыптастыру; **дамытушылық** – оқушылардың сөйлеу қабілеті мен танымдық деңгейін арттыру, сөздік қорын байыту. Логикалық ойлауын, есте сақтауын, сауатты жазу мәдениетін дамыту; **тәрбиелік** – тілге деген сүйіспеншілігін арттыру, табиғатты қорғауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктері: интербелсенді тақта, электронды оқулық, слайд-суреттер. **Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, сұрақ-жауап, сөздік жұмысы, суретпен жұмыс, тапсырмалар орындау, өлең, сөздер одағын құру.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылардың сабаққа әзірлігін тексеру. Сұрақ-жауап. Кезекшінің мәліметі.

- Сыныпта кім кезекші?
- Топта кім жоқ (Кезекші сұрақ-жауап жұмысын жүргізеді).
- Қазір қай сабақ? (қазақ тілі)
- Қазақ тілі нешінші сабақ? (үшінші)
- Қазір қай ай? (ақпан)
- Ақпан қыстың нешінші айы? (үшінші)
- Бүгін ақпанның нешесі? (бірі)
- Аптаның қай күні? (сейсенбі)

II. Сабақтың тақырыбын, мақсатын баяндау.

III. Жаңа сабақ.

1. Ойқозғау. Өлеңді оқып, сұрақтың орынына керекті, дұрыс сөзді қойып оқиды. Өлеңге ат қояды.

Бұл қай кезде болады?

Берекесін сыйлауға

Өлкемізге не келді?

Жемістерін жинауға

Шақырады біздерді.

Құстар қайтып ән салып,

Бұлт шарлады аспанды.

Қыс келеді жар салып,

Қандай суық басталды?

2. Сөздік жұмысы: а) жаңа сөздерді мәнерлеп оқиды, синонимдік қатарымен танысады; ә) жаңа сөздерден сөз тіркестерін, сөйлемдер құрап айтады.

Қаптау – көбею; әзірлік – дайындық;

мезгіл – уақыт; балбырау – пісу.

3. Тапсырмалар орындау.

а) Сөйлемдерді дұрыс құрындар (ауызша):

1. Күн, ұзарады, күзде, қысқарады, түн.
2. Жылы, ұшады, құстар, күзде, жаққа.
3. Қандай, алма, алмұрт, болды, шие.
4. Көрініс, күзгі, тамаша, қандай.
5. Егінді, күздігүні, жинайды, диқандар.
6. Жеміс, піседі, бақта, бақшада, көкөніс.
7. Жиі-жиі, жауады, жаңбыр.

ә) Сөз тіркестерінен сөйлемдер құрап жазындар.

Қыркүйек айында, жаңбыр жауады, аспан бұлтты, күн қысқа, жылы жаққа, жылы киім, жерге түседі, түрлі-түсті жапырақтар, қоңыр күз, суық жел, егін жинайды, адамдар дайындалады.

б) Топпен жарыс. «Жазу», «сөйле» етістіктерін үлгі бойынша үш шаққа қойындар.

Өткен шақ Нақ осы шақ Ауыспалы келер шақ

Мен сыздым Сызып отырмын Сызамын

Сен

Сіз

Ол

1. Болат, қайда кет... бар... жатырсың?
2. Асан сабаққа дайындалма... келді.

3. Мен кітапты оқы... бітірдім.

4. Әсем бақшаға кел... жатыр.

5. Айдар бақшадан алма жина... келді.

6. Мен ертең саяжайға бар... отырмын.

7. Саяжайда көкөністер піс... тұр.

4. Мәтінмен жұмыс.

а) 3 топ оқушылары мәтінді оқып, мазмұндайды, мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, жауап береді.

1-топ – «Ерте күз».

2-топ – «Алтын күз».

3-топ – «Қоңыр күз».

ә) берілген слайд-суреттерді мәтіндердің тақырыбы бойынша топтайды.

Қыркүйек (ерте күз)


Күздің бірінші айы. Суық түсіп, жайлаудағы мал қайтады. Ауа салқындай бастайды. Шық түседі. Қайтқан құстардың тобы көбейеді. Қыркүйектің жиырма екісінде күн мен түн теңеледі.

Қазан (алтын күз)

Күздің екінші айы. Қара суық басталады. Жапырақтар қызыл, сары, қоңыр түске еніп, жерге түседі. Күздің сылбыр жаңбыры толассыз жауады. Үйрек пен қаз жылы жаққа ұшып кетеді.

Қараша (қоңыр күз)

Күн қысқарады. Қара суық басталады. Шөпті қырау басады. Суық аспан жер бетін тоңазытады. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді.



Үйге тапсырма: 1) 3-тапсырма, 142-бет, сурет бойынша әңгіме құрастырып жазыңдар; 2) «Күзде» өлеңін жаттау.

Раиса ҚАЗАТАЙҚЫЗЫ,
«Қалбатау» өнер мектебінің
домбыра сыныбының
оқытушысы.
Шығыс Қазақстан облысы,
Жарма ауданы.

ҚҰРМАНҒАЗЫ КҮЙЛЕРІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

Сабақтың мақсаты: оқушыларды Құрманғазы күйінің шығу тарихымен, оның ерекшелігімен жеке таныстыру.

Түрі: лекция сабағы.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі: оқушылармен сәлемдесу, сабақ барысы, тақырыбы туралы хабарлау.

- Балалар, мен сендерге өткен сабақта Құрманғазы күйлерінің шығу тарихы жайлы дайындалып келуге алдын ала тапсырма бергенмін. Қане, дайынсыңдар ма?!

- Ал, Елнұр, сен Құрманғазы Сағырбайұлының қай күйі жайлы айтпақсың?

- «Сарыарқа».

- Шілденің тас қайнатқан ыстығында астында ауыздығымен алысқан құла қасқа ат, үстінде шидем күпі, бұтында жарғақ шалбар, басында ақ жалғантыс, өткір көзді, маңдайы кере қарыс бір адам келе жатты. Бір нәрсесі түсіп қалғандай, мезгіл-мезгіл артына қарап, біресе аяндап, біресе желіп, біресе шоқытып алады. Жолаушының өкше ізі Сарыарқа да, маңдайы Сырдың бойы сияқты. Күн төбеден ауған кезде біздің жолаушымыз бір көгалға келіп тоқтады да, ауыздығын алып, Құлақасқаны отқа жіберді. Атының қасына барып домбырасын алды. Оң қолдың шынтағымен домбыраның түбін қолтығына қысып тұрды да, бірнеше қағып-қағып жіберіп, сол қолдың салалы саусақтарымен домбыраның мойынын қуалай жүгіртіп алды.

Одан кейін көп тартпай, домбырасын қабына қайта салып, ерінің қасына қайта іліп қойды. Бұл келе жатқан жолаушы – қазақтың ұлы композиторы, дарынды күйші – Құрманғазы еді. Оның мезгіл-мезгіл артына қарап, елсізде жалғыз жолбарыстай жалғыз жортып келе жатқаны – алыс сапардан, сонау Алатаудың ақбасын көріп, туған жерінің шөбіне де, желіне де риза болып, еркіндік жырындай етіп домбырасын алып күй шерткен еді. Ол күй еңкейген кәрі мен еңбектеген балаға шейін білетін атақты «Сарыарқа» күйі болатын.

- Жақсы, «Сарыарқа» күйінің шығуы туралы жақсы мәлімет бердің. Ал, енді, өзің ойнап бер.

- Ерғалым, сен қай күй туралы мағлұмат бермексің?

- «Адай.Серпер»

Құрманғазы жолаушылап келе жатып бір Адайдың (бұл арада ру аты) үйіне түседі. Үй ішінде шал мен кемпір болады. Қай жерден, қай елден келе жатқанын, толық аты-жөнін Құрманғазы ашық айта қоймай, қазақ әдетіндей «сүйрей салмамен» жүрген жерінің иттен-құстан амандығын, басқа «алды-салдының» естілмегенін, ат көлігінің аман екендігін, «құдайы қонақ» екендігін айтумен тоқталады. Үй иелері бір кезде далаға шығып кетеді. Осы кезде Құрманғазының көзі керегенің басында ілулі тұрған үкілі сары домбыраға түседі. Домбыраның үкісі – оның иесінің не қыз, не сал мен серінің бірі екенін ескертеді. Ұзақ жолдан шаршаса да, домбыраны көрген соң, оны ұстап қарағысы келіп қолына алып, бір-екі қағып, әдейі «теріс бұрап» (қазақта квинта бұрауын осылай дейді) қайтадан бұрынғы орынына іліп қояды. Біраз уақыт өткен соң кемпір мен шал, 17-18 шамасындағы қыз кіреді. Қыздың аты – Ақмандай екен. Ол келісімен-ақ төрде отырған қонаққа көзінің қырын да салмай, бірден айналады. Бір-екі қаққасын-ақ домбыраның бұрауының өзгергенін сезіп: - Мынаған кім тиген?- деп әке-шешесіне қарайды. Олар не дерін білмей «жазықты осы болар-ау!» дегендей, төр алдындағы күйшіге қарайды. Ақмандай домбыраның бұрауын өзгертіп, бір күй тартып кетеді. Ақмандай күйдің аяғына шыққан кезде,

Құрманғазы қызға қарап: - Шырағым, күйдің шоғын тартпай, боғын тарттың ғой! Домбыраны бері берші!- дейді. Күтпеген жерден мұндай әңгіме есіткен Ақмаңдай қалай ұсынғанын сезбей де қалады. Құрманғазы бір күйді тартып болған кезде үй адамдары біріне-бірі сыбырлап, бұрын-соңды бұл айналада Ақмаңдайды домбырадан сүріндірмей келгендерден емес-ау, тартыс шоқтығы тым биік екен дегендей, бір жағынан жұмбақ қонаққа шырамытқандай, баяғы ашудан тыс жылы шыраймен күле қарап: - Шырағым, домбыра тартысың біздің бұл араның тартысына ұқсамайды. Қызылқұрт Құрманғазы деген бар деп еді, сен соның өзі емеспісің, «аяқ алысың» әлей екен тым,- дейді.

Құрманғазы мұртынан күліп:

- Болсақ, болармыз,- деген екен. Енді үй іші болып қолқа-лап, Құрманғазыға қайтадан домбыра тарттырып, бірнеше күн жатқызып, қонақ етіп, сый-құрметпен аттандырады. Сондағы қыздың тартқан күйі «Адай» да, Құрманғазының тартқаны «Серпер» күйі екен дейді. Бұл әңгімені 1937 жылдың күзінде Алматыға бірінші рет келгенде марқұм Дина айтқан екен.

- Ерғалым «Серпер» күйін Өскемен қаласында өткен байқауда орындап, дипломант атанды. Қазір сіздерге де орындап берсін.

- Өте жақсы, тамаша, рахмет, өнерің өрлей берсін.

- Әйгерім, сен күйшінің қай күйіне тоқталасың?

- «Балқаймақ».

- Құрманғазы Жем бойынан қайтып келе жатып бір қараша үйге түседі. Үй жапан далада жалғыз болады. Үйдің қасында бір сауулы інген боздап жүреді. Құрманғазы үйге кіргенде, бір бойжеткен қыз ибамен сәлемдеседі. Күйші алыстан келе жатқан жолаушы екенін, қатты шөлдегенін айтады. Қыз жалма-жан мосы ағашын көтеріп, күйе басқан қара шәйнекті асып, сауады. Інген сүтін құйып, қыз берген шай Құрманғазыға аса ұнайды. Шөлдеп келген жолаушы бір өзі бір шәйнек шайды еңсереді. Өбден өзіне-өзі келгісін Құрманғазы қолына домбырасын алады. Қыз да қонағының тыныға бастағанын біліп, енді бір таза

ауа жұтсын дегендей іргенің көлеңке жағын түреді. Құрманғазы күй шертеді. Аяқтап болған кезде қызға қарап: «Сіздің берген шайыңыз әншейін шай емес, маған балқаймақтай болды. Осы күйімді сізге арнадым. Балдан тәтті шай бергеніңіз үшін күйдің атын «Балқаймақ» қойдым,- дейді.» Сөйтіп, күйдің атын «Балқаймақ» аталады.

- Балалар, Әйгерімнің орындауында «Балқаймақ» күйін тыңдайық.

- Күйді өз дәрежесінде ойнадың, рахмет.

- Кәнеки, Қуаныш, Құрманғазының қай күйін таныстырып, баяндап бересің.

- «Қызыл қайың». «Машина»

Халық ауызында Құрманғазының «Қызыл қайың» күйінің шығуын да осы бір кезеңге жатқызады. Аңыз бойынша Құрманғазы қуғыншылардан қашып келе жатқан сапарында ең далада жалғыз өскен қызыл қайыңның бұтағын жамылып отырып аман қалыпты дейді. Кейін: Менің елім де, жерім де, бұтам да, ағашым да – пана екен.

Анадай қойынын ашып, жапырағын жауып, паналатқан қызыл қайыңға арнап едім,- деп орындаса керек. Күйшінің осы сапарынан туған шығарманың бірі – «Машина».

Орынбордың түрмесінде біраз уақыт болып, оның үстіне басқа да үлкенді-кішілі қалаларды көріп, олардағы ірі өндіріс орыны болмағанымен диірмен, ұсақ ұлан фабрикалар, базар шуларын көріп, оның сақ құлағы солардың ішінен өзінің келесі шығармаларына тақырып іздейді. Қазақтың құлазыған кең даласымен салыстырады да, қаланың өмір ритмі (ырғағы), қозғалысы, у-шуы, әрине, мүлдем басқа. Міне, Құрманғазының «Машина» күйі осы айтылған қала өмірінің суретін береді.

Арбаның доңғалағындай зырлап, тез өтіп жатқан қала өмірін Құрманғазы машинаның доңғалағының айналуындай тез жүріс ырғағымен береді. Әрине, күйде біз айтқандай турасынан тура сурет жоқ. Даланың асықпайтын, баяу өмір сазына қарсы келетін қозғалыс кейпі бар.

- Балалар, Қуаныштың орындауында «Қызыл қайың» және

«Машина» күйлерін тыңдайық.

- Күйді өте тамаша және шебер, өз дәрежесінде орындадың, саған жетістіктер тілейміз, рахмет.

Сабақты бекіту:

- Төкпе күйдің шебері болған, асқан күйші Құрманғазы өзі өмір сүрген дәуірдің болған оқиғаларын көріп, күй арқылы бізге жеткізген. Мысалы: табиғат туралы қазақтың «Сарыарқадай» кең даласын, өзінің достары жайлы, әсіресе, анасына арнаған көптеген күйлері бар.

Білімдерін бағалау:

Үйге тапсырма: «Қайран шешем», «Аман бол, шешем, аман бол» күйлерін нотамен талдап, тыңдап келіндер.



Нұрлыгүл СИСЕНҒАЛИҚЫЗЫ,
Атырау облыстық қазақ-түрік
лицейінің мұғалімі.

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АНАЛАР БЕЙНЕСІ

Ұлттың өзін-өзі сақтауы мен болмысын биіктетуі – өзінің тіліне деген ниетіне, ықыласына тікелей байланысты. Қазақтың көрнекті жазушысы Ғ.Мүсіреповтің «Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын сол. Халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі» деп айтуында терең сыр бар.

Тіл мен әдебиет – қазақ халқының жаны, қазақ жанының қуаты. Тіл мен әдебиет – егіз. Егіз болғанымен, олар бірінен-бірі айнамайтын екі нәрсе емес, шынында, бір нәрсенің айырылмайтын екі жағы. Бірі – ұлттың көкірегінде қайнап жататын терең ойлар толқыны, екіншісі – соларды жарыққа әсемдеп шығаратын жол.

Халқымыздың біртуар перзенті, ғұлама А.Байтұрсынұлы ана тілінің халық, ел тағдырындағы мән-мазмұнына терең көз жіберіп: «Өз тілі мен әдебиеті бар ел ғана өз алдына дербес ел бола алатынын ұмытпауымыз керек» деген. Ал мектептегі барлық пәндерден терең де баянды білім алудың негізі де ана тілін жеке меңгеруге келіп соғады». «Ана тілін жақсы білмейінше, – дейді белгілі психолог, педагог ғалым Ж.Аймауытов – басқа пәндерді түсіну мүмкін емес».

Әйтсе де халықтың рухани қазынасы – ұлттық тіл қалыптастырудың бірден-бір қайнар бастауы саналатын ана тілі мен төл әдебиетін ата тарихтың, мәні мен маңызын дәлелдеп жатудың өзі артық.

Ғұламалар «Әдебиет – халықтың санасы, оның рухани өмірінің бояуы мен жемісі» деп бағалаған. “Әдебиет тек асыл мұратпен, таза ар-намыспен кіруге болатын зәулім сарай” деген ұлылар сөзі бар. Жалпы адамзаттың әрбір жеке халықтың өмірлік тәжірибесі арқылы айқындалған қымбат құндылықтар, биік адамгершілік, азаматтық, кісілік, Абай әспеттеген толық адамдық қасиеттердің сырын ашып, бағасын беретін, рухани асқарға жетелейтін асыл мұра - әдебиет, ал біз үшін қасиетті қазақ әдебиеті.

Балалардың ана тіліне деген, туған әдебиетіне деген сүйіспеншіліктерін оятуы үшін ол сезім алдымен мұғалімнің өзінде болуы керек.

Әдебиет пәнінің негізі – көркем шығарма. Ал, шынайы көркем туындыда халықтың арман-қиялы, өмір белестері, әдет-ғұрпы, халық психологиясы, халықтың тіл байлығы жинақталған, адамгершілік ұғым түсінігі көрініс тапқан. Сондықтан, ол – оқушы зердесіне замана келбетін, өмір тынысын жеткізетін халқымыздың көркем тарихы – ұлттық сананы тәрбиелейтін өмір

оқулығы.

Әдебиетті талапқа сай деңгейде оқыту арқылы баланың рухани әлемін қалыптастыру, ізгілікке, биік адамгершілікке тәрбиелеу, ең бастысы – адам ретінде баулу – әдебиетші ұстаздың аса мәртебелі міндеті. Сондықтан оқушы алдында мұғалімнің мерейін биіктетер бір үлкен тұғыр бар. Ол – біздің ана тіліміздің әуезділігі, әуенділігі, сұлулығы. Шын мәнінде, біздің тіліміз – көңіл көкжиегінің қай биігіне де еркін шарықтап шырқай алар сұңқар тіл.

Мақсаты: білімділік – пән бойынша білім-білік дағдыларын қалыптастыру; **тәрбиелік** – адамгершілікке (анаға деген құрмет), мейірімділікке, төзімділікке тәрбиелеу; **дамытушылық** – қиындықты жеңуге үйрету.

Түрі: семинар сабақ. **Көрнекілігі:** Ғ.Мүсірепов өмірінен иллюстрациялық фотосуреттер көрсету (техникалық құралдар арқылы). Ана, әйел туралы жазылған плакаттар.

Сабақтың барысы:

1) Мұғалімнің кіріспе сөзі.

2) Ғ.Мүсірепов – классик жазушы, көркем сөздің зергері, қоғам қайраткері.

3) Ғ.Мүсіреповтің М.Горький шығармаларын аударуы.

4) а) Ананың анасы; ә) Ашынған ана; б) Ананың арашасы.

в) Ер Ана; г) Ақлима; д) Әмина;

е) «Ұлпан» романы туралы оқушы пікірін тыңдау, талдау.

5) Үзінді келтіру.

Әйел, ана, арулар тақырыбына арналған Ғ.Мүсірепов шығармаларының ішіндегі ең көлемдісі де, көрнектісі де – «Ұлпан» романы. Бұл роман – қазақ әдебиетінің нағыз классикалық туындысы.

Ұлпан қасиеттері айтылады.

1) Ұлпан – ел анасы. 2) Ұлпан - күрескер ана.

3) Ұлпан- қайратты, өткір, қаһармандық образ.

4) Ұлпан – тарихи, типтік образ.

5) Ұлпан – романтикалық характер.

б) Жазушы «Менің Джакондам» деп атаған Ұлпан бейнесі – қазақ прозасында даралық характерді тұңғыш жоғары дәрежеде суреттеген бейне. Жазушының басқа прозалық шығармалары бір төбе болса, «Ұлпан» солардың көшбасшысы. Қазіргідей алмағайып заманда әсемдік пен адалдықтың символы болған Ғабиттің «Джакондасы» – қазақтың Ұлпанын пір тұтар абзал аналар қатары көбейе бергей дейміз.

Жарнаманы іліп таныстыру:

Жақсы жар, ақылды ана, қадірлі әйел болуды Ұлпаннан үйрен.

Ақылды қыз әкенің жақсы атағын шығарады.

Ақылсыз ұл абыройдан айырады.

Ең қысқа әңгімені де Ғабит Мүсірепов «Ұлпанда» жазыпты.

«Ұлпан» Ел анасына қойылған ескерткіш.

«Ұлпан» – сөз өнерінің, әйел технологиясының көркем кестесі.

«Ұлпан» – асқан байлық пен шынайы еңбекқорлықтың, адал еңбек пен адамға қамқорлықтың шынайы көрінісі.

Ұлпан қазақы қалжың, әдемі әзіл, жеңіл юморға бай.

Нағыз достық, шынайы адамгершілік, биік парасат туралы білгің келсе, «Ұлпанды» оқы.

7) Оқушылар шығармашылығы.

Анаға деген құрмет, мейірімділік – әрбір адам баласы үшін мәңгілік. Ендеше өзіміз де жүрекжарды жақсы сөзімізді, жыр жолдарымызды неге анамызға арнамасқа?!

8) Қорытынды: «Өмір жыры» (аңыз негізінде жазылған) әңгімесімен қорытындылаймын.

Бағалау.

Тапсырма. Плакатқа жазылған сөздер

1) «Әйел – табиғаттың ең талантты туындысы».

2) Ғ.Мүсіреповтың ана, арулар тақырыбындағы қай-қай шығармасы да туған әдебиетіміздің інжу-маржаны».

Ә.Нарымбетов.

Айнұр ТӨЛЕУХАНҚЫЗЫ,
Ләззат ӘЛІМЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласындағы
№155 жалпы орта білім беретін
мектептің мұғалімдері.

ЖАУЫНГЕР, БАТЫР, ЖАЗУШЫ

(әдеби-музыкалық кеш)

Мақсаты: балаларға аты аңызға айналған Ұлы Отан соғысының даңқты қаһарманы, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының азаматтық, ерлік істерін таныстыру. Отанын сүйуге баули отырып, ерлік, батырлық сезімдеріне әсер ету. Ойлы, пайымды, іскер, білімді, ынталы азаматты тәрбиелеу.

Әдісі: әңгіме, әдеби-музыкалық монтаж, сахналық көрініс, викторина. **Көрнекілік:** интербелсенді тақта арқылы слайдтар, портреттер.

Кештің барысы:

Кіріспе сөз. Күй – «Көңіл толқыны».

Мұғалім: – Туған жер мен оның дүниеге әкелген ұлы перзенттерінің арасында ақылмен емес, сезіммен ғана түсінуге болатын бір құпия байланыс болады.

Аты аңызға айналған әйгілі батыр, ел жадында мәңгі жатталып қалған даңқты қолбасшы, халқымыздың қыран мінезді айбынды перзенті, дүниеге екі келмес біртуар биік тұлға, жастардың ұлағатты ұстазы, көрнекті жазушы – Бауыржан Момышұлының өзіне ғана тән көп қырлы қайталанбас асыл бейнесі ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, асқарлана, ажарлана түспек.

Би.

1-оқушы: – Бауыржан Момышұлы 1910 жылы 24 желтоқсан күні Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Көлбастау ауылында қарапайым мал бағатын шаруа отбасында дүниеге келеді. Балалық шағының он үш жылын өзінің кіндік қаны тамған ауылында өткізіп, одан кейін кеңестік дәуірдегі интернатта тәрбие алады. Бауыржан Момышұлы бастан кешкен оқиғалар

да мол. Мәселен, «Олар менің есімде» атты әңгімесі.

Көрініс – «Балалық шағы».

- Мен жасымда айтқанымды орындамай қоймайтын тентек болсам керек (Ол күлді). Тағы да бір ойыннан қайтып, үйге келсем, әжем жаңа ғана қаймақ шайқап болып, түскен майды сығып, табаққа салып жатыр екен.

- Әже, май бер,- дедім мен қарыным ашып келген.

- Тұра тұр, қалқам!- деді әжем. Алдымен майды қылшықтап, тұздайын. Содан соң жейсің бе, алақаныңа салып жалайсың ба, өз еркің.

- Жок, маған қазір бер,- деп қиғылықты салдым.

- Мә, ендеше,- деді әжем қатуланып, май салған табақты маған қарай итере салып. Сонсоң өзі үйден шығып кетті.

Тұздалмаған, қылшығы алынбаған майды ал кеп жейін. Содан не керек, кешке қарай ыстығым көтеріліп, лақ-лақ құсып, ауырмасым бар ма? Сонымен, жаңағы майдың кесірінен бір апта ауырып, үйден шыға алмай жаттым. Далаға бір апта үйден шыға алмай жатудың қандай азап екенін мен айтпасам да балдырғандардың өздері біледі оны. Міне, осыдан кейін енді май көрсем жүрегім айнитын болды. Әже тілін алмаған бала осындай, өмір бойы май жей алмайтын болып кетеді екен. Ал, сары май – адамға ең қажетті астың бірі ғой. Мұны мен балалар әрқашанда әжелерінің тілін алып жүрсін, менің қатем оларға ғибрат болсын деп айтып жатырмын.

2-оқушы: – 1929 жылы «Әулие Ата» тоғыз жылдық мектебін бітіреді. Мектепті тәмамдағаннан соң шалғай аудандардың біріндегі ауылға (Бетпақдала) мұғалім болып барады. Коллективтендіру кезеңінде кеңестік мекемелерде қызмет етеді. 1932 жылдың қаңтары мен қарашасы аралығында мансапты қызмет атқарады. Кейін әскерге шақырту алады.

3-оқушы: – 1932 жылы әскерге шақырылғаннан кейін Отан алдындағы борышын өтейді. Әскери машықтану кезінде білім алып, мергендік өнерге машықтанады. 1933 жылы полктық мектепті бітіреді. 1934 жылы әскерден келген запастағы командир болады. Одан кейінгі уақыттарында білімін жетілдіріп

(Ленинградтық қаржы академиясында қысқы мерзімдік курстан өтеді), банк саласында қызмет етеді.

4-оқушы: – 1936 жылы Қызыл Армия қатарына командир ретінде қайта шақырылып, әскери қызметтер атқарады. Ол Ортаазиялық әскери округтың 315-ші атқыштар полкына командир болып тағайындалады. Бір жылдан кейін оның полкы ерекше қызылтулы Қиыр Шығыс Армиясының бөліміне қосылады. Ал Бауыржан жарты ротаның командирі болады.

5-оқушы: – Ұлы Отан соғысының басталмай тұрған кезінде Бауыржан Момышұлы 105-ші атқыштар бөлімшесінің командирі қызметінде болады. 1940 жылы Украинаның Житомир қаласындағы 202-ші арнаулы танкке қарсы шабуылдайтын дивизионның командирі болып тағайындалады.

6-оқушы: – Алайда, 1941 жылдың қаңтарында тәжірибелі сардар Алматыға қайтарылады. Сол жылдың жаз айларынан бастап жаңадан құрылған 316-шы атқыштар дивизиясының штабына Қазақстан мен Қырғызстан елінен сарбаздар жинай бастайды. Бауыржан қайта жасақталған дивизияның 1073-ші атқыштар полкының атқыштар батальонына командир болып тағайындалды.

Мұғалім: – Әрі қарай қайнаған соғыс майданы басталып кетеді («Священная война» өлеңі).

7-оқушы: – 1941 жылғы күзгі, қысқы кескілескен шайқастар кезінде өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шықты, 5 рет қоршауды бұзып, негізгі жауынгерлік құраммен аман-есен дивизиясына қосылды. Ресейдегі Волоколамск, Горюнь, Матренино, Лопастино, Крюково, Бородино, Трашково, т.б. қала, ауылдар үшін болған қырғын ұрыстарда 9 рет асқан ерлік көрсетті. Жасаған ерлігі мен батырлығы үшін, өзіне жүктелген міндеттерді абыроймен атқарғаны үшін, шешуші кездерде жылдам түрде нақты шешім қабылдай білгені үшін ол Ленин орденімен марапатталады.

Песня: «На безымянной высоте».

8-оқушы: – 1942 жылдың тамызынан бастап Панфиловшылар дивизиясында командир болады. 1942 жылдың

казанында Бауыржан подполковник шенін алады. Ал сегіз айдан соң полковник шеніне көтеріледі. 1945 жылдың 21 қаңтарында Бауыржан Момышұлы Бірінші Балтық жағалауы дивизиясының командирі болып тағайындалды.

9-оқушы («В землянке» әні ақырын ойнап тұрады):

- Бауыржан Момышұлы – личность неординарная, многогранная, об этом говорят многие факты и примеры.

На фронт приехал писатель Александр Бек, ему порекомендовали встретиться с Бауыржаном Момышулы. Встретились в землянке, сразу нашли общий язык, а потом возник спор. Бек утверждал, что не должен солдат в бою испытывать страх. Бауыржан говорил: «Страх есть». Каждый оставался при своей точке зрения... И тут Бауыржан потихоньку, чтоб не видел Бек, вытащил из кобуры пистолет и без предупреждения сделал три выстрела: справа, слева и над головой писателя. Тот, конечно, упал на пол, закрыл голову... А Момышулы, так же спокойно сидя на стуле спрашивает у него: «Ну что, страх есть?» - «Убедил ты меня» - признался писатель.

10-оқушы: - Жаралғандай жалыннан
Жайсаң батыр Бауыржан.
Естігенде есімін
Жау есінен жаңылған.

Бұзып-жарып қоршауды,
Жолсыз жерден жол салды.

Достар түгіл ерлігін
Қасы да естіп тамсанды.

11-оқушы: – Ұлы Отан соғысы аяқталып, Кеңес үкіметі жеңіске жетіп, фашистік Германия тізе бүккен соң Бауыржан Момышұлы Қазақ КСР-нің Қарулы Күштерінде әскери қызметтерді атқарады. 1948 жылы Генералдық штабтың әскери академиясын аяқтады. 1950 жылдан бастап «Тыл және Кеңес Армиясын қамтамасыз ету» әскери академиясында аға оқытушы болып қызмет етті. 1955 жылдың желтоқсанынан бастап запастағы полковник Бауыржан Момышұлы Қазақ КСР Жазушылар одағының мүшесі болды.

12-оқушы: – Бүгінде Ұлы Отан соғысы майданында аты шыққан Бауыржанның туындыларымен оқып танысып жүрміз. Оның қаламынан туған, өмір шындығын арқау еткен тамаша романы мен әңгімесі, повестері қалың оқушының іздеп оқитын шығармаларына айналды.

13-оқушы: – Мен кім едім, мен едім,
Мен де – мыңның бірі едім,
Қызықпай баққа, атаққа,
Адал еңбек ұлы едім.
Қызмет еткен халыққа,
Ақ ниет мыңның бірі едім,
Атақсыз солдат бірі едім,
Ата аруағы қолдады,
Адал еңбек еткен соң.
Панфиловтан бата алдым,
Жау қаһарын төккен соң.
Артыма ерді мың солдат,
Тағдырын маған тапсырып,
Раузаға жеткен соң.

14-оқушы: – Бауыржан Момышұлы – «Офицердің күнделігі», «Бір түннің тарихы», «Артымызда – Мәскеу» әңгімелерінің, генерал И.В.Панфилов туралы «Біздің генерал» өмірбаяндық повесінің, «Біздің отбасы» атты повестер мен әңгімелер жинағы кітабының авторы. «Біздің отбасы» туындысы үшін 1976 жылы Қазақ КСР-нің Мемлекеттік сыйлығына ие болды. 1965 жылы «Кубалық кездесулер» атты очерктік шығармасын жазды.

15-оқушы: – Бауыржан Момышұлы – туған халқының ілгерішіл, өміршең дәстүрінен тәлім алған, «атына тұрман болсам деп, жұртыма құрбан болсам» деп қалтқысыз қызмет еткен ойлы азамат. Бауыржан Момышұлы тіл туралы толғанған? тебіренген ұлт зиялыларының бірі.

1-оқушы: – Мен қазақпын жаралған сүйек, еттен,
Менде ар бар, менде ой бар жан тебіrentкен.

Халқымның қарапайым бір ұлымын,

Жанымды арым үшін құрбан еткен.

2-оқушы: – ...Қазақ тілі – ... өткірлігімен бой балқытып, тамыр шымырлатып, жан жүйенді жандырып, құлақ құрышын қандырып, ұғымыңа қонымды, жүрегіңе тиімді ... қысылтаяң қатал жағдайда қайрап, егеп (сөз тапқанға қолқа жоқ) дегендейін ерге, елге медет болып, адам түгілі жағдайдың көмейіне құм құйып, ауызын аштырмай, үнін шығармай қоятын тіл.

3-оқушы: – Бауыржан Момышұлының айтқан отты да ойлы нақыл сөздері кейінгі жас ұрпақтың бойында Отанына, еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін оятып, патриотизмге баулиды.

4-оқушы: – Абыройлы анаң да – Отан, асқар таудай әкен де – Отан.

5-оқушы: – Ағаш өскен жерінде көрікті, адам туған жерінде қадірлі.

6-оқушы: – Ер бақыты – ел қолында, ел бақыты – ерлер қолында.

7-оқушы: – Ой жетпейтін жер болмайды.

8-оқушы: – Отан үшін отқа түс – күймейсің.

9-оқушы: – Ерлік – елдің қасиеті,

Жүректілік – жігіттің қасиеті.

10-оқушы: – Бауыржан Момышұлы – ең алдымен, Отанын сүйетін нағыз азамат, сұрапыл заманда шындалған қаһарман жауынгер, ер қолбасшы, рухани дүниесі бай, үлкен жүректі адам.

1990 жылы 11 желтоқсанда Кеңес Одағы құламай тұрып ел президенті Н.Ә.Назарбаевтың ұсынысымен «Бауыржан Момышұлына Ұлы Отан соғысында атқарған орасан зор еңбегі үшін «Кеңес Одағының Батыры» атағын тағайындау туралы» жарлық шықты. Ел тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың жарлығымен Бауыржан Момышұлына «Халық қаһарманы» деген атақ берілді.

Қорытындылау.

ҚОШ БОЛ, ҚҰТТЫ ӘЛІПШЕМ!

Мақсаттары: білімнің сара жолы мектептен басталатынын, білімнің кең дүниеде өмірге есік ашатынын сезіндіру. Білімге деген құштарлығын арттыру, білімді болуға шақыру. Ақыл-ой өрісін дамыту. Бірлікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Ертеңгіліктің өтуі: 1. Ұйымдастыру; 2. Негізгі бөлім.

Мұғалімнің сөзі: – Сүйікті шәкірттерім! Сендерді бар ғылымның беташары – әліппені табысты аяқтауларыңмен құттықтаймын. Әліппені аяқтау – барлық әріптердің таңбасын тану, білім сарайының есігін ашу деген сөз. Мен шәкірттеріме ризамын және шәкірттерімнің осындай жетістікке жетуіне ата-аналардың қосқан үлесі зор. Сондықтан да құрметті ата-аналар, сіздерге де айтар алғысым шексіз. Қазір біз осы уақытқа дейінгі алған білімдерімізді ән-күймен, өлеңдермен, жұмбақ, мақал-мәтелдермен өрнектеп, өнерімізді ортаға салайық.

1-оқушы: – Бүгін біздің қуанышымызда шек жоқ. Өйткені біз тұңғыш рет сауатымызды ашқан «Әліппені» бітірдік.

2-оқушы: – Біз енді өзіміз-ақ кез келген сөздерді, сөйлемдерді, тіпті қызық әңгімелерді бөгетсіз оқи аламыз.

Мұғалім: – Олай болса, балалар, мен сендерге сұрақ қоюдан бастайын, сендер соған жауап айтыңдаршы.

- Іші толған әріпке, Білімдіге жарық не?

Хормен: – Болашаққа жол ашар, Ол – сүйікті «Әліппе!»

Мұғалім: – Олай болса, бәрімізге ең қымбат Әліппені ортаға шақырайық.

Оқушылар: – Әліппе, Әліппе, Әліппе!

Әліппе: – Сәлеметсіңдер ме, құрметті ата-аналар, ұстаздар, оқушылар! Мерекелеріңіз құтты болсын! Мені жақсы меңгердіңдер, таза ұстадыңдар, өздерің оқып, жаза алатын болдыңдар. Сендер менімен ғана достасып қоймай, сонымен бірге математика, дүниетану оқулықтарымен де таныстыңдар.

Ән: «Әліппе».

3-оқушы: – Әр күнім алып келер жаңалықты,
Тоқимын оқып, біліп жаңа әріпті.
Ұстазымның тынымсыз еңбегімен,
Жаным да сағат сайын жаңарыпты.

4-оқушы: – А-ны айтқанда дауысым дірілдейді,
Ұстазым көз алдымда күлімдейді.
Күн сайын әріптердің атын біліп,
Сөз оқимын айырып, буынды енді.

Ән. «Ұстазым».

Мұғалім: – Төтеп беріп сынға, Қайыспаған ауырға,
Адал болып досына, Бас имеген жауына,
Елдің аты кім?

Оқушылар: – Қазақ елі.

Мұғалім: – Таулары бар ең биік, Даласы бар – жерұйық
Бұл қай ел?

Оқушылар: – Қазақстан.

Мұғалім: – Қазақстанның астанасы қай қала?

Оқушылар: – Астана.

1-жүргізуші: – Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден
балаға,- деп Абай атамыз айтқандай, ұстазымыз жыл бойы
білім нәрімен сусындатты. Хат танып, еңбек етуге жетеледі.
Әдептілікке үйретті. Сондықтан да алғашқы ұстазымызға мың
алғыс айтып, басымызды иеміз!

2-жүргізуші: – Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да,
тілінен бал тамған ақын да, егін салып, мал бағып, терін төккен
шаруа да, көкті шарлаған ғарышкер де – бәрі, бәрі ұстаздардан
білім, тәрбие алған.

Ән. «Ақылшым - ұстазым».

Мұғалім: – Ал, балалар, келесі кезекті мақал-мәтелдерге
берейік. *Көрініс: «Әке мен бала». Сынып оқушыларының орын-
дауында вальс.*

Мұғалім: – Бүгінгі кеш – әр үйдің той басы деп саналар,
Балалардың есімі әулеттерге таралар.
Ырым етіп, сондықтан ертеңгілік соңында,
Ақ тілекпен баршаға тілек айтар қонақтар.

Айм САРСЕНБАЕВА,
«Бота» балабақшасының
«Қаламқас» тобының тәрбиешісі.
Алматы облысы,
Қарасай ауданы,
«Үшқоңыр» ауылы.

ДОСТЫҚ ӘЛЕМІ

Мақсаты: достық ұғымын, оның құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру.

Міндеттері: достық, татулық, бірлік ұғымдарын түсіндіру; өзара татулық сезімдерін дамыту; достықты қадірлей білуге тәрбиелеу.

Заттың дамыту ортасы: Хрестоматия және суреттер, музыка, плакат, жүрекшелер.

Әрекеттер кезеңі.	Тәрбиешінің іс-әрекеті.	Баланың іс-әрекеті.
Мотивациялық қозғалыс.	Шаттық шеңбері. - Балалар, мен сендермен кездескеніме қуаныштымын. Кең, жарық, әдемі бөлмеде жиналып отырмыз. Шеңберге келіп тұрайық. Енді, барлығымыз мына өлең жолдарын бірігіп айтайық.	Достарды біз қолдаймыз, Қиын шақта қорғаймыз. Біздің топта ұл-қыздар Тату-тәтті ойнаймыз.
Әңгімелесу.	Балаларға <i>«Жаман жолдас» әңгімесін түсіндіріп айту.</i> <i>Екі адам келе жатып, бір аюға кездесіпті. Олардың біреуі әлсіз, ауру екен. Аюды көрген кезде сау адам ауру жолдасын тастап, бір ағаштың басына шығып кетіпті. Ауру, әлсіз адамның ағашқа шығуға дәрмені болмайды. Ол жерге етпетінен түсіп, өлген кісідей, дем алмастан, жата береді. Өйткені аю өлген кісіге тимейді екен. Аю жатқан адамның қасына келіп, иіскелеп, дыбысы білінбеген соң, жөніне кетеді.</i>	

	<p><i>Аю кеткен соң, жолдасы қайтып келіп, ауру жолдасынан сұрапты:</i></p> <p><i>-Достым, аю құлағыңа не сыбырлап кетті? – деп. Сонда ауру адам тұрып:</i></p> <p><i>- Аю құлағыма: «Екінші рет тар жерде жолдасын жау қолына тастап кететін, өзінің ғана басын қорғайтын адаммен жолдас болма» деді, - депті.</i></p>	
	<p>Сұрақ-жауап:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Екі достың қайсысының іс-әрекеті дұрыс болды деп ойлайсыңдар, балалар? 2. Досынды қиындықта тастап кетуге бола ма? 3. Ағаш басындағы досы ауру досынан «құлағыңа аю не деп сыбырлап кетті?» деп сұрайды? 	<p>Балалардың жауаптары.</p> <p>- Жок, әлсіз досын тастап кетуге болмайды, оған қамқор болу керек.</p> <p>- Ауру досы жолдасына аю маған: «Екінші рет тар жерде жолдасын тастап кететін адаммен дос болма» деп айтты,- деді.</p>
Дәйексөз.	<p>«Дос – бәрінен де қымбат» мақалын сабақтың дәйексөзі ретінде түсіндіреді.</p> <p>Достар - қиналғанда қол ұшын беретін, алыста жүрсе сағынатын, қолындағысымен бөлісетін, үнемі бірге жүріп, қуаныштарын бөлісіп, қиналғанда бір-бірінің жанынан табылатын адамдар.</p>	
Сергіту сәті.	<ul style="list-style-type: none"> - Екі көзің не үшін керек? - Жаксыларды көру үшін. - Екі қолың не үшін керек? - Елге көмек беру үшін. - Жүрегіміз не үшін керек? - Ешкімнен де қаймықпау үшін. - Екі құлақ не үшін керек? - Ақыл-кеңес тыңдау үшін. - Тілім мен жағым не үшін керек? - Ақиқатты айту үшін. 	
Ойын.	<ul style="list-style-type: none"> - Жаксы, балалар, орындарыңа отыра қойыңдар. - «Достық неден басталады, достыққа не жарасады?». - Балалар, менімен келіссендер «иә» деп қол шапалақтаңдар, келіспесендер шапалақтамаңдар. 	

	<p>- Достық танысудан бастала ма?</p> <p>- Достыққа қамқорлық жараса ма?</p> <p>- Достық төбелестен бастала ма?</p> <p>- Достыққа мейірімділік жараса ма?</p> <p>- Достық ренжісуден бастала ма?</p> <p>- Достыққа адалдық жараса ма?</p> <p>- Достық күлуден бастала ма?</p> <p>- Достық мазақтағаннан бастала ма?</p> <p>- Достыққа татулық жараса ма?</p> <p>- Достық ұйымшылдықтан бастала ма?</p>	<p>«иә»</p> <p>«иә»</p> <p>«жок»</p> <p>«иә»</p> <p>«жок»</p> <p>«иә»</p> <p>«иә»</p> <p>«жок»</p> <p>«иә»</p> <p>«иә»</p> <p>«иә»</p>
	<p>- Достыққа ауызбірлік жараса ма?</p> <p>- Достық бірліктен бастала ма?</p> <p>- Достыққа сүйіспеншілік жараса ма?</p> <p>- Балалар, қандай тамаша! Достық әлемінде шынайы, адал, достыққа жарасатын құнды қасиеттермен таныстық.</p>	<p>«иә»</p> <p>«иә»</p> <p>«иә»</p>
	<p>(«Ақ көгершін» әні орындалып тұрады)</p> <p>-Балалар, мынау біздің әдемі достық ағашымыз. Біздің тақырыбымыз «Достық әлемі» болғандықтан достық ағашына, бір-бірімізге жылы тілектер айта отырып, көгершіндерімізді қондырайық.</p> <p>(Баяу әуен ойналады).</p>	<p>Балалар өздері біртіндеп барып, көгершіндерді достық ағашына қондырады.</p>
Тыныштық сәті.	<p>- Балалар, денелеріңді түзу ұстап, бастарыңды көтеріп, ыңғайланып отырындар.</p> <p>Ауаны терең жұтып, еркін тыныс аламыз. Тыныс алуымызды бақылай отырып, бақытқа, махаббат пен тыныштыққа толы шипалы ауаның тұла бойымызға толғанын сезінесіңдер.</p> <p>Көздеріңді ашсаңдар да болады.</p> <p>«Достық шеңбері»</p>	<p>Балалар көздерін жұмып, тәрбиешінің айтқанын елестетеді.</p>
Шығармашылық, ұжымдық жұмыс.	<p>- Енді, балалар, алақандарымызды түрлі- түсті бояуға салып, үлкен ақ қағазға бастырып шығайық.</p> <p>Қараңдаршы, қандай түрлі –түсті, үлкен, әдемі, жылы шеңбер пайда болды. Үнемі біздің достығымыз үзілмей, шексіз бола берсін.</p>	<p>Біртіндеп барып шеңберге қол таңбасын түсіреді.</p>

Ғажайып сөздер.	Осы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімізде айтып үйренген өнегелі сөздерді қайталап айтып жіберейік. 1. Шынайы достық қуаныш әкеледі. 2. Адал достар үнемі бір-біріне көмекке дайын болады.	
Қорытындылау.	3. Достарың көп болсын десең өзің жақсы бол. - Біз «Өзін-өзі тану» әлемінің «Достық» аялдамасында көптеген жақсы қасиеттермен таныстық. Ол жақсы қасиеттер бір-бірімізбен татулыққа, достыққа, түсінушілікке, бірлікке, кешіруге үйретті.	
Жүректен-жүрекке.	Жүректен-жүрекке шыққан жылы лебізімізді білдіру үшін шеңберге келіп тұрайық. Е. Өтетілеуовтың өлең жолдарын айтайық.	
	- Келген қонақтарға рахмет! Балаларамыз кішкене жүрекшелерді сый ретінде сіздерге сыйға тартсын. Сау болыңыздар!	Балдырған баламыз, Досты көп табамыз. Қашан да, қайда да, Достар, бір-бірімізге Сенімді боламыз. Екі деген - екі дос, Бірін-бірі қимайтын. Артық-кемді етпей сөз, Бірін-бірі сыйлайтын.



Дәмеш ТОҒАЙБАЕВА,
Алматы қаласындағы
№166 «Арман» бөбекжай
балабақшасының тәрбиешісі.

ЖАН АНА

(Мектепке даярлық тобының іс-шарасы)

Тәрбиеші: - Құрметті қонақтар, аяулы аналар, әжелер және балалар! Бүгінгі аналарға арналған «Жан ана» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! Сіздерді Халықаралық әйелдер мерекесі-

мен құттықтап, бақыт, шаттық, береке, бірлік тілейміз!

Қабағыңа қараған,
Көңіліңді таба алған.

Ең ақылды адам да
Ол – өзіңнің жан анаң.

«Көгершін» тобының «Жан ана» атты сіздерге арналған іс-шарамызды бастауға рұқсат етіңіздер.

1-жүргізуші: - Ассалаумағалейкум, уа халайық!

Армысыздар, аналар,
Бармысыздар, балалар!
Сөзіме құлақ салыңыз,
Бір серпіліп қалыңыз.
Аналарға арналмақ
Бүгінгі ән-жырымыз!

2-жүргізуші: - Аналалардың құрметіне «Анашым» әнін қабыл алыңыздар, орындайтын – хор.

Тәрбиеші: - Кеңсің дала, туған ана,
Көйлегің кең, көк ала.
Жан беретін, тән беретін
Мейірімді ана – сен ғана!

Балалардың сіздерге арнап жасаған сыйлығын қабыл алыңыздар.

1-жүргізуші: - Тиіп кетсе жырлаған,
Дауысы көпке ұнаған.

Ендігі кезекте ұлдардың «Домбыра» биін қабыл алыңыздар.

2-жүргізуші: - Балалар анаға арналған өлеңдерін оқуға дайын тұр. Халайық, балалардың жатқа айта білу өнерін тамашалайық.

Бекзат: - Анам менің, ақ мамам,
Мен де өзіңдей ақ балаң.
Айтқан тілді аламын,
Жұмсағанда барамын.
Ақ төсекке жатқызсаң,
Көзімді жұма саламын.

Рахат: - Өлең айтып беремін,
Нан да алып келемін.
Өйткені мен анамды
Өте жақсы көремін.

Елжас: - Анаң – күнің, жүрегің,
Әкең – өмір тілегің.
Әжең – асыл ардағың,
Атаң – дана қорғаның.
Ағаң – қамқор асқарың,
Інің – мөлдір аспаның.

Фариза: - Үлкенмін ғой мен енді,
Жудым бүгін еденді.
Аналарға арналған
Жаттап алдым өленді.

Дидар: - Баланың да тірегі,
Дананың да тірегі.
Шаншымасын ешқашан
Аналардың жүрегі.

Аяжан: - Тіс ауырса, іш ауырса,
Шешем дәрі береді.
Барлық ана, барлық бала
Оны жақсы көреді.

1-жүргізуші: - «Әнді сүйсең – менше сүй» деп ұлы Абай атамыз жырлағандай, келесі кезекте Жания қыздарыңыздың орындауында «Анашым» әні, қабыл алыңыздар.

Тәрбиеші: - «Балаңды жұрт мақтаса, бәрінен де сол игі» деген. Енді, балалар, «Бантик байлау» ойынын ойнайық.

(Екі ұл, екі қыз шығады. Берілген бантикті екі қыздың шашына тағады. Ұлдарымыз бантикті жылдам әрі әдемілеп тағудан жарысады).

2-жүргізуші: - Мәди, сен «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» деген мақалды білесің бе?

1-жүргізуші: - Иә, мен білемін, олай болса «Әжелерге көмек» көрінісін көрсетейік.

Екі жақтан үш бала тез жүріп келіп бір-бірімен амандасады.

- Бекзат, қайдан келесің?

- Тойдан келемін.

- Әлібек, қолыңдағы не?

- Ол – жұмбақ, мен жасырамын, өзің тап. Бүк түсті, шік түсті,

Алшы тұрды, тәйке тұрды. Шеше аласың ба сен бұны?

- Иә, ол асық екен ғой, кел, ойнайық.

Осы кезде әже келе жатады, қолында ауыр сөмкесі бар. Әженің келе жатқанын көрген Самғат жүгіріп келіп:

Алдан әже жолықса, Бөгелем кеп әдейілеп.

Сәлем берем сол тұста. «Есенсіз бе, әжей» деп.

Әже: - Амансың ба, шырағым!

Самғат: - Әже, сөмкеңізді маған беріңіз, мен жаяу жүргінші жолымен бағдаршамнан өткізейін.

Әже: - Ата-анаңның көзі бол,
Сөнбейтұғын нұры бол.
Кім болсаң да әйтеуір,
Бірліктің туын көтерер
Адамзаттың бірі бол,
Туған елдің ұлы бол!
Көп-көп рахмет, балам.

Самғат: - Сау болыңыз, әжей (Балаларға қарап айтады).

Сүйкімді бала атанғын,
Сүйсінткің келсе кісіні.
Жіберме үлкен қателік,
Жәбірлей көрме кішіні!

Үшеуі бірге: - Анадан артық дос бар ма?

Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет.

2-жүргізуші: - Енді, барлық балалар хормен «Тэй-тэй» әнін орындап береді.

1-жүргізуші: - Тақпақтарға кезек берейік.

Еркін: - Кигіземін өзім киімін,
Әкеліп беремін таяғын.
«Әже, қайда барасың?» деп
Сұрап та қоямын.

Ол қаласа әр гүлге
Апарамын жетектей
Орындаймын бәрін де
Айтқан ісін екі етпей.

Нәзік: - Мені жақсы көреді,
Күндей күліп келеді.
Көп ертегі біледі,
Маған айтып береді.

Мейрамбек: - Қанша бала, қанша қыз,

Бір шоқ гүлміз – баршамыз.

Ойын-күлкі ордасы –

Біздің балабақшамыз.

2-жүргізуші: - Мың бұралған бишіміз – Айдана кыздың үнді биін тамашалаңыздар.

1-жүргізуші: - «Көктем келді, шуағы құбылалы,
Мың құлпырып қызғалдақ құбылады» дей келіп, көктем мезгілін қарсы алайық.

Көктем келеді. Халық әні «Секіртпе», орындайтын – Әйгерім.

Тәрбиеші: - Көктем, біздің балаларымыздың өнерін тамашалаңыз.

Еркежан: - Бірге күліп, бірге жүрген Күнімізді қимаймыз.
Арнайы жасап сіздерге Гүлімізді сыйлаймыз.

Шамшинур: - Біз доспыз гүлдермен,
Текке оны жұлмаймыз.
Той күні бір-бірден
Аналарға сыйлаймыз.

Ән: «Жас дәуірдің түлегіміз», орындайтын – Еркін Саятқан.

Тәрбиеші: - Ойлы күлгін, сүп-сүйкімді бүлдіршін,
Келешекте кім боларын кім білсін?
Десек те біз ата-анасын әрқашан,
Тәтті осындай қылығымен сүйдірсін.

Қыздардың орындауында «Қуыршақтар» биін тамашалаңыздар.

2-жүргізуші: - «Анамызға мың алғыс» әні, орындайтын – хор.

1-жүргізуші: - Ананың, баланың
Сый толы құшағы.
Балпаңдап, томпаңдап
Балапандар ұшады.

Балапандар биін тамашалаңыздар.

2-жүргізуші: - Мен қазақ қыздарына қайран қалам,
Жанары, жаны жаздай жайраңдаған.
«Қыз өссе – елдің көркі» деген сөзді
Қапысыз қалай айтқан қайран бабам.

Гүлдей жайнап құлпырып жүрсін деген ниетпен қыздарға сыйлық берейік.

Ертеңгілік соңында балабақша меңгерушісі Роза Майданқызына және аналарға сөз кезегі беріледі.

Эльмира АБДРАМАНОВА,
Т.Ибрагимов атындағы
жалпы орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКТИҢ ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЛАРЫ МЕН ҰСЫНЫСТАРЫ

XXI ғасыр тарих сахнасына жаһандану ғасыры болып енді. Ол әлемнің тұтастығын, өзара байланысын, өзара тәуелділігін, өзара икемділігін қоғамдық санаға сіңірді. Шындығында, бұл үдеріс бүкіл әлемді бір қалыпқа салу емес, біріктіру, топтау, әр текті ұлттық, діни, саяси мүдделер мен өркениеттердің ықпалдасуы болып табылады. Қазіргі таңда «көлік, коммуникациялық және ақпараттық технологиялар негізінде кеңістік барынша тығыздалынып, уақыт жеделдетіледі. Аяқ жетпейтін алыс жақындап, күдікпен қарайтын жатқа бой үйренді. Мерзім өлшемі де өзгерді, бұрын күндер, айлар, жылдарды талап ететін іс-әрекет енді қас-қағымда жүзеге асатын болды. Мемлекетаралық байланыстар тереңдеді» [1]- деп жазады ғалым А.Айталы.

Адамзатқа бірлесуден, ықпалдасудан өзге жол да қалмады. Десек те, жаһандану көптеген мемлекеттердің тәуелсіздігіне, ұлттың мемлекеттігіне қауіп төндіруде. Бұл проблема өзіміздің зиялы қауым өкілдерін де толғандыруда. Себебі, Ө.Жәнібектің пікіріне сүйенсек, «имандылықтың адам бойында ұлттық нышанды дүниежүзілік рухани қазынамен ұштастыру арқылы қалыптасатыны мәлім. Ал біздегі тәлім-тәрбие көп жылдар бойы ұлттық ерекшеліктерді, баланың өсіп-жетілетін ортасындағы хал-ахуалды ескере бермегендіктен, бір жағынан, жеткіншек ұрпақтың ұлттық сана-сезімінің оянуына түрткі бола алмаса, екінші жағынан, оның жалпы дамуына пәрменді әсер ететін, оның жан дүниесін

байытатын, ұлттық тарихты зерттеп білуге, мәдени мұраны, халық дәстүрлерін игеруге ынталандыратын, өнер туындыларына құштарлығын арттыратын, ізгілік қасиеттерді қалыптастыратын іс-әрекеттер мүлдем жоқтың қасында болады. Жастардың едәуір бөлігінің тарихты, ана тілін білуге ден қоя бермейтіні, ізгі салт, әдет-ғұрып, ұлттық дәстүрлерден беймағлұм болып өсетіні де, міне, осыдан» [2, 104-б.]

Өзбекәлі Жәнібектің пікірін социолог-ғалым М.А.Ертаев та қолдап, адамның өзі қолдан жасаған өркениеттің адамзатты өзінің көлеңкесіне айналдырғаны жайлы: «Тарихи жолмен қалыптасқан дәстүрлердің, адамгершілік құндылықтардың құлдырай бастауы - Батыста пайда болып, дамып, әлемге тараған техногендік өркениеттің нәтижесі. Бірақ техногендік өркениеттің нәтижелеріне біржақты қарауға болмайды», - дей отырып, оның өркениеттің даму заңдылығынан туған, адами қоғамның алға жылжуының алғышарты екенін айтады: «сонымен бірге өркениетті жасаған адам көлеңкеде қалып қойды. Ол мақсат емес, мақсатқа жеткізуші күш болып қалды. Бұл санада қалыптасқан дәстүрлі мәдениетті өзгертті. Өзінің ақыл-ойы мен еңбегінің арқасында қол жеткізген табыстарымен өзіне зиян келтірді. Адамдар өз білгенін қанағат тұтпай, «өзгені» білсем деп алға ұмтылуда» [3, 293-б.]. Бұл проблемаға бүгінгі таңдағы жаһандану үдерісін қоссақ, ұлтымыздың болашағы кез келген азаматты алаңдататыны анық.

Өзбекәлі Жәнібек ұлттық идеология жайлы жазған жазбаларында мемлекет атынан жүргізілетін ұлттық идеологияға былай деп анықтама береді: «Идеология деп отырғанымыздың өзі белгілі бір қоғамның өмірлік мүдделерін білдіретін әлеуметтік сана, саяси, құқықтық, пәлсафалық, моральдық, сезімталдық және діни көзқарастардың мөлшері» [4, 148-б.]. Соңғы кезде баспасөзде, зиялылар арасында ұлттық идеология туралы көбірек пікір айтылуда. Бұл оның кез келген жағдайда қоғамның озық ойлы күштерін біріктіруде маңызды рөл атқаратындығымен байланысты болса керек. Бірақ ұлттық идеяны әсіре ұлтшылдықпен шатастыруға

болмайды. Қазақстан сияқты көпұлысты жас мемлекеттің алдына қойған негізгі міндетін, мақсатын жүзеге асыруда оның төңірегіне халықты топтастыру үшін де ұлттық идеология қажет. Кезінде «ұлттық идеологияның қағидаттарын Қазақстандағы ұлттық демократияның көсемдері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатовтар да пайдаланған» [5]. Бірақ кеңес үкіметі тарапынан оларға нақақ жала жабылып, «ұлтшыл», «халық жауы» деген айыптар тағылып, асыл азаматтарымыз өздері бастаған ұлы істі аяқтай алмай мерт болуы сол кездегі кеңестік идеология жауыздығының айғағы еді.

Ө.Жәнібек комсомол-партия қызметінде жүрген кездің өзінде идеологиямен тікелей айналысты. Мемлекеттік саясатқа сәйкес ол кезде жан-жақты дамыған, оның ертеңгі күні өсіп келе жатқан жас ұрпақтың саналылығы неғұрлым жоғары болса, коммунистік құрылыс жоспарларының солқұрлым ойдағыдай жүзеге асырылатыны сөзсіз. Ендеше, жаңа адамды тәрбиелеу – партияның, коммунистік құрылыстағы басты міндеттердің бірі. Оны дәйектілікпен шешуге әрбір партия ұйымы, өндірістік ұжым өзінің үлесін қосуға тиіс» [6, 35-п.],- дейді «Комсомолдың пәрменділігі – партия басшылығында» деген мақаласында. Дегенмен, Ө.Жәнібек іскер, саясаткер, басшы ретінде жастармен идеялық-тәрбиелік жұмыстар жүргізу барысында ұлттық салт-дәстүрлерді жаңартып, байытып, сол кезеңнің саясатына бейімдей білді. Мысалы, «Жастарды ерлікке баулу - қасиетті борышымыз» атты мақаласында: «Біздің идеялық-тәрбие жұмыстарымыз форма жағынан көңілге қонымды, мазмұны жағынан мәнді болуға тиіс. Соңғы жылдары Қазақстан комсомолы жас ұрпақты патриоттық ерлік дәстүрлеріне тәрбиелеуде бірқатар тәжірибелерге ие болды. Жұмысшы сапына тұру, шопандар қауымына қосылу, кәмелетке толған күн, комсомолдық той, жастардың еңбек мерекесі, оқуға, Совет армиясының қатарына салтанатты түрде шығарып салу сияқты, т.б. көптеген істер, азаматтық әдет-ғұрыптар, ритуалдар комсомолдың күнделікті практикалық жұмысынан берік орын

алып отыр» [7, 9-п.], - деп жазады. Сонымен бірге жаңа дәстүрлерді өмірге енгізу - ескі дәстүрді ұмыту деген сөз емес, оны заман талабына сай етіп жандандыру, ұлттық нақышын жоғалтпау қажет екендігін үлкен трибуналардан айта білді. Сөзімізге дәлел келтірейік. Қазақстан комсомолының XII съезінде жасаған есеп беру баяндамасында былай дейді: «Сонымен бірге кез келген жаста істің өз проблемасы болады. Кейбір қызметкерлер ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрді жаңа сценарий бойынша ауыстыра салуға болады деп ойлайды. Жоқ, құрылысшылар біледі, жаңа дәстүрді «шөлден емес», халықтың ақыл-ойы мен сан ұрпақтың тәжірибесі негізінде қалыптасқан салт-дәстүрдің інжу-маржанынан теріп алуымыз керек» [8, 29-30-п.п.].

Ө.Жәнібек жастарға идеялық-эстетикалық тәрбие беруде көптеген қиындықтардың кездесетінін, тек қана комсомол ұйымының бастамасымен жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу мүмкін еместігін, шығармашылық одақтардың көмектесуі қажет екендігін айтып, мынадай мысал келтіреді: «Мен жақында Оңтүстік Қазақстан облысы, Қызылқұм ауданында бір мектепте комсомол жастардың кешіне қатыстым. Кештің басынан аяғына дейін «Ақмандайлым», «Ақсұңқарым», «Ақтамақ», «Ақерке», «Махаббат түні», «Махаббат вальсі» сияқты махаббат жайлы әндер шырқалды. Бұл әндердің кереметтігінде сөз жоқ. Бірақ мектеп оқушыларының кештерінде тек махаббат әндерінің орындалуы дұрыс емес қой. Кеш соңынан ұйымдастырушыларды жинап, осы жайлы айтқанымда, олар: «Б.Байқадамовтың «Комсомолдар жырын» кештің басында айттық, басқа әндер болмаса не істейміз? Сіз композиторларға сәлем айтыңызшы, біз олардан жақсы патриоттық әндерді күтеміз» деді. Сол сияқты жазушылар, суретшілер, кинематографистер одақтары, «Қазақфильм» киностудиясы, жастар сіздерден патриоттық сезімге баулитын бүгінгі күннің батырлары жайлы әдеби шығармалар, суреттер, кино туындыларын күтеді дегіміз келеді» [9, 11-12-п.п.].

(Жалғасы бар).

Бас редакторы - Зернебек ШЛДЕБАЙҰЛЫ.

“Ұлағат” - екі айда бір рет шығатын республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылым.

Құрылтайшы және шығарушы: “Қазақ тілі мен әдебиеті” және “Ұлағат” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың тамыз айының 25-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №6552-Ж Куәлігі берілген.

Басуға 08.06.2012 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 9.0.

Есептік баспа табағы – 8.68. Таралымы – 480.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75821.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер: 256-06-46. Факс: 256-13-41.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

Басылатын жері – «Хай Текнолоджи» полиграфиялық кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ
И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА
С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
“ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ” ЖӘНЕ “ҰЛАҒАТ”**

© «Ұлағат», №3, 2012 ж., 144 бет, Алматы.